

Жоғары

білім



Бекжігіт Сердәлі

ҚАЗІРГІ ГАЗЕТ ЖАНРЛАРЫ

Оқу құралы

**Бекүкігіт СЕРДӘЛІ**

# **КАЗІРГІ ГАЗЕТ ЖАНРЛАРЫ**

*Оқу құралы*



Алматы 2011

УДК 070 (075.8)  
ББК 76.02я73  
С 37

*Оқу құралы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдар мамандықтары Секциясымен басып шығаруға ұсынылды (№ 2 хаттама, 2010 жылдың 15 маусымы).*

*Оқу құралы 2010 жылғы «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының қаражатына басылды*

**Пікір жазғандар:** **Қ. С. Ергөбек**, филология ғылымдарының докторы, профессор;  
**Ғ. Ж. Ибраева**, филология ғылымдарының докторы, профессор;  
**С. А. Жолдасбекова**, филология ғылымдарының докторы, профессор.

**С 37 СЕРДӘЛІ Б.**  
**Қазіргі газет жанрлары /Оқу құралы/. – Алматы:**  
*«Нұрлы Әлем». 2011. – 200 б.*

**ISBN 978-601-205-189-6**

Оқу құралы қазіргі мерзімді баспасөзде жиі көрініп жүрген жанрлардың жаңа сипатын, олардың түрленуін, мазмұны мен формасын зерттеуге негізделген. Жанр теориясына, пішіндеріне қатысты тың ойлар мен тұжырымдар келтірілген.

Кітап жоғары оқу орындарының студенттері мен болашақ журналистерге арналған.

УДК 070 (075.8)  
ББК 76.02я73

**ISBN 978-601-205-189-6**

© Сердәлі Б., 2011.

## КІРІСПЕ

Дүниежүзінде, оның ішінде Қазақстан да бар, ақпарат әлемінде ірі өзгерістердің белең алып келе жатқаны жасырын емес. Жаһандану үдерістерінен ешбір елдің саяси өмірі тыс қала алмайды десек, бұқаралық ақпарат құралдары да сол дүрмекке еріксіз ілесуде. Қоғамды тұтастай ақпарат билеп отыр. Интернет пен ақпараттық коммуникация күнделікті өмір тіршілігімізге айналды. Ел ішіндегі оқиғаны сол күні, сол сағатта көріп, тыңдай алатын халге жеттік. Осының барлығы, сөз жоқ, *қазақ баспасөзінде де ақпараттық-талдамалы жанрлар формаларын жетілдіріп, дербес пішіндерінің пайда болуына әкеліп соғуда. Заман талабына сай көлемі жағынан ықшамдалған, бір-біріне сіңісіп, өзара жымдасқан жаңа жанрлар пайда болды. Бірнеше жанрлардың сипатын қатар көрсете алатын туындылар жазыла бастады. Керісінше, жанр ішінен жаңа пішіндер пайда болып, ақпаратты түрлендіріп беру мүмкіндігі кеңейе бастады.*

Ақпарат дегеннің өзі не? Ақпарат – латын тілінде «informatio» – мәлімет, түсініктеме деген мағынаны береді. Ақпаратқа қатысты әлем ғалымдары арасында талай пікірталастар өрбігенімен, бір ізді етіп белгіленген тұжырымдама әзірге анықтала қойған жоқ. Әр сала қызмет түріне сәйкес «ақпаратты» өзінше ұғынып, өз бетінше анықтама береді. Қалай десек те, бұқаралық ақпарат құралдарына қатысы бар ақпарат бүгінде демократияландыру үрдісінің басты өлшемдерінің біріне айналды. Қазақстан Республикасының «БАҚ туралы» Заңында ақпаратқа қатысты «тұлғалардың шектеулі топтарына арналған баспа, дыбыс-бейне және өзге де хабарлары мен материалдары» деген тұжырым берілген.

Оқу құралында қазіргі мерзімді баспасөзде жиі көрініп жүрген жанрлардың жаңашыл сипаты, олардың түрленуі, мазмұны мен формасы сөз болады. Жанр теориясына, пішіндеріне қатысты тың ойлар мен тұжырымдар келтіріледі.

# 1. ҚАЗІРГІ ГАЗЕТ ЖАНРЛАРЫНЫҢ СИПАТЫ

## 1.1 Газет жанрларының тудырушы факторлар

Газет жариялануының негізгі нысаны – өмір шындығын бейнелеу, журналистің көтерген мәселесіне, тақырыбына қалың бұқара назарын аудару. Егер біз өмір құбылыстарының қоғамдық мәнін, жеке адамдардың іс-әрекетін, ой-мүдделерін, қарым-қатынастарын, көңіл-күйлерін, тағы басқаларын бір ғана мазмұнмен, бір ғана формамен бейнелер болсақ, онда газет туындылары бір-бірінен аумайтын біркелкі жадағай, жалаң әрі жаттанды болып шығар еді. Сондықтан журналист адамдар арасындағы өзара байланыстардың, сезімдер мен көңіл-күйлердің, ішкі толғаныстардың әлеуметтік нысанын әр қырынан бейнелеу үшін түрлі формаларды таңдап алады. Бұл газетте тек, түр түрінде көрініс табады. Мұны біз «жанр» деп атаймыз.

Жанр (франц. genre – тек, лат. genesis – түр) – шығарманың тарихи қалыптасқан түрі. Оның негізіне қоғамдық маңызды ой-пікірлер, әлеуметтік-тарихи фактілер жатады. Жанр негізінен газетте қоғамның барлық саласынан ақпараттармен хабардар ету үшін нақты шығармашылық міндеттерді орындау мақсатында қолданылады. Мұндағы ең басты нәрсе – қандай аудиторияға арналып қызмет ететіндігінде.

Қазақ баспасөзі соңғы жылдары жанрлық сипатта түрленіп, толығып, өзгеруде. Ана тілімізде шығатын газет материалдарының мазмұны біршама байыды. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінің жанр ерекшеліктерін, түрлерін жаңаша зерттеп, зерделеп, соны көзқараста саралап отыру да ғалымдар тарапынан тоқтаған емес.

Қазақ мерзімді баспасөзі жанрларының теориясын қалыптастырған Т. Амандосов [1,2], Т. Қожакеев [3,4] сияқты ғалымдармен қатар Т. Ыдырысов, Ш. Елеукунов [5], Н.Омашев [6], М. Барманқұлов [7], Д. Ысқақұлы [8], Б.Жақып [9], Т. Бекниязов [10], Қ. Шамақайұлы [11] сынды

зерттеушілер де жанр сипаттарын ашатын біршама еңбектер жазды. Газет жанрларының теориясы күні бүгінге дейін мемлекеттік білім беру стандарттары бойынша еліміздің университеттерінің журналистика факультеттері мен бөлімдерінде оқытылып келеді.

Қазір кей әріптестер арасында мынадай жаңсақ пікір бар: журналист үшін ең маңыздысы – жақсы материал жазу, ал оның қандай жанрда болуы міндетті емес. Тағы бір пікір: публицистика жанры туралы нақты теориялық тұжырым жасау мүмкін емес, өйткені ол күн сайын түрленіп, өзгеріп отырады дегенге келіп саяды. Бұған әртүрлі зерттеушілердің ортақ бір шешімге келе алмай, жанрларды әрқалай түрлендіруін мысал етеді. Мұнымен келісуге болмайды. Біріншіден, жанр ретінде қалыптасып отырған мерзімді басылым жарияланымдарының тектері, теоретиктер мен практиктердің қаншалықты екіұдай пікірлеріне қарамастан, бәрібір форма түрінде өмір сүре береді. Өйткені автор төлтумасынан туған қайсібір шығарманың да, жазбагер болашақ шығармасының қандай мәтінде жазылатынын алдын ала жоспарлап, кесіп-пішіп алмақса да, белгілі бір дәрежеде автор еркінен тыс өзіндік сипаты пайда болады. Міне, осы сипаттар «жанр пішіндерін», ал түпкілікті жарияланым «жанрды» құрайды. Екіншіден, жанр журналистердің нақты кәсіби деңгейін анықтау үшін де қажет. «Наурыз тақырыбында жақсы материал жазып келіңіз» дегеннен гөрі, «Түркістанда өткен Наурыз тойынан репортаж жазып келіңіз» деген әлдеқайда нақтылықты талап етпей ме?

Сонымен, жазылған мәтінді қайсыбір жанрға жатқызуға болатын негізгі сипаттарды қалай байқаймыз? Ең алдымен, бұған журналистиканың түрлендіргіш құралдары, автордың өмір шындығын бейнелеу әдістері себепкер бола алады. Ал журналист үшін қоғамның кез-келген көкейтесті проблемалары, құбылыстары мен оқиғалары, адамның жеке тұлғасы мен болмыс-бітімі таптырмас тақырып. Бұларды біркелкі, жадағай беру мүмкін емес. Жазбагер қайткенде де мәтінді оқырманға жеткізу формаларын іздейді.

Журналистикада үш негізгі бейнелеу әдісі бар – *фактілі, талдамалы және көрнекілік-үлгілік*.<sup>1</sup> Бұлар субъектінің объектіні тану мүмкіндіктерін кеңінен қарастыруға жол ашады: әдепкі сезіну түйсіктерінен бастап абстрактілі, теориялық түйсінуге дейінгі (оның ішінде көркем образды ашу да бар) аралықты қамтиды. Алғашқы екеуі бір-бірінен кейіптеу нысанына тереңдей ену дәрежесімен айқындалса, үшінші әдіс журналистиканы көркем әдебиетпен жақындастырып, публицистикалық (кей ретте көркем де) типтендіру деңгейімен ерекшеленеді. Мұндай типтегі материалдар оқырманды шындықты білуге үндеп қана қоймай, бейнеленген оқиғаның эмоциональдық қырын да ашып көрсете алады.

Журналист шығармашылық қызметтерін жүзеге асыра отырып, шындықты танудың түрлі әдістерін пайдаланады: *эмпирикалық* (деректік), *теориялық және көркемдік*. Алғашқы топқа ең алдымен материал жинау әдістері кіреді (бақылау, зерттеу, әңгімелесу, сұхбаттасу, құжаттарды өңдеу, т.б.). Екінші топты танып-білудің жалпытеориялық әдістері (талдау, синтез, индукция, дедукция, аналогия әдістері, тарихи, логикалық, гипотикалық әдістер, т.б.) мен жинақталған материалды түйсінудің арнаулы (кешенді) әдістері (суреттеу, себеп-салдарлық талдау, бағалау, болжау, бағдарламалау, т.б.) құрайды. Үшінші топ ассоциация, шығармашылық қиял, метафоризациялау, метонимия, шабыттану, оксюморон (ішкі қайшылықтар), литота, гиперболау, генерализациялау, индивидуализациялау, т.б. әдістерге сүйенетін көркемдік-үлгілік жинақтауға негізделген.

Демек, жанр теориясы жай ғана ойдан шығарыла салған нәрсе емес екен, ол – газет жанрларының қалыптасу, даму тарихын, түрленіп, зерттелуін анықтап-білу, нақты жанрлар мен пішіндерді терең талдау, байыптау нәтижесінде қорытылған дүние.<sup>2</sup> Баспасөз тектерін жүйелеп, жанрларға бөлудің өзі функциялық және пәндік бірлікті салыстырмалы түрде дербес мүшелеуден барып шыққан. Егер бұлай болмаса жеке жанрлар қалыптаспаған болар еді.

Журналистиканың жанрлық ерекшеліктері туралы ұғымның қалыптасуының практикалық та мәні бар. Себебі ол, ең алдымен енді жаза бастаған журналистке, белгілі бір жағдайда нақты типтегі мәтінді жазу үшін бағыт-бағдар алуға мүмкіндік ашады.

### ***Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары***

*Мерзімді баспасөздегі тек, түр туралы ұғым. Жанр және жанр пішіндері. Журналистикадағы үш негізгі бейнелеу әдістері. Шындықты танудың әдістері. Баспасөз тектерін жүйелеу, жанрларға бөлу. Ақпараттық жанрларға икемделетін мерзімді баспасөздің типтері мен түрлері.*

### **1.2 Газет жанрлары туралы түсінік**

Қазіргі заман ағысы, шапшаң уақыт үрдісі енгізіп жатқан өзгерістер ендігі сәтте журналистерге дағдылы жайбасар қалыптан арылып, жаңаша ойлауды, қайсыбір тосын жайды да дөп тауып, лайықты түйін жасауды, тіпті, алда болар беймәлім өзгерістерге дайын отыруды талап етуде. Яғни, журналист еңбегі – ақпараттар ағынына, шығармашылық жаңалықтарға, оқырманды ойлантар тосын жайларға тәуелді еңбек болып отыр. Енді журналист қоғамдық пікірдің ұйытқысы болумен қатар, баспасөздің жаңа пішіндері мен жанрларын жете меңгеруі, оны өз шығармашылығында шебер қолдана білуі тиіс. Ал бұл әрбір журналистің тек өзіне ғана тән қаламгерлік ерекшелігін айғақтайды. Дегенмен, баспасөз жанрларын зерттеуші ғалым Т. Амандосов осыдан біраз бұрын айтқанындай: «оларға журналистік шеберлік тұрғысынан талап қоюға болғанымен, жанрлық ерекшеліктерді ұстанғанмен, – «олай емес, былай жаз» дегендей, «заң» не «ереже» ұсынуға болмайды» [1; 5-б.].

Жанр түрлерінің әрқилы болып келуі, олардың өмір сүру көріністерінің әр түрлі жақтарынан суреттеліп, түрлі мақсат, міндеттерге негізделуімен байланысты. Шығармашылықтың

қайсібір төгі де іштей жанрлық түрлерге бөлінеді және сол сала ерекшеліктеріне байланысты ұғымдарды қамтиды. Мәселен, көркем әдебиетте – проза, поэзия, драма т.б., кино өнерінде – комедия, мелодрама, фантастика, триллер т.б., саз өнерінде – соната, симфония, опера т.б., ғылыми шығармаларда – мақала, баяндама, диссертация т.б. болып жіктеліп жатса, баспасөзде – көсемсөз, хабар, корреспонденция, репортаж, сұхбат сияқты жанр түрлері қалыптасқан. Әрбір тек іштей тағы бірнеше жанрлық түрлерге бөлінеді.

Жалпы, жанр – нақты бір шығармашылық міндеттерді шешу үшін қолданылатын қайсыбір материалдарды ұйымдастыру формасы болса, кез-келген қызметтің астарында адамның түрлі қажетліктерін өтеу міндеті жатады: аудиторияға ақпарат жеткізудегі әлеуметтік қажеттілік; бұқараны мемлекеттік және зияткерлік тұрғыдан басқару қажеттілігі; қоғамдық пікірді қалыптастырудағы адамдардың дүниетанымын ояту қажеттілігі; адамдардың ақыл-санасына әсер ету қажеттілігі.

Журналистика ғылымында жанр мәселесі – аса күрделі проблемалардың бірі күйінде қалып отыр. Жанр туралы айтылған алғашқы пікірлерді б.д.д. IV ғасырлардан кездестіреміз. Сол дәуірлерде өмір сүрген белгілі теоретиктер жанр проблемасының күрделілігі туралы көп ойлар айтқан. 1904 жылы Санкт-Петербурда жарық көрген «Периодическая печать на Западе» атты жинақ орыс журналистері үшін жанр үлгілерінің алғашқы нұсқаларын ұсынса, XX ғасырдың басында әртүрлі басылымдарда жарияланған В. Владимировтың, Н. Иванов-Гарменнің «Логика фельетона», «Теория публицистики как предмет преподавания» сияқты зерттеулері жанр табиғатын бір ізге түсірудің, оның ғылыми теориясын жасаудың алғашқы қадамдары болды.

Қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштары І. Жансүгіров, Ғ. Байтасұлы, Қ. Кемеңгерұлы “Ақ жол” газетінде басылған “Кереге газеті жайлы көзқарас”, “Қазақ баспасөзінің тарихы туралы”, “Тілшілердің міндеті һәм мәнісі туралы” мақала-

баяндамаларында жанр пішіндерінің сипаты жайлы бірлі-жарым пікір білдіргенімен, публицистика жанрларының қызметін тереңдете зерттеу XX ғасырдың елуінші жылдарында ғана кең өріс ала бастады.

Жанр сипаттамасы туралы әр ғалым әрқалай пікір білдірген. Қазақ баспасөзінің жанрларын жете зерттеген ғалым Т. Қожакеев: «жанр дегеніміз – белгілі бір шығарманың көрініс табу формасы... Белгілі бір шығарманың, газет материалының өзіне ғана тән, өзін ғана ерекшелендіріп тұрған құрылымдық-композициялық, тілдік, стильдік, тағы басқа белгілерінің жиынтығы» [3; 24-б.] деп жазса, әдебиеттанушы-сыншы ғалым Д. Ысқақұлы: «жанр дегеніміз – «тек» пен «түрдің», тағы басқа түрлі көркемдік компоненттердің бірібіріне кірігіп, түрліше құрамда қолданылуы барысында пайда болған әдеби шығарманың тарихи қалыптасқан түрі» [8; 7-б.] деп баға береді. Екі пікір де өзара еншілес, сабақтас әдебиет пен журналистиканың типтері туралы толыққанды ұғымды бере алады.

Партиялық-кеңестік баспасөз жүйесінде жанр үлкен үш топқа жіктелді: 1) фактілерді үгіттейтін ақпараттық жанрлар: заметка, репортаж, сұхбат т.б.; 2) бұқаралық ұйымдастырушылық маңызға ие жанрлар: корреспонденция, мақала, рецензия т.б.; 3) социалистік нормалар мен идеяларды насихаттайтын көркем-публицистикалық жанрлар: очерк, суреттеме, фельетон, памфлет т.б.]

Кеңестік дәуірден кейінгі журналистикада жанрлардың көпшілігі елеулі өзгерістерге ұшырады. Мәселен, сұхбат қоғамдық проблемаларды ашық талдау үшін пайдаланылса, репортаж бен фельетон адамгершілік-ізгілік мәселелерді сараптауда таптырмас құрал болып отыр.

Кейінгі кездері жаңа технологиялық үрдістермен еркін ақпарат алмасу барысында пайда бола бастаған жарияланымдардың жаңа пішіндері арнайы жанр ретінде мойындалмаса да, олардың өзіндік мазмұндық-формалық белгілері қалыптаса бастады: болжам, түйткіл, мониторинг, компромат, парламенттік репортаж, журналистік зерттеу,

эксперимент, ақпараттық кескін, эпитафия, рейтинг, ойын, езуартар, жасырын жарнама, презентация, азнама, т.с.с. Бұлар да публицистиканың сипатты ерекшеліктерін құрайды.

Жанрлардың классикалық талаптары таптаурын формалардан айрыла бастады. Күн өткен сайын оның ақпараттық-талдамалылық-публицистикалық сипаттары бір-бірімен жымдасып, кірігуде. Шынайы құбылысты нақты бейнелеуі мен қысқа ғана түсініктемемен ақпаратты жеткізуі сияқты екі құрылымдық параметрлері ғана айнымай отыр. Дегенмен баспасөздің алдында тұрған міндетті атқаруға оның барлық жанрлары мен пішіндері түгелдей атсалысады.

### ***Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары***

*Жанр туралы түсінік. Баспасөз жанрларының түрленуі. Қазақ баспасөзінің жанрларын зерттеушілер. Партиялық-кеңестік баспасөз жүйесіндегі жанр. Жанрлардың классификациясы.*

### **1.3 Газет жанрларының өзге жанрлармен сабақтастығы**

Соңғы жылдары журналистика саласындағы бірқатар тенденциялар әдебиеттану, саясаттану, әлеуметтану, экономика, менеджмент, маркетинг, заңтану, жарнама салаларымен ұштасып, жанрлық мүмкіндіктерінің кеңейе түскені байқалады. Ақпарат географиясы, сұхбат психологиясы сияқты ұғымдар пайда болды. Осының нәтижесінде журналистика социологиясы, журналистика психологиясы, журналистика менеджменті мен маркетингі, БАҚ-тағы заңдар, масс-медия сияқты пәндер дүниеге келді. Журналистика жанрларының әдебиет жанрларынан екі басты айырмашылығы бар: *баяндаудағы қысқалық және құжаттылық*. Бұған дәлел ретінде баспасөз зерттеушісі В.Ученова мен әдебиеттанушы ғалым М. Бахтиннің жанрға қатысты анықтамаларын салыстырып көрейік: В.Ученова

«Жанр – фактілер мен ой-толғамдарды жинақтаушы журналистік шығармашылықтың тарихи тұрақты формасы» [12], – десе, М. Бахтин: «жанр қазіргі күнмен өмір сүреді, бірақ ол әруақыт өзінің өткенін, бастауын ұмытпайды», – дейді. Яғни, екі ғалым да жанр өзінің тұрақты формасын сақтай отырып, заман ағымына сай дамып, жетіліп жатады деген пікірде. Әдебиеттанушы В.Шкловскийдің мына суреттеуі де М. Бахтиннің ескісі уақыт сілемінде қалады, жаңасы түрленіп, байи түседі деген ойын сабақтағандай: «Жанр уақыт мұзжарғышына тап келіп, түрлі мұздақтарға бөлшектенеді, жаңа формаларға ие болады». Әдепкі «Ведомостарда» жарияланған хроникалар, әскери реляциялар, сүйіспеншілік хаттар, кеңес баспасөзінде көрініс тапқан бас мақала, соңғы поштадан, памфлет жанрлары бүгінде жоқ. Есесіне қазіргі газет-журналдар мониторинг, рейтинг, блицауал, әлеуметтік резюме сияқты жаңа жанрлармен толықты.

Бұдан шығатын қорытынды, баспасөз шығармаларының мазмұндық қалпы, мағыналық сыйымдылығы, көркемдік сипат-белгілері әр алуан бола береді. Сондықтан олардың жүйесін тауып, жіктеп-топтауға, түр-түрге бөлуге үлкен мән берген жөн.

Сонымен, «жанр дегеніміз – белгілі бір газет-журнал материалдарының, радио, телевизия хабарының көріну, өмір сүру формасы» [3; 24-б.]. Яғни, нақты оқиға мен құбылысты жазып көрсететін шығарманың құрылымдық-композициялық, тілдік, стильдік жиынтығы жанр болып табылады. Жанрдың басты маңызға ие болар сипаттары – оның алар бағыты мен қызметі, бейнелеу нысаны мен пәні, стилистикасы, бейнелеу құралдары. «Бұл бейнелеу құралдары әртүрлі жанрларда әрқалай мазмұнда көрініс табады» дейді зерттеуші С.М.Гуревич [13].

Қандай жанр болмасын, оның тек сыртқы белгілерін ғана танып қою жеткіліксіз, ішкі мазмұнындағы ерекшеліктерімен де терең қаныққан жөн. Мәселен, тек қана очерк немесе кілең репортаж жазумен танылған журналистер бар. Ондай

журналистердің шеберлік лабораторияларын зерттеу арқылы біз жанр теориясын байытып отырамыз.

«Публицистика жанрларының ғылыми теориясы әлі толық зерттеліп бітпегенімен» [14], газет жанрларын жеке-жеке қарастырып, нақты талдау жасаған бірқатар ғалымдардың (В. Д. Пельт, В. М. Горохов, В. В. Ученова, В. И. Здоровега, Е. П. Прохоров, Г. В. Колесов, Л. Е. Кройчик, Э. А. Худякова) зерттеулерінің бар екенін айтуымыз керек [15-18]. Бұлар негізінен баспасөз жанрларының пайда болуын, жетілуін әдіснама мен публицистік бейнелеу-таным синтезі тұрғысынан қарастырды. Қазақ зерттеушілері (Т.С.Амандосов, Т. Қ. Қожакеев, М. К. Барманқұлов) газет жанрларын субъект қарекетін нысанаға ала отырып, эмпирикалық-тарихи салыстырмалы тұрғыда зерттеуге тырысты. «Жанрларды саралау, жанр молдығы өмір-болмысты, тыныс-тіршілікті бүкіл бітімімен, даму тенденциясымен шебер ашып көрсетуге... септігін тигізеді» [3, 28-29-б.], – деген Темірбек Қожакеев байламы газет жанрларын байытуға ұмтылып, әр жанрға жаңа сипаттама беріп, тың сұрлеуге жол ашуға тырысқан журналистерге нақты бағыт-бағдар бола алады.

Журналистика жанрларының өмір шындығын бейнелеу формалары ретінде өзіндік тарихы бар. Оны теоретиктер ойдан шығарған жоқ. Ол «өмір шындығын бейнелеудің барынша қажеттілігінен қалыптасты» [19]. Жанрларды анықтағанда зерттеушілер оның құрылымының тұрақты екенін атап көрсетеді. В. В. Ученова: «публицистикадағы жанр – өмір шындығының салыстырмалы түрдегі тұрақты жүйесі» [20], – десе, М. Черепанов: «өмір шындығын бейнелеудің тұрақты мәні және құрылымдық белгілері қайталанып отыратын түрлері» [21], – деп байлам жасайды. Журналистиканың өзге салаларында, әсіресе, радио мен телевизия журналистикасында да жанр сипатына берілген анықтамаларда анау айтқан алшақтықтың жоқ екенін аңғарамыз. Мәселен, «Жанры телевидение» деген жинақта: «Жанр дегеніміз – өмір шындығын нақты бейнелеудің

тұрақты құрылымдық белгілер жүйесі бар тарихи белгіленген түрі» [22], – депі баға берілген.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*Ақпарат географиясы. Баспасөз шығармаларының мазмұндық қалпы. Баспасөз жанрларының ішкі мазмұндық ерекшеліктері. Публицистика жанрларының ғылыми теориясы. Баспасөз жанрларының өмір шындығын бейнелеу формалары.*

### **1.4 Газет жанрларының типтері, түрлері**

Баспасөзде пайдаланылатын жанрлар көп. Олар өзіндік белгілеріне, ерекшеліктеріне қарай топталып, жіктеледі. Жанрларды бір-бірінен ажыратып, сипатты ерекшеліктерін айқындай отырып, олардың арасындағы айырма-шекараның, не болмаса жалғас келетін тұстарының болатынын есте сақтаған жөн. Мәселен, очеркте репортаждың, репортажда сұхбаттың белгілерінің жүруі әбден мүмкін. Дегенмен, әр жанрдың өзіне ғана тән, басқаларға қарағанда молырақ танылатын ерекшеліктері болады. Осы тұрғыдан алғанда, баспасөз жанрларын танып-білу, олардың түрлерін ажырату бір-біріне ұқсас туындылардың құрылыс-бітіміндегі бейнелеу, баяндау, хабарлау тәсілдеріндегі кейбір ортақ белгілерді айыру үшін қажет.

Әр жылдарда газет жанрларын әр қырынан зерттеген баспасөз теоретиктері оларды әрқалай топтайды. Көп ретте бұлар заман ықпалына сай бейнелейтін нысанына, мазмұндық ауқымына, өмірлік мақсат-міндетіне, қолданған әдіс-тәсіліне сай ажыратылып отырған сияқты. Әрі оған ақпарат құралдарының алдына қойған міндеттерінің өзгеріп отыруы да ықпал еткен болуы мүмкін. Баспасөз жанрларын топтау, ара-жігін ажырата жіктеу кеңестік баспасөз тұсында нақты жүйеге қойылды. Мәселен, орыс зерттеушісі Н.В.Колесов баспасөз жанрларын: 1) газет жанрлары (мақала, шолу, рецензия, корреспонденция); 2) хабар жанрлары



(репортаж, очерк, фельетон) деп үлкен екі топқа бөлді. Тағы бір зерттеуші В. Д. Пельт төрт түрге топтастырады: 1) хабар жанрлары (заметка, есеп, сұхбат, репортаж); 2) талдамалы жанрлар (корреспонденция, мақала, рецензия, шолу, баспасөзге шолу, хат); 3) көркем-публицистикалық жанрлар (суреттеме, очерк); 4) сатиралық жанрлар.

Қазақ баспасөзінің жанрларын зерттеушілер де осы жүйеде топтауға тырысқан. Жанр зерттемесі тарихына үңілсек, біз алдымен Т. Амандосовтың жанрлық топтастыруын үлгі етеміз. Негізінен ол жанрларды париялық-кеңестік баспасөз принциптері тұрғысынан саралағанымен, ішкі заңдылықтарын ашуда теориялық құндылықтарға сүйенген. Амандосов газет жанрларын былайша жіктейді: заметка, есеп, репортаж, сұхбат, корреспонденция, мақала, бас мақала, рецензия, шолу. Бұларды әрқайсысына тән іштей тағы бірнеше бөліктерге жіктейді.

Газет жанрларын жіктеп, топтауда бүгінгі күннің талаптарымен біршама орайлас келген пікір профессор Т.Қожакеевтің ғылыми тұжырымдары. Ол жанрлардың өзіндік белгі, ерекшеліктеріне қарай мынадай үш топқа бөледі: 1) хабарлама жанрлары (заметка, есеп, сұхбат, репортаж); 2) талдамалы жанрлар (корреспонденция, мақала, баспасөзге шолу, рецензия); 3) көркем-публицистикалық жанрлар (фельетон, памфлет, очерк, көркем публицистика).

Негізінен алғанда, баспасөзге шолу, корреспонденция, репортаж, сұхбат негізінен газетте кездесетін жанрлар болып есептеледі. Мұны зерттеуші Н. В. Колесов та мақұлдайды [18; 7-б]. Дегенмен, рецензия, очерк, суреттеме, фельетон сияқты жекелеген газет-журнал жанрларының көркем әдебиетте де кеңінен кездесетінін айта кетуіміз керек. Бұған көрнекті жазушылар М. Әуезовтің, Б. Майлиннің, Ғ.Мүсіреповтың, С. Сейфуллиннің, А. Байтұрсыновтың, М.Иманжановтың, Ә. Кекілбайдың, Ш. Мұртазаның т.б. шығармаларын мысал етсек те жеткілікті.

Жоғарыда айтылған жайларды қорыта келе әрі газет жарияланымдарын мазмұны мен сипатына қарай топтастыра отырып, қазіргі мерзімді баспасөз жанрлары мен пішіндерін

былайша жіктеуге болады: 1) хабарлама жанрлары (заметка, хабарлы корреспонденция, хабарлы есеп, хабарлы сұхбат, блицсауал, сұрақ-жауап, репортаж, некролог); 2) талдамалы жанрлар (талдамалы есеп, талдамалы корреспонденция, талдамалы сұхбат, талдамалы сауалнама, әңгіме (беседа), түсіндірме, әлеуметтік резюме, анкета, мониторинг, рейтинг, рецензия, мақала, журналистік зерттеу, шолу, БАҚ-қа шолу, болжам, хабар (версия), эксперимент, эссе, хат, сыр, кеңес, талдамалы баспасөз-релизі); 3) көркем-публицистикалық жанрлар (очерк, фельетон, памфлет, пародия, сатиралық түсіндірме, тұрмыстық оқиға, аңыз, эпиграф, эпитафия, езуатартар, қалжың, ойын); 4) иллюстарциялық жанрлар.

Зерттеуші Л. Е. Кройчик “Система журналистских жанров” еңбегінде бүгінгі жанрлардың шынайы, нақты тарихи, типологиялық, гносеологиялық, морфологиялық, аксиологиялық, шығармашылық материалдарды ұйымдастырудың айрықша формасы бола алатынын баса айтқан [23].

Жанрларды бұлайша жіктеп, топтағанымызбен де, мұның өзі шартты нәрсе деп қабылдаған жөн. Өйткені, біріншіден, қайсыбір жанрдағы белгілер екінші жанрға да ортақ болып жатса, екіншіден, баспасөз дамыған сайын, жанрдың жаңа түрлері пайда болып, толығып, кеңейіп жатады. Яғни, уақыт өте келе жанрлардың топтастырылуын қайта қарау заңды болмақ.

Жанрларды бір-бірінен ажырата атырып, олардың арасындағы айырым-шектің шартты нәрсе екенін, олардың бір-бірімен жақын, жалғас келетін тұстарының болатынын ұмытпауымыз керек.

#### ***Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары***

*Баспасөз жанрларының ортақ белгілері. Газет жанрларының түрленуі. Баспасөз жанрларын зерттеушілер. Газет жанрларын жіктеп, топтаудағы бүгінгі күннің талаптары. Жанрлардың айрықша формасы.*

## 2. АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА ЖАНРЛАРЫ

Баспасөзде пайдаланылатын жанрлардың бір парасын ақпараттық хабарлама жанрлары құрайды. «Хабар» және «хабарлама» деген ұғымдар бір нәрсені емес, екеуі екі түрлі мағына береді. Жалпы ел-жұрт қызықтайтын, түрлі тақырыпта жазылатын жаңалықтар *хабар* болса, газет жанрларының хабар жеткізуді мақсат ететін тектік анықтамасы *хабарлама* болады.

Хабарлама жанрларының ерекшелігі – ел өміріндегі мән-маңызы бар шағын ауқымдағы, қысқа аралықтағы нақты бір болмыс-құбылысты, жаңалықтарды оқырманға жедел хабардар ету. Хабарлама жанрларын оқиғаны бейнелеуі, көкейтесті және қоғамдық маңызды фактілерді хабарлауы, ақпаратты талдап-жинақтау әдістері ортақ бір сипатқа біріктіреді. Бұл жанрлар топтамасына оқиғалылық, көкейтестілік, объективтілік, шынайылық, нақтылық тән.

Журналистика жанрларының ең негізгісі ақпараттық жанрлар. Өзге жанрлардан гөрі ақпараттық жанрлар жазбагерден нақтылықты, жинақтылықты талап етеді. Бүгінде баспасөз бен электрондық ақпарат құралдарындағы жарияланымдардың басым бөлігін осы ақпараттық туындылар құрайды. Осы жанр арқылы газет тілшілері болған оқиғаның ізін суытпай, шапшаң әрі ыңғайлы жаза қояды.

Соғыс қарсаңындағы кеңес журналистикасында очерк жанры кеңінен етек алған болса, бүгінде газет беті мүлдем басқаша. Күнделікті газеттердің бетінен ірі материалдарды кездестіру қиын, олар апталықтар мен журналдарға қоныс аударған. Қазір ақпарат жанрлары бірінші кезекке шықты. Газет бетінің басым бөлігін осы жанрлар құрап отыр. Ізі суымаған сенсация – бұқаралық баспасөзде ең бір өтпелі тауар болып тұр. Өрбір журналист сол бағытта жаңалық қуалап, қысқа да нұсқа хабар беруге асығуда.

*Заметка* – бұл газетте ең бір кең тараған жанр түрі. Ол қоғамдық өмірдегі ең бір маңызды фактілер туралы хабардар етеді. Негізгі сипаттары – мазмұндаудағы нақтылық, шапшаңдық. Оқырманның *не, қашан, қайда?* деген сұрақтарына жауап береді. Оқиғаға талдау жасамайды, яғни *не үшін?* деген сауалға жауап бермейді. Заметкада қоғамдық өмірдегі нақты бір *маңызды жаңа факті* туралы хабарлама болуы тиіс. Онда оқиға, оқиғаның орын алған жері, түйіні айтылады да қояды. Бұл ақпарат жанрларының ішіндегі қарапайым, қысқа әрі жеңіл жазылатын түрі.

• *«Кеше таңертең Қазақстан Республикасының мемлекеттік хатшысы Қанат Саудабаев ЕҚЫҰ Тұрақты кеңесінің мәжілісіне қатысу үшін осы ұйымның штаб-пәтері орналасқан Австрия астанасы Вена қаласына келді. Мәжіліс алдында Испанияның ЕҚЫҰ жанындағы тұрақты өкілі әрі мәжіліске төрағалық етуші Карлос Санчес де Боадемен кездесу өткізді».* («Егемен Қазақстан», №297-298, 2007).

Бұл – заметка. Мұнда әлеуметтік мән-маңызы бар факті, оқиға, құбылыс қана хабарланып тұр. *Не шара екені, қашан болғаны, қайда өткені* айтылған да қойған.

Қазіргі баспасөз беттерінен заметканы жиі кездестіруге болады. Өздерінің тұрақты айдарларымен заметкаларды топтап та, даралап та басатын басылымдар аз емес. Бұған дәлел ретінде «Жас алаш» газетіндегі «Едел-жедел», «Егемен Қазақстан» газетіндегі «Дерек пен дәйек», «Кеше...», «Жаңа...», «Қазақ елі» газетіндегі «Бүгінгі күн бітімі», «Айқын» газетіндегі «Айқын ақпарат» сынды тұрақты айдарларды мысал ете аламыз. «Қазақ әдебиеті» газетінің «Жетіген», «Ана тілі» газетінің «Ана тілінің» ақпараттар айнасы», «Жас Алаш» газетінің «Саясат. Экономика» сияқты заметкаларды топтап басатын арнайы беттері де бар. Кейінгі

жылдары айрықша айдарларымен де танылып жүрген басылымдар кездеседі. Оған «Егемен Қазақстандағы» «!!!», «!?» сияқты тосын айдарлар куә бола алады.

Оқырманға өзінің ақпаратқа деген мұқтаждығын қанағаттандыру үшін әртүрлі формада берілген ақпарат түрлері қажет. Оған оқиға мен құбылыс мәнін ашатын ақпаратты жеткізу құралдары жәрдемге келеді: әлдебір құбылыстың болғанын айғақтайтын факт, оның маңызы мен жағдайы, нормалары мен варианттары, әрекеті. Бұл оқиға, құбылыс, проблема, белгілі бір тұлғаның қыры оқырман үшін «жаңалық» болғаны жөн [24]. Осы ақпарат құралдарының үйлесімділік нәтижесінде ғана хабарлама мазмұнының типтері туады: факті (фактілі, дескриптивті ақпарат), баға (бағалық, валюативті ақпарат), норма (нормативті тапсырысты ақпарат), бағдарлама (бағдарламалы, кепілді ақпарат), жорамал (болжалды, ықтималды ақпарат). Заметкалардың қайсыбірінде де осы типтердің бірі немесе бірнешеуі қатар кездеседі. Бұл заметканың мазмұнын анағұрлым байытады [25].

Енді жоғарыда айтылған типтердің кейбірін қарастырып көрейік.

Фактілі ақпарат. Әлдебір құбылыстың, оқиғаның, процестің, жағдайдың баяндалуы немесе сол құбылыс пен оқиғаның өтуі журналистикада фактілі ақпарат болып есептеледі.

- *«Жақында Астана қаласында спорт ардагерлерінің республикалық спартакиадасы болып өтті. Жарысқа Астана, Алматы қаласымен қоса 14 облыстың спорт ардагерлері қатысты. Спорттың 8 түрінен сынға түскен саңлақтар арасынан алматылықтар озып шығып, бас жүлдеге ие болды».* («Қазақ әдебиеті», №25, 2004).

Бұл заметкада нақты өткен оқиға туралы сөз болады (“сары басылымдарда” жиі ретте оқырман назарын аудару үшін қиялдан туған оқиғалардың беріліп жататыны жасырын

емес қой). Оқиғаның орын алған жері, қатысушылар саны, тиісті мәліметтердің нақты айтылуы – фактінің болғандығын растайды.

Ықтималды ақпарат. Кеше өткен немесе келешекте болуы мүмкін әлдебір құбылыс туралы нақты мәліметтермен ықтималды сараптама жасалады.

- *«Жұма күні Үкіметте Премьер-Министр Даниял Ахметовтің төрағалығымен өткен кеңесте Қазақстан Республикасында Білімді дамытудың 2010 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасының жобасы қаралды. Бағдарламаның негізгі мақсаты оқушыларды жоғары деңгейде дайындауды және әлемдік білім кеңістігінде интеграциялауды қамтамасыз ететін білім жүйесін ұлттық тұрғыда жетілдіру болып табылады.. Міндеттер қатарына – білімнің барлық деңгейінің құрылымын жаңарту және қазіргі талаптарға сәйкес дайындық сапасын арттыру, білім жүйесіндегі мемлекеттік, қоғамдық және жеке мүдденің теңдестігін қамтамасыз ету, білімді, ғылым мен өндірісті интеграциялау жатады. Осы орайда, жоғары сыныпта оқушылардың мамандыққа дайындықтарын ұйымдастыру жоспарланған».* («Егемен Қазақстан», №215, 2004).

Мысалға алынған заметкада Үкімет алға қойып отырған білім кеңістігін интеграциялау процесін дамытудың ықтималды бағдарламасы туралы сөз болған.

Болжалды ақпарат. Таяу болашақта болуы мүмкін немесе жоспарланған оқиға туралы болжамды хабарлама жасалады.

- *«Соңғы мәлімет бойынша, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азияда болған сұрапыл цунамиден апат болғандар саны 20 мың адамнан асты. Табиғат апатының негізгі салмағы Шри-Ланка мен Үндістанның оңтүстік-шығыс жағалауларына және*

*Индонезияға түскен. Аталған аймақтарда тиісінше 4890, 4600 және 4500 адам ұрбан болған. Тайландтың курортты аралдарында 460 адамның көз жұмғаны белгілі болып отыр. Бірақ із-түзсіз жоғалып кеткендер де аз емес секілді.*

*Сарапшылардың болжамынша, барлық іздестіру жұмыстары аяқталғаннан кейін қаза тапқандар саны әлі де арта түсуі ықтимал». («Егемен Қазақстан», №315, 2004).*

Заметкада болған оқиға туралы қолда бар деректер нақты цифрлар түрінде көрсетілгенімен, әлі де алда бұл мәліметтердің өзгеріске ұшырайтыны сарапшылар болжамымен айтылады.

Бағалық (баға берушілік) ақпарат. Журналистің немесе басқа бір адамның әлдебір оқиғаға (субъектіге) қажеттілік, мүдде, идеал, норма, үлгі, стандарт тұрғысынан салыстырмалы түрде баға беруі.

• *«Салыстырмалы түрде қарасақ, тестілеудің қорытындысы бойынша республикада тест тапсырған оқушылардың 0,7 %-ы 100-120-ға дейін балл алса, жамбылдық шәкірттердің 0,9 %-ы 100-115 балл жинап, өздерінің білім деңгейінің ойдығадай екенін танытты. Еліміздегі «Алтын белгіге» ұсынылған оқушылардың 30 %-ы ғана өздерінің «алтынға» лайық екендерін дәлелдесе, жамбылдықтардың көрсеткіші 60,3 % болды». («Егемен Қазақстан», №313, 2004).*

Көріп отырғанымыздай, заметкада тестілеу нәтижелері бойынша сараптама жасап отыратын мамандарға да, оқушылардың өздеріне де салыстырмалы мәліметтер ұсынылған.

Нормативті ақпарат. Әлеуметтік топтарға, жеке тұлғаларға қатысты қоғамдық түрлі нормалар бар. Олар саяси, экономикалық, моральдық, техникалық, медициналық, т.б. болуы мүмкін. Міне, БАҚ өкілін адамдар арасындағы

нормалардың сақталуы, қоғамның нормалардың қалай пайдаланылып жатқандығын бақылауы, қоғамдық өмірде жаңа нормалардың туындауы тұрғысында мәліметтердің қызықтыратыны даусыз.

• *«Семейде аяздың күшіне еніп, қыс қақарын танытып тұрғанына екі-үш аптаның жүзі болды. Соған орай үйлерінде бүрсеңдеп отырғандар баршылық. Әсіресе, цементшілер кентінің тұрғындары қиналып қалды. Қайсыбір пәтер иелерінің жылу үшін төлем төлемей отырғандығы, соған орай туындаған көмір тапшылығы күн тәртібінен түсер емес». («Егемен Қазақстан», №23, 2005).*

Мұнда тұрғындардың қалыптасқан норманы бұзып, жылу үшін төлем төлемегендігі, соның салдарынан қыста жылусыз бүрсеңдеп отырғандығы жазылған.

Бағдарламалық ақпарат. Кейбір заметкаларда белгілі бір нәтижелерге қол жеткізу мақсатында әлдебір кеңес, нұсқау түріндегі бағдарламалық мәліметтер беріледі.

• *«Ипотекалық несие алу үшін мынадай құжаттар қажет: жеке куәлігіңіздің көшірмесі, СТН (РНН), табыс жөнінде анықтама, N5, N3 формадағы анықтама, неке туралы куәлік, балалардың тууы туралы куәліктерінің көшірмесі, еңбек кітапшасы немесе еңбек келісім-шартының көшірмесі. Ипотекалық несиенің біту мерзіміне дейін алушының жас мөлшері 60-тан аспауы тиіс». («Евразия kz», №2, 2005).*

Заметкада ипотекалық несие алуға тілек білдірген азаматтарға тиісті кеңес ұсынылған.

Түрлі жанр тудырушы факторлар заметканың белгілі бір түрлерінің пайда болуына әкеліп тірейді. Әр жанр өмір шындығының әртүрлі аспектілерін бейнелейді. Мұның авторлардың мақсатына, басылымның ақпараттық мазмұнына да қатысы бар.

Енді қазіргі мерзімді басылым беттерінде жиірек көрініп жүрген заметканың кейбір түрлерін (пішіндерін) қарастырып көрейік.

**Оқиғалы заметка.** Мерзімді басылымдарда жарияланатын жарияланымдардың денін заметканың осы бір түрі құрайды. Мұндай заметкалардың негізгі мазмұны фактілі баяндау түрінде болады. Негізгі нысаны – өмірдің түрлі саласында болып жатқан оқиғалар. Тақырыбы қойылып, авторы көрсетілетін мұндай заметкалар фактіге ішінара толықтырулар береді.

- «Алдыңғы күні Қорғаныс министрі армия генералы М.Алтынбаевтың қатысуымен Астана қаласының қорғаныс істері жөніндегі департаментінде әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды тіркеу орталығының ашылуы болды.

Орталықтың негізгі міндеттері әскерге шақырылушыларды есепке алудың автоматтандырылған жүйесі арқылы тіркеу және ол мәліметтерді әрі қарай өңдеу; есептік әскери және рұқсат беру қағаздарын қабылдау; келісім-шарт бойынша әскери қызметке белгіленген азаматтардың құжаттарын әзірлеу; заң кеңестерін беру және әкімшілік-құқық бұзушылықтармен жұмыс жүргізу болып табылады». («Егемен Қазақстан», №179-180, 2006).

**Анонс.** Бұл хабарлама жанры жақын маңда өтетін түрлі мәдени іс-шаралар, көрмелер, концерттер туралы хабарлауды мақсат етеді. Ағылшын тілінен аударғанда «анонс» (announce) – «хабарлау», «жариялау» деген мағынаны береді. Қазіргі баспасөзді бұл жанрсыз елестету қиын. Өйткені қалың көпшілік қоғамның мәдени өмірінде болып жататын түрлі шаралармен осы жанр арқылы құлағдар болады.

Бір қарағанда анонс хабарландыруға жақын болғанымен, өзіндік ерекшелігі бар. Хабарландыру әлдебір болатын (немесе болып өткен) жағдай туралы хабарлауды ғана мақсат етсе («Алма Тур» АҚ өзінің кредиторлары мен акционерлеріне «Нұрбанк» АҚ-пен ірі мәміле жасағанын

хабарлайды. – «Егемен Қазақстан», N31, 2005), анонс оған қарағанда жарнамалық мәтінге ұқсас, өзі жарнамалап отырған іс-шара уақыты, маңызы туралы кеңірек мағлұмат бере алады.

- «Шәкен жұлдыздары» кинофестивалінің кезекті IV халықаралық байқауына дайындық бүгінде қызу жүргізілуде, деп хабарлайды фестивальдің баспасөз қызметі.

Қыркүйектің 9-жұлдызына белгіленген кинофестивальге қатыстырылатын фильмдер тамыз айының басына дейін іріктеліп, сынақтан өтпек. Сондай-ақ анимациялық кино, деректі кино, қысқа метражды және толық метражды киноаталымдары бойынша өткізілетін бұл байқауға қазақстандық киноөнімдер арасынан өткен өмір көріністерін бейнелейтін фильмдер таңдалып алынады.

Фестиваль қорытындысынан кейін байқаудан ең үздік фильмі жылдағыдай «Silk Way City» орталығынан көрсетіледі деп жоспарлануда». («Қазақ әдебиеті», №30, 2006).

Газеттің келесі санында оқырманды қандай қызықты мақала күтіп тұрғандығын хабарлайтын анонстар да болады.

- «1965 жылы біздің қазақстандықтардың орташа жасы 75-ті құрайтын. Қазір ше? Бәлкім сенбеуіңіз мүмкін, алайда, шындық осы, қазіргі орташа жас – 61 болып тұр... Қазақстандағы орташа жас Ресейді айтпағанда, тәжіктер мен өзбектерден де төмен. Оны айтасыз, қырғыздағы орташа жас та бізден жоғары. Сонда «біздің экономикамыз өрлеу үстінде» деп мақтанып жүргеніміз қайда?

«Сыр-сұхбаттың» кезекті қонағы – академик Төркелді Шарманов.

Келесі нөмірімізден көз жазып қалмаңыз. («Евразия кз», №25, 2007).

**Анотация.** Ағылшын тілінен аударғанда (anntate) «ескертпе» деген мағынаны береді. Кітап, мақала мазмұнының анықтаушытық мәнін беретін қысқа ғана тұжырымды дәйектеме. Сондықтан да оқырманды қызықтыру үшін аннотация көркем тілмен тартымды жазылады. Заметканың бұл түрі ақпаратты мәтін сипатында жазылып, болған ақпараттық құбылыс (жарық көрген кітап, мақала) жайлы ақпараттық анықтама ғана береді. Мақсаты аудиторияны жаңа шыққан басылыммен таныстырып, сапасы, авторы, тақырыбы туралы қысқаша мәлімет беру. Аннотация негізінен кітапты жарнамалауға арналған салалық басылымдарда көбірек көрінеді. «Қазақ әдебиеті» газетінің аннотациялар басатын «Кітап әлемі» атты арнаулы қосымшасы жарық көріп жүр.

Кейде аннотацияны шағын рецензия деп те атайды. Мұнымен келісуге болмайды. Себебі рецензияның, мейлі ол шағын болсын, өзіндік жанрлық ерекшеліктері бар.

- *«С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде «Нибелунгтар туралы жыр» атты немістің эпикалық туындысы қазақ тілінде жарық көрді. Ортағасырлық эпосты қазақ тіліне университет профессоры Айжан Қалиева мен мәдениетаралық коммуникациялар ғылыми-тәжірибелік орталығының ғылыми қызметкері Хабдыхалел Мағзұмов аударып шыққан. Бұл кітап «Дала даналары» жобасы аясында жарық көріп отыр». («Ана тілі», №27, 2006).*

**Шағын рецензия.** Әлдебір ақпараттық құбылыс туралы (жаңа жарық көрген кітап, кинофильм, пьеса, т.б.) пікір білдіруді мақсат ететін заметка түрі. Мұнда сол құбылыс туралы алынған алғашқы әсер қысқа ғана хабарлама түрінде баяндалады.

- *«Шоқан Уәлиханов, Сәкен Сейфуллин, Қаныш Сәтпаев туралы жазылған еңбектердің «Тамаша адамдар өмірінен» сериясымен Мәскеуде басылып шыққанынан*

*құлағдармыз. Соңғы кездері осы бір рухани қарым-қатынастағы үрдіс үзіліп қала жаздаған. Арадағы сол мәдени көпір қайта қалпына келтіріліп, олқылықтың орнын қоғам, мемлекет қайраткері, қазақ халқының мақтанышына айналған абзал перзенті туралы жарық көрген еңбек толықтырды. Ол - белгілі саясаттанушы Тайыр Мансұровтың Шығыс халықтары арасынан шыққан тұңғыш еліші Нәзір Төреқұлов жайындағы зерттеу еңбегі.*

*Қайраткердің елшілік қызметі, тағдыр-талайы бұрын баспа бетін көрмеген тың деректермен байытылыпты. Өкілетті өкілдің мұрағат материалдарының өз алдына жинастырылып берілуі де құптарлық. Кітаптың тілі – жатық. Бір сөзбен айтқанда, қазақ дипломаты хақында көптеген мағлұмат алуға болады. Бұл еңбек тағы несімен құнды? Сөз жоқ, ол – ұлттық құндылықтарымызбен өзіміз ғана сусындап қоймай, өзгелерді де соған тарта білуде. Жақсы дәстүрде жаттық жоқ. Бұған қуануымыз керек». («Егемен Қазақстан», №315, 2004).*

**Блиц-портрет.** Әлдебір танымал тұлға туралы аудиторияны қысқаша таныстыруды мақсат етеді. Мұнда журналист «блиц-портретке» кейіпкер болып отырған адам туралы оқырманды қызықтыруы мүмкін мәліметтерді дөп басып, ойнатып бере алуы тиіс.

«Айқын» газеті «Ел білетін есім» айдарымен соңғы бетке тұрақты блиц-портрет басып жүр.

- *«Филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Гумилев атындағы Еуразия университеті «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры Дихан Қамзабекұлы Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданында дүниеге келген. Оңтүстік аймақта бұрын қырман болмаған кезде өз диірмені болған, бидай тазалап, бидай өңдеген жерді дихан деп атайды. Бұқпа ауылдың күнкөрісі дихандықпен тікелей байланысты болатындықтан, көптең күрек көтерген ар шаруа адамы*

үшін бұл кәсіптің маңызы өте жоғары. Сол себепті бұл өңірде Диханкөл, Дихан деп аталатын жерлер көп. Қар көбесі сөгіле бергеннен, жота жылытар көктем келмей жатып оңтүстіктің халқы білек сыбанып шаруаға кіріседі, содан жаз бойы бел жазбай еңбек бейнетін тартады. Дихан жарық дүние есігін ашып жатқанда да егін орағы басталып, алғашқы бидай орылып, шаруаның назыз қызып тұрған шағы екен. Әкесі Қамзабек болашақ галым ұлының есімін Дихан деп өзі ұояды. Екіншіден, Дихан отбасындағы оныншы бала. Диханның барлық бауырларының есімдері «ханмен» аяқталып отырады – Әмірхан, Абылайхан, Дархан, Ерхан, Нұрмахан деп жалғаса береді...» («Айқын», №110, 2007).

Мәселен, «Жас Алаш» газеті «Шаңырақ» ықшамауданындағы қақтығыс туралы Алматы қаласы әкімдігінің позициясын сөз ете келіп, материал арасына «Әкім не дейді?» деген айдармен өзгеше формасын тауып астарлы блиц-портрет ұсынған.

• «Иманғали Тасмағамбетов, Алматы қаласының әкімі: «Бұл адамдардың басты мәселесі тұрғын үйде емес, басты мәселе – жұмыссыздықта. Олар – Алматыға жұмыс іздеп келгендер. Олардың көпшілігі – әлеуметтік аутсайдерлер. («Новигатор». Интернет сайтынан аударылды). («Жас Алаш», №60, 2006).

**Шағын шолу.** Мұндай пішіндегі жарияланымдар фактілі заметкалар түрін құрайды. Оны *хроникалы ақпараттар* деп те атайды. Тақырыпсыз, бір немесе бірнеше сөйлеммен бір айдар аясында топтама түрінде беріледі. Ол тақырыптық («Спорт жаңалықтары», «Қылмыс әлемінде», «Саясатта», «Мәдениет жаңалықтары» т.б.), тақырыптық емес («Бүгінгі күн жаңалықтары», «Апта аралығында», «Тәулік тынысы» т.б.) топтамалар түрінде болуы мүмкін. Мұндай жаңалықтар топтамасы газетті басуға қол қойғанша күні бойы әзірлене

береді. Мұнда шығарма мазмұнына, құрылымына, тақырыбына бас қатырып әуре болмайсың, тек болған фактіні нақты әрі тұжырымды баяндап берсең болғаны. Зерттеуші Т.Амандосов мұндай заметка түрлеріне «тектеc заметкалар» деген атау берген. Мұнда бір ғана оқиға, әрекет, құбылыс туралы айтылып қана қоймай, бір уақытта болған немесе бір тақырыптағы бірнеше оқиғалар жинақталып шолу түрінде беріледі. Мұнда оқиғалар талданбайды, тек хабарланып қана қояды.

- - «Кеше Нью-Йорктің сауда-шикізат биржасында мұнайдың бір бареллінің құны 60,95 долларға бағаланды.
- Египеттің астанасы Каир қаласында тәртіп сақшылары мен жүзге жуық оппозиция өкілдерінің арасында қарулы қақтығыс болды.
- Алдағы жұма-жексенбі күндері Ресейдің Калининград қаласының 750 жылдығына орай мерекелік шаралар өткізіледі.
- Кеше Францияның бір топ саясаткерлері парламентте Еуропа Одағының Шығысқа қарай кеңейтілуіне қарсы мәлімдеме жасады.
- Ресей Эстониямен арада қол қойылған мемлекеттік шекара туралы келісімді жарамсыз деп таныды». («Егемен Қазақстан», №143-146, 2005).

**Кеңейтілген ақпарат.** Көлемі 40-150 жол аралығында ұсынылатын, оқиғаны кеңірек, егжей-тегжеймен баяндайтын, мазмұнын ашу үшін қосымша тақырыпшалар қойып, салыстырмалар мен қорытынды түйінді пайдаланатын жанр түрі.

**Шағын оқиға.** Қазіргі кезде мерзімді басылымдарда жиірек көрініп жүрген заметканың бұл түрі зиялылар төңірегіндегі отбасылық махаббат, «қызметтік романдарға» байланысты әлдебір қауесет туралы білгісі келген оқырманның көп уақытын алмай (мұны отбасылық жанр десек те болады), фотосуреттер арқылы шағын ақпарат алуына мүмкіндік туғызуды мақсат етеді.

• «Әйгілі Ресей жұлдызы Витас шаңырақ көтеріп, отау құрды. Әнші қалыңдығы Светланамен осыдан жеті жыл бұрын дискотекада танысқан екен. Жұлдыз дискотекада Майкл Джексонның әнін айтып, би билесе, 16 жасар Света әншіні қолдаушы топта болған. Содан бері Витас пен биші қыздың ара қатынасы үзілмей келеді. Жас жұбайлардың үйлену тойы Одесса қаласында өтті. Әнші тойға қара түсті «Мерседес» маркалы автокөлігімен жетсе, қалыңдық қызыл кабриолетпен келді. Үйлену церемониясы 1 сағат 50 минутқа созылғаннан кейін Витас қалыңдығын ЗАГС-тен арқасына көтеріп шықты. Той Қара теңіз жағалауындағы Совиньон курортындағы «Зодиак» ресторанында өтті. Витас жұбайына арнап «Сказки, что любишь» әнін шырқады». («Айғақ», №31, 2006).

**Шағын кеңес.** Тұрмыстық сипаттағы түрлі сауалдарға жауап беретін, нақты кеңестер ұсынатын жанр түрі. Көбіне әлдебір мәселе туралы тиісті мамандар ғана кеңес береді. Қазіргі мерзімді басылымдарда “сұрақ-жауап” түріндегі кеңестер жиі беріліп жатады.

• «Аяқ немесе қол сынғанда таяқты, ағаштың бұтағын немесе бірнеше қамысты біріктіріп сынған жерге шина жасалады. Сынған аяқты немесе қолды қан жүрісін баяулатып, ауырғанын жеңілдету үшін жозарылатып қояды. Сынған жерге суық компресс басу керек. Сүйегі сынған болса, ең бірінші ауырғанды басатын дәрі берген жөн, дәрі табылмаған жағдайда 50-70 грамм алкоголь беруге болады». («Айқын апта». №131, 2006).

**Заметканың түрлері.** Заметка мақсаты, нысаны жағынан екі сипатта болады:

а) бір заметкалар қоғамдық өмірде болып жатқан түрлі жаңалықтарды жағымды сипатта хабарлайды. «Егемен Қазақстан» газетінің мына заметкасы осының мысалы.

• «Бірінші желтоқсаннан бастап Шығыс Қазақстан облыстық мұражайына келушілер саны күрт өсті. Алматыдағы Мемлекеттік мұражайдың алтын мен платинадан, күмістен жасалынған бағалы бұйымдарының қатарында «Алтын адамның» алатын орны ерекше. Оны тамашалаушылар қатары сирейтін емес. Облыстық мәдениет басқармасының бастығы Тоқтархан Құмаровтың айтуынша, «Алтын адам» Лениногор және Зырян қалаларына да «сапар шекпек».

ә) екінші бір заметкалар жағымсыз жайлардан хабардар етіп жазады. Сол негізде қоғамдық пікір туғызуды ниет етеді. Мысалы, сол газетте «КамАЗ тепловозбен сүзісті» деген заметкада Ақтөбе – Астрахань темір жолы бойында тепловоздың мәшинемен соғысып қалғандығы, соның салдарынан бір адамның қайтыс болғандығы, бұл оқиғаның жүргізушінің енжарлығынан орын алғандығы жазылады. «Мұның өзі бір жағынан болат жолдағы қауіпсіздік мәселесінің назардан тыс қалып жатқандығының мысалындай», – деп түйіндейді тілші әңгімесін.

Жазылуы, мазмұны жағынан да заметка әрқилы бола береді.

а) бір заметкалар тек фактіні хабарлап қана қояды. Мысалы: «Стокгольмдегі халықаралық бейбітшілікті зерттеу институтының деректеріне қарағанда, Тайвань қару-жарақ сатып алуда дүние жүзінде бірінші орын алады екен» («Егемен Қазақстан») деген хабар – хроника түрінде жазылған. Ол факт туралы қысқа ғана мағлұмат береді.

ә) екінші бір заметкалар сол оқиға мен фактіні ептеп түсіндіреді. Мысалы: осы газет «Серпіліс бар» деген заметкасында жеміс-жидек өсірумен айналысатын өндіріс кооперативінің келелі істері туралы айта келіп, «Жүзімнің де бар өнімі ықтияттап жинап алынды. 160 тонна жүзім сығымдалып, одан 140 тоннадай құрғақ шарап жасалды. Бұл – халыққа, кооперативтің қажетіне жететін бір жылдық үнем деген сөз», – деп ептеп түсініктеме береді.



Заметкалар берілу жолы жағынан да әртүрлі көрініс табады.

а) кейбірі дербес тақырыппен, жеке оқиға туралы хабарлап, авторы көрсетіле жарияланады. Әрқайсысы газет нөмірінің әр бетіне шашырай орналасады.

ә) енді кейбірі тақырыбы, саласы, аймағы жағынан біріктіріліп, газеттің бір бағанасына топтама түрінде беріледі. Мысалы: «Егемен Қазақстанда» – «Жаңа...», «24 сағат» деген айдарлармен бір сапада жазылған ұқсас заметкалар бір тақырыппен біріктіріліп басылып жүр.

«Газеттің беташар шапқасы», «Нөмір заметкасы» секілді айдарлар тағып «Жас алаш» газеті жаңа заметка түрлерін басып жүр.

- *«ҚР Мемлекеттік құпияларды қорғау жөнiндегi агенттiгi құрылды. Агенттiк мемлекеттiк құпияларды қорғау саласында бiрыңғай мемлекеттiк саясатты жүзеге асырады. Елбасы Жарлығымен құрылған бұл агенттiкке бақандай 12 мiндет жүктелiп отыр. Конституция бойынша бiзде сөз бостандығы бар едi. Ендi цензура қайта өмiрге келдi. ЦЕНЗУРА ЖАСАСЫН!»*

Заметканың жарнама-заметка түрі де баспасөзде жиі көрініп тұрады.

- *«Алтындәнбанк» акционерлік банкінің жабу комиссиясы 1999 жылы 25 желтоқсанда, 2000 жылы 12 және 28 қаңтарда сағат 11.00-де жылжымайтын мүлік пен автокөліктерді (ағылшын әдісімен) сату жөнінде кезекті сауда-саттық өткізетіндігін хабарлайды.»*

Заметка жанрына қойылатын өзіндік талаптар бар.

- оперативтілік, көкейтестілік;
- нақтылық, қысқалық және мазмұн айқындығы;
- қоғамдық мәні бар соны фактінің болуы;
- тілінің қарапайым, ұғымды болуы;

• бейнелеу құралдарын көп пайдаланбай, хабарлау түрінде жазылуы;

• ең қажетті деген факті мен цифрдың ғана алынуы;

• жақсы табылған формада берілуі;

• алғашқы жолдардан-ақ жаңалықтың айтылуы;

• “Жуырда”, “таяуда” деген сияқты жаттанды сөздерден қашу.

Оқырманның заметкаға деген қызығушылығын арттыру үшін ақпаратты негізгі тақырыпты ашып көрсететін лидтен (lead) бастаған жөн. Американ зерттеушілері жаңалықты сол күйі жеткізу үшін түрлі лидтерді қолдануды ұсынады: 1) “бір элемент” лиді – жаңалық ішіндегі бір маңызды жайтты оқшаулап көрсету; 2) жинақтау – ақпарат ішіндегі маңызы бірдей бірнеше элементті жинақтап ұсыну; 3) “ілгек” – автор бірінші абзацтан-ақ жаңалықтың мәнін ашады; 4) бірден идентификациялау – автор бірінші сөйлемнен-ақ жаңалықтың басы-қасында жүрген белгілі тұлғаның аты-жөнін ұсынады; 5) созылмалы идентификация – оқиғаға (қылмысқа) тікелей қатысы бар адамның кім екенін бірден айтпай, соңына дейін құпиялап ұстау; 6) “жалғыз оқ” – ел көптен күткен басты оқиға афоризм түрінде ұсынылады (мысалы, “Ғарышқа қазақтың ұшатыны – анық!”); бұлардан басқа түсініктеме, ойын, әңгімелеу, «оқұмсақ» жаңалықтар, баяндау т.б. лид түрлері бар.

Заметка үшін негізгі ақпарат көздері: газеттің меншікті және арнаулы тілшілері ұсынған материалдар, ақпарат агенттіктерінің интернеттегі порталдары (BBC, ҚазТАГ, Казинформ, “Kazakhstan-today”, Интерфакс-Қазақстан, “Казахстан спортивный”), сілтеме жасалған басқа басылымдардың жарияланымдары.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*Газеттегі ақпарат. Заметке және оның түрлері. Кеңейтілген ақпарат. Ақпарат жанрларына қойылатын талаптар. Ақпараттағы лидтер. Заметкаға факті жинақтаудың принциптері. Жаңалықтарды әзірлеудегі «төңкерілген пирамида» принципі.*

## 2.2 Хабарлы корреспонденция

Корреспонденция – баспасөзде жиі көрінетін басты жанрлардың бірі. Қайсыбір газетті ашып қарасаңыз да, ондағы материалдардың тең жартысынан астамын корреспонденциялар құрайды.

XVIII ғасырда “корреспонденция” деп газет-журналда басылған кез-келген жарияланым (заметка, оқырман хаты, есеп, т.б.) қабылдана беретін. Тек XIX ғасырдың соңында ғана корреспонденция жанр ретінде өз ұғымын тапты.

Хабарлы корреспонденцияға жекелеген оқиғаны, болмысты, іс-әрекетті анағұрлым толыққанды, фактілерді талдап, баға беріп, болжам жасай отырып беру тән.

Хабарлы корреспонденция заметкаға қарағанда оқиғаны анағұрлым айқын, анағұрлым кең бейнелеуімен ерекшеленеді. Бұған әдетте әлдебір оқиға, құбылыс, әрекет өзек болады. Хабарлы корреспонденция фактіні баяндап қана қоймай, кейбір элементтеріне ішінара баға береді, болжам жасайды, талдайды. Дегенмен, хабарлы корреспонденцияны жазушы автор оқиғаның мән-маңызына терең бойлауды мақсат етпейді, тек сыртқы сұлбасын ғана ұсынады. Яғни, хабарлы корреспонденция – «нақты фактілер жанры» [5; 78-бет].

Бір қарағанда хабарлы корреспонденция мәні жағынан репортажға жақын болғанымен, бірқатар себептерден оған ұқсай қоймайды. Біріншіден, корреспонденция авторы оқиға басында болмайды. Жаңалық пен оқиғаны тура қасында жүргендей көз алдыға елестетіп, суреттемейді. Екіншіден, репортаж сияқты ыстық оқиғаларды іздемей, әдеттегі жаңалықтарды ғана жазады. Яғни, корреспонденция үшін ең маңыздысы – мәселенің мәнін ашу, ал репортаж мәселені оқырман сол оқиға ортасында жүргендей эмоционалды тұрғыда ашады.

*• «Бір жарым миллион долларды бере салыпты  
Өткен аптада біреуге «қызық», біреуге «шыжық» оқиға*

*болды. Түс ауа Алматыдағы «АТФ» банктің бас офисіне бас сұққан 25-30 жастағы жігіт өзін «Голд Продукт» компаниясы басшыларының бірімін» деп таныстырып, 164 миллион теңгенің чегін түгел нақты ақшаға аударып беруді өтінеді. Тиісті құжаттармен танысқан мамандар әлгі клиенттеріне қажетті қаржының бәрін сөзге келместен санап берген.*

*Ал түстен кейін банктен шу шықты. Дәл осында «Голд Продукт» компаниясының бухгалтері ақша сұрай келіпті. Анықтай келгенде, банк қызметкерлері тосыннан келген алаяққа жарты миллион долларды ұс-татып жіберген. Алайда бұл оқиға әлі күнге құпия сақталып отыр. Қомақты қаржы компанияға несие ретінде берілгендіктен, оны қайтару мәселесі тығырыққа тіреліп тұр. Банк аталған кәсіпорынға енді қаржы бермейтіні анық. Ал өзге мекемелер де «Голд Продукт» ат-тондарын ала қашатындығы белгілі. Соған қарамастан, кәнігі сұмпайыға қомақты ақша ұстатып жіберген банктің әлі күнге құқық қорғау орындарына шағым түсірмегені түсініксіз. Олар тек видеобақылауда жазылып қалған ұрының сұлбасы мен дауысына қарап, сол бойынша «қолының жымысқысы бар жігітті ұстаймыз» деп үміттеніп отыр. Қаржы қиындығына тап болған компанияны келешегі толғандырса, ал «АТФ» банк алаяқтарға несие беріп, алданып қалған алғашқы мекеме емес. Асқар ЖАЛДИНОВ».*

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*XVIII ғасырдағы корреспонденция. Хабарлы корреспонденцияның жанрлық ерекшеліктері. Корреспонденцияның басқа жанрлармен сабақтастығы. Қазіргі корреспонденциялар. Корреспонденциядағы жаңалық пен оқиға.*

## 2.3 Хабарлы есеп

Есеп журналистиканың ең көне жанрларының бірі. Алғашқыда ауызша хабар, императорларға арналған баяндамалар түрінде көрініс тапқан есеп газет пайда болғаннан кейін өзінің жанрлық сипатына ие бола бастады. Әдепкіде олар “репортаж” деп аталды. Есеп жанры қазір де баспасөз бетінен түскен емес.

Хабарлы есеп қоғамдық мән-маңызы бар мәселелер сөз болған жиналыстар мен кеңестерден, конференциялар мен мәслихаттардан, спорттық жарыстардан, көпшілік мереке-сауықтардан, тойлардан, сондай-ақ, ресми қабылдаулардан жазылады. Мақсаты – болып өткен жиындарды оқырманға хабардар ету, онда қандай мәселенің қаралғанын, қандай шешім қабылданғанын жария ету. Мәселен, жиналыстардан жазылған есепте жасалған баяндама, айтылған пікір, сөйленген сөз туралы баяндалса, спорт жарысынан жазылған есепте спорт жетістіктері, нәтижелері сөз болады. Ал мерекелер мен тойлар жөніндегі есептер суреттеуге негізделеді.

Есеп жазушы болған іс-шараның мәнін толық ашып көрсетеді. Автордың баяндауына, болған жағдайға түсінік беруіне қарай мәтіні де әркімге көлемде беріледі. Оған құжаттық дәлдік және қабылданған шешімдерді сол қалпында жеткізу тән.

Хабарлау ерекшелігіне, мазмұн ауқымына қарай есептің түрлері туындайды. Зерттеуші Т.Қожакеев оны қысқа есеп және кеңейтілген есеп деп екі түрге топтайды. Ал зерттеуші Т.Амандосовтың жіктеуінше есеп – есептің заметка түрі, қысқа есеп, тіке есеп, кеңейтілген есеп, кеңейтілген тақырыптық есеп, суреттеме есеп, спорт есебі, сот мәжілісі жайындағы есеп деген түрлерге бөлінеді.

**Қысқа есеп** хроника түрінде өте ықшам жазылады. Заметкадан айырмашылығы – басқосу, кездесуден жазылатындығы. Мысалы, «Егемен Қазақстанда» жарияланған қысқа есеп былай басталады: «Жуырда

*Семейде «Семей атом полигонындағы ядролық сынақтардың зардаптары» деген тақырыппен халықаралық конференция болып өтті...»* Әрі қарай оған кімнің жетекшілік еткені, кімдердің баяндама жасағаны, қандай мәселелердің қозғалғаны, қатысқандар туралы бір-екі сөйлеммен ғана айтылады.

**Төте есеп** те хабарламалық-хронологиялық мәнде жазылады. Онда автор оқиғаға түсініктеме бере алмайды. Жиналыс сол қалпында беріледі. Тек кейбір маңызды фактілерге, деталдарға оқырман назарын аударады. Мәселен, мәжілісте сөйлеушілердің сөздері қысқарған нұсқада беріледі. Көбіне мұндай есептер авторсыз, редакция атынан жазылады.

*• «Білім жүйесі үшін құрылыс нысандарының мәселесі бүгін үкіметте Премьер-Министр Даниял Ахметовтің төрағалық етуімен өткен кеңесте талқыланды.*

*Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарына сәйкес елімізде аталған кезеңде республикалық бюджет есебінен 176 мектеп тұрғызу жоспарланған, деп хабарлады Премьер-Министрдің баспасөз қызметі». (Егемен Қазақстан. №143-146. 2005).*

Қазіргі мерзімді басылымдарда есептің жарнама-есеп түрі де кезігіп жүр. Онда жиналыстың қайда, қай уақытта өтетіндігі хабарланып келеді де, күн тәртібінде не мәселелер қозғалатындығы санамалай айтылады да қояды.

*• «27.04.2005 ж. сағат 10.00-де ШҚО, Өскемен қаласы, Мырза көшесі, 8 мекен-жайында директорлар кеңесінің бастамасы бойынша «Фармация» ашық акционерлік қоғамы акционерлерінің жиналысы болады, күн тәртібінде:*

*а) Қоғамды жауапкершілігі шектеулі серіктестігі етіп қайта ұйымдастыру туралы;*

б) Қоғамның бағалы қағаздарының тәуелсіз тіркеушісімен шартты бұзу туралы;  
Жиналысқа қатысатын акционерлердің тізімін жасау күні – 26.04.2005 ж». («Егемен Қазақстан». №61, 2005).

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*Алғашқы ауызша хабар. Есептің түрлері. Газет жанры ретінде есептің өзге жанрлардан айырмашылығы. Есеп әзірлеудегі «бригадалық әдіс». Қысқа және төте есеп*

## **2.4 Хабарлы сұхбат**

Сұхбат (интервью) – ағылшын сөзі, «әңгіме, әңгімелесу» деген мағынаны білдіреді. Ол бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің белгілі бір қоғамдық мәні бар мәселе туралы сол мәселеге қатысы бар адаммен жүргізген әңгімесі. Бұл журналистің өзінің хабарлай салғанынан гөрі сенімді, әсерлі болады. Әрі сол мәселе туралы тыңғылықты, жеткілікті мағлұмат алуға мүмкіндік жасайды.

«Күн тәртібінде өмірдің өзі ұсынып отырған қоғамдық мәні бар мәселе жөнінде журналист белгілі бір адамның ой-пікірін біледі, немесе сол мәселе жөнінде одан түсініктеме алады, онымен сөйлеседі, – дейді зерттеуші Т.Амандосов. – Осыларды әдеби өңдеп, қорытып жазады. Міне, осы талаптарға сай жазылған материал газеттің хабар жанрларының бір түрі – интервью боп аталады» [1; 55-б.].

Сұхбатта оқиға, болмыс, құбылыс әңгімелеушінің хабарлауы, айтуы, түсіндіруі арқылы ашылады. Ал журналист сұхбат берушіні дұрыс бағыттап, оған ең қажетті жайттарды айтқызуға талпынады. Осы мақсатта журналист әңгімелесушіні мүдірмей, еркін көсілдіре сөйлету үшін әңгімені сыпайы бастап, екі жаққа да жайлы бағытта жүргізіп отырады, оқырманды қызықтыратын, олардың білгісі келіп отырған мәселелерді ашатын сұрақтар қояды.

Сұхбаттың жанр ретіндегі басты ерекшелігі –

«көкейтестілігі, саяси мақсаттылығы, іскерлігі, қоғамдық мәнділігі, сенімділігі және қызықтырушылығы», – дейді В.Д.Пельт [24].

Соңғы жылдары бұл жанр – мазмұны, тақырыбы, түр-формасы, айдары жағынан үнемі жетіліп, байып келе жатқан жанр. Түрлі газет-журналдардан «Орайы келген сұхбат», «Көкейтесті сұхбат», «Оқырман тілегіне орай сұхбат» деген сияқты әртүрлі айдарлармен беріліп жүрген сұхбаттарды жиі кездестіруге болады.

Зерттеуші Т.Қожакеев сұхбатты хабарлама сұхбат және түсіндірмелі сұхбат деп екі топқа бөледі.

Хабарлама сұхбатты – сұхбат-диалог, сұхбат-монолог, сұхбат-мазмұндама деген түрлерге, түсіндірмелі сұхбатты – сұхбат-суреттеме, баспасөз мәслихаты, дөңгелек үстел басындағы әңгіме, анкета, сын-сұхбат деген түрлерге жіктейді.

**Сұхбат-диалог.** Бұл сұхбаттың ең көп тараған түрі. Тілші мен кейіпкер алма-кезек сөйлеседі. Тілші сұрақ қояды, әңгімелесуші жауап береді.

«Жас Алаш» газетінің тілшісі Г.Нұрмолдақызының француздық «Женераль дез О» компаниясының бас директоры Боб Тэйлор мырзамен арадағы сұхбаты былайша басталады («Жас Алаш», 2001, 17 наурыз):

- – Тэйлор мырза, Алматыға қанша жылға келдіңіздер?  
– Алматы қалалық әкімшілігімен арадағы келісім-шарт бойынша 30 жылға келдік. Егер бәрі жақсы болса, одан кейінге де қалуымыз мүмкін.  
– Сіздердің келулеріңізбен “Алматының суы Францияға асады екен” деген сөз шықты. Рас па?  
– Біз Алматының суын ешқайда әкетпейміз. Оны Францияға шығарудың ешқандай қажеттігі жоқ. Оның үстіне ол қымбатқа түседі.

Кейбір сұхбат-диалогты ресми сұхбат дейміз. Мысалы, Елбасының «Егемен Қазақстан» және шетел газет,

журналдары өкілдеріне берген сұхбаттарын осы топқа жатқызамыз. Өйткені олар ресми адамның ауызымен, еліміздің, үкіметіміздің атынан айтылған пікірлер.

Кейде сұхбат қарапайым еңбек, өнер адамдарымен де жүргізіле береді. Оның формасы әрқилы болып құбылады. Арасына кейіпкер туралы деректер, оның сүйікті анекдоты енгізіліп жатады.

**Сұхбат-монолог.** Редакция қызметкері белгілі бір маманнан оқырманды толғандырып жүрген нақты бір мәселе туралы айтып беруін өтінеді. Оның жауабы ешбір қосымша сұрақсыз соның монологы түрінде жарияланады.

«Жас Алаш» газеті «Қазақстанда шоу-бизнес қалыптасты ма?» деген тақырыппен («Жас Алаш», 2001, 17 наурыз) сұхбат жариялап, оны былай бастайды:

*• «Біз «Жібек жолы» қосымшасының өткен санында осындай сауалнама жүргізгенбіз. Әнші, продюсер Қыдырәлі Болманов бұл тақырыпта айтылар әңгіме көп екендігін айтқан. Біз Қыдырәліге тағы да жолығып, Қазақстандағы шоу-бизнес тақырыбына кеңірек тоқталып өтуін сұрағанбыз».*

Әрі қарай қалған әңгіме ешбір сұрақсыз кейіпкер ауызымен өрбиді.

**Сұхбат-мазмұндама.** Журналист әңгімелесушінің айтқандарын түгел қағазға түсірмейді. Ең қажет деп тапқан түйінін ғана мазмұндап, өзі баяндап шығады. Онда қойылған сауал да, берілген жауап та келтірілмейді.

«Егемен Қазақстан» газеті «Болашақ» бағдарламасы бойынша Германияда білім алып жатқан Өскемен қаласындағы Д.Серікбаев атындағы техникалық университеттің түлегі Гүлжан Тілеукуновамен өскемендік меншікті тілші Оңдасын Елубаймен арада болған әңгіменің мазмұнын берген.

*• «Шет тілде (неміс, ағылшын) техникалық пәндерді меңгеру, ғылыми жұмыс жазу оңай болған жоқ. Ол үлкен қажырлылықты, талмай ізденуді, көп еңбектенуді қажет ететіні белгілі. Гүлжан өзіне жетекшілік жасаған профессорлар мен докторларға, әсіресе профессор Лейтнер мен Фишке, доктор Кюльге алғысы шексіз екендігін айтады. Зерттеу проблемалары бойынша жоғары деңгейдегі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысу арқылы да көп нәрсе үйренгенін мақтаныш тұтады». («Егемен Қазақстан». №427-429, 2009).*

Сұхбат туралы С.Листон: «Газетшілер есі ауысқан сұрақтар қояды. Олар күнге қарап тұрып, күн жарқырай ма, деп сұрай салады» деп жазады. «Газетшілерде бір ғана мақсат болады, – дейді Д.Рэндалл, – хабар жинау» /20/. Ол әңгімелеспес бұрын, алдымен сұхбат не үшін қажет болды, соны анықтап алыңыз; қарапайым сұрақтар қойып, тек ақпарат алуды ойлаңыз; сұхбаттасыңыздың әр жауабын мұқият тындап, әңгімеге жетелеп отырыңыз дейді.

Американ социологы Д.Рисмэн қандай бір жағдай болмасын, сұхбаттасушы ер адамнан гөрі әйел адамның көбірек ақпарат жинай алатынын анықтаған.

Гегель «шебер сұрақ қоя білу де өнер, – дегенді айтады, – әйтпесе, әдемі жауаптың тасасында қойылған сұрақ түкке алғысыз болып қалуы мүмкін».

Мынандай бір мысал келтірейік:

*• Журналист ауыл әкімімен сұхбаттасқалы отыр. Әңгіме – ауылдың келешегі жайлы.*

**Журналист:** *Әңгімені бастамас бұрын, сізге бір сауал қойып алсам ба деймін?*

**Әкім:** *Қойыңыз.*

**Журналист:** *300-400 метр биіктікте ұшып көрдіңіз бе?*

**Әкім:** *Ия, ұшқанмын. Мұның әңгімемізге қандай қатысы бар?*

**Журналист:** *Оқырмандармен бірге сол сіз ұшқан*

*биіктіктен ауыл ахуалына зер салсақ, келер болашағына көз жүгіртсек дегенім зой...*

*Әкім: Жарайды, ұшсақ ұшып көрейік.*

*Журналист әңгімені осылайша ұтымды бастауды жөн көрген. Әрі әкім де өзін еркін сезіне бастаған.*

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*Сұхбаттағы оқиға, болмыс, құбылыс. Сұхбат-диалог. Сұхбат-монолог. Сұхбат-мазмұндама. Оқырман үшін сұхбаттың маңызы.*

### **2.5 Блиц-сауалнама**

Сауалнама бір есептен сұрақ қою арқылы тиісті ақпарат алуды мақсат ететін сұхбатқа ұқсағанымен, оның өзіндік жанрлық ерекшелігі бар. Сұхбат әртүрлі сипаттағы бірнеше сұрақтардың жауабын бір адамнан алуды мақсат етсе, сауалнама барысында журналист бір сауалдың жауабын бірнеше адамнан білуге мүмкіндік алады. Яғни, әлдебір пікір, ой, қауесет туралы әртүрлі адамдар көзімен аудиторияны хабардар етуді міндет тұтады.

«Айқын» газеті «Көкейдегі сауал» деген айдармен бірінші бетте тұрақты түрде блиц-сауалнама басып жүр. 2006 жылғы 19 шілдедегі санында «Жеңімпаздарға сыйақыны өсіру спорттағы резервті дайындау мәселесін шеше ала ма?» деп бірнеше спорт мамандарына сауал тастап, өзекті мәселеге өрелі жауап іздейді. Ұлттық штаттағы командалар және спорт резерві дирекциясының директоры Е.Қанағатовтың, әскерилердің орталық спорт клубының төрағасы П.Новиковтың, дзю-до күресінің жаттықтырушысы М.Тауғановтың осы мәселе жөніндегі пікірлерін береді.

Осы газет тағы бір санында (№162, 2007) «Кімнің баласы қай мектепте оқиды?» деген ортақ сауал тастап, халық әртісі А.Әшімовтен, сазгер К.Дүйсекеевтен, ақын Иран-Ғайыптан, әнші Г.Тергеубековадан пікір сұраған.

«Егемен Қазақстан» газеті Берлин қаласындағы Әлемдік мәдениеттер сарайының концерттік залында Қазақстанның Германиядағы жылының жабылу аясында Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театры артистерінің Гала-концертінен соң «Концертке қатысушылар лебізі» деген айдармен еліміздің өнер шеберлерінің концерті туралы құрметті қонақтардың пікірлерін білген.

• *«Ганс-Дитрих Геншер, отставкадағы сыртқы істер министрі:*

*Қазақстанның Германиядағы жылы табысты өтті. Екі жақ үшін де табысты болды. Қазақтар мен немістер бұл жылы айтарлықтай жақындай түсті.*

*Др.Кристофор Бергнер, Парламенттік статс-хатшы: Қазақстанның Германиядағы жылы Германия-Қазақстан қарым-қатынасын дамытуда ерекше маңызға ие болды. Бұл жылдың Қазақстанда тұратын неміс этносы үшін де маңызы зор болғаны анық.*

*Штефан Юдиш, RSTG компаниясының атқарушы директоры:*

*Менің өзіме бүгінгі клиңерт тамаша әсер етті. Тума талант иелері өздерінің жоғары орындаушылық шеберліктерін көрсетті. Мен қазақтардың музыкалық мәдениетін жаңа қырынан таныдым. Қобыз бен домбыра үні ұнады. («Егемен Қазақстан». №425-426, 2009).*

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*Сауалнаманың сұхбаттан ерекшелігі. Сауалнама жүргізу формалары. Газеттердегі сауалнама. Сауалнама және оқырман. Сауалнаманың жанрлық ерекшеліктері.*

### **2.6 Сұрақ-жауап**

Мұндай жарияланым оқырман сауалына не журналистің өзі, не сол сұраққа қатысы бар тиісті сала маманы жауап беруден туады. Бұл әуелден газет бетінен түспеген жанр.

Бірақ жеке жанр ретінде қарастырылған емес. Оқырманнан сауал түспесе бұл жанр туындамайды. Сондықтан да сауал да, оған жауап та қатар басылады. Тақырыпты ұсынатын – сауал, сондықтан жауап сол сауал төңірегінен ауытқып кете алмайды. Әсіресе, мұны «Аргументы и факты» газетінен жиі кездестіруге болады. Оқырманның көкейінде жүрген сауалға дер кезінде үн қосу – газет беделінің негізі. Кейде қойылған сауалға редакцияда қапелімде жауап бере қоятын мәлімет болмай қалады. Мұндайда қолда бар мәліметке сәйкес сауалды егтеп редакциялап, жауапқа ыңғайлауға болады. Кей сәтте қызықты бір материалды беру үшін меншікті тілшілер арқылы оқырманға қолқа салып, сауал ұйымдастыру да тәжірибеде жиі кездеседі.

• *«Танымал әнші, жақсы сазгер Гауһар Әлімбаева жақында оңтүстікке келін болыпты. «Ақ келіннің» бағы жанып, қосағымен қоса ағарғанын тілейміз. Бір өкініштісі, Гауһар енді Шымкентте тұрады екен. Бізді оның шығармашығы алаңдатады. Сүйікті әншіміз өнер ордасынан алыстап кеткен секілді көрінеді. Гауһар мен жолдасының суретін жарияласаңыздар екен. Сәлеммен Ақбаян, Құлсарыдан*

*- Жоға, күйеуге шыққан жоқпын. Тұрмысқа шығатын болсам, жасырмаймын. Осы ел «күйеуге шыққан оңай» деп ойлайды ғой деймін. «Бір басым екеу болып жатса» жар салып айтатын едім ғой елге. Жоқ, мені «алайын» деп біреу дайын тұр ма екен? Шымкентте жүрген себебім, Ташкентте «Көктемгі жаңбыр», «Жазығым не?» деген әндеріме клип түсірдім. Сол жақта бес-алты жаңа ән жаздырдым. Оның бәріне уақыт керек. Өзімнің туған жерім Жетісай Алматыға қарағанда Ташкентке тиіп тұр ғой. Сондықтан «әрі-бері жүргенге жақын болсын» деп, біраз уақыт ауылда болдым. Құдай қаласа, тірліктерім бітті, енді Алматыға қайтып ораламын. «Әлдшлесін махаббат ән бесігін» деген атпен жақын арада ән жинағым жарық көреді. «Қазақстан» ұлттық арнасы жаңа клипімді бір-екі мәрте көрсетіп үлгерді.*

*Екі ән де ұнтаспа арқылы елге танымал болғанымен, эфирде орындалған емес. Екеуі де жақсы көретін әндерім болған соң, клип түсіргенді жөн көрдім. Оған ешкім демеушілік еткен жоқ. Өз әнімнің демеушісі де, орындаушысы да, таратушысы да тек қана өзіммін. «Ақ келінге» бір кісілер «көмектесеміз» деп уәде беріп еді, бірақ онысы сөз жүзінде қалды. Өзім түсіргенге оған көп қаражат кетеді, әзірге мүмкіндігім жоқ. («Айқын апта», №131, 2006).*

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*Сауал және жауап: газет беделі. Сұрақ қою өнері. Сұхбат алушы мен әңгімелеуші арасындағы психологиялық тартыс. Алдын-ала сұрақ әзірлеу тәсілдері. Тақырып ұсынатын сауал.*

## **2.7 Репортаж**

Оқырманды ізі суымаған маңызды оқиғалармен хабарлар ететін хабарлама жанрларының бірі – репортаж. Репортаж латынша «reportare» – жаңалықты «жеткізу», «хабарлау» деген мағынаны береді. Репортаж жазушы журналисті немесе эфир арқылы репортаж жүргізуші адамды «репортер» деп атайды. XIX ғасырдың алғашқы жартысында репортерлер жазатын ақпараттық материалдардың бір тобын «репортаж» деп атаған.

Алғашқы уақыттарда ағылшын парламентінің мәжілістеріндегі дебаттар туралы жазылған хабарларды, түрлі жиналыстарды, сот мәжілістері туралы хабарламаларды «репортаж» дейтін. Кейін мұндай репортаждарды «есеп» дейтін болды. Қазіргі очерктерге ұқсас, мазмұндас материалдар да репортаж атанған. Белгілі батыс репортерлері Джон Рид, Эгон Эрвин Киш, Эрнест Хэмингуэй, Юлиус Фучик және басқалары қазіргі түсінікте очеркестер еді. Еуропа журналистерінің бүгінгі күні репортаж деп жүргендерінің өзін очерк деп қабылдағанымыз жөн.

Репортерлер ең қызықты деген оқиғаларды іздеуге

тырысқан. Олар үшін «ит адамды қапса – жаңалық емес, адам итті тістесе – жаңалық» деген принцип басты қағидаға айналған. Репортерлер армиясы әсіресе Англияда, Францияда, Ресейде, Америкада ерекше дамыды.

XIX ғасырдың соңында – XX ғасырдың басында Мәскеудің өндіріс кәсіпорындарындағы жұмысшылар жайын шебер жаза білген талантты орыс репортері В.А.Гиляровский халық сүйіспеншілігіне бөленіп, «орыс репортажының королі», «Гиля атай» атанған. В.Гиляровскийдің: «әр түрлі себептермен өзгеге онша ұнай қоймайтын репортер деген атты мен жарты ғасырдай құрметпен алып жүрдім» деген пікірі репортер мамандығының қаншалықты құрметті мамандық екенін дәлелдесе керек.

Бұдан басқа баспасөз тарихында Э.Киш, Л.Фейснер, М.Кольцов, Е.Рябчиков, Б.Горбатов есімдері де репортаж жазу шеберлері ретінде жақсы таныс. Қазақ баспасөзі тарихында репортаж жазудың шеберлері деп М.Әуезовты, М.Иманжановты, Б.Бұлқышевті, К.Смайыловты, т.б. атасақ болады. Репортаж жазып танылған көптеген қаламгерлер жазушы болып кетті.

Енді, репортажға баға берген зерттеушілер пікірлеріне зер салайық. Т.Амандосов: «Автор өз түйсігі арқылы өмір картиналарын дәлме-дәл күйінде баяндаса, оның баяндауы публицистикалық мәнермен әсерлі де әдемі келіп, болған оқиғаға автордың өзі қатысқаны шығарманың бүкіл өнбойынан сезіліп тұрса, бұл хабар жанрларының бір түрі – репортаж болады» [1], – деп баға берсе, Т.Қожакеев: «Репортаж болмыс, құбылыс, оқиға, фактіні қамту ауқымына қарай, көрсету тәсіліне, тіл, стиліне, құрылымына, мақсат, міндетіне қарай танылады» [3], – дейді. Ал К.Г.Бойконың пікірінше: «Репортаж – дамып, үнемі қозғалыста болып отыратын жанр» [16]. Бұл жанр жөнінде В.Ученованың да өзіндік пікірі бар: «Репортаж – журналист-бақылаушының өз көз алдында болған нәрсені сол күйінде әңгімелеуі» [20].

Репортаж нақты бір уақыт аралығындағы болып өткен оқиғаны ғана қамтып жазады. Жай ғана хабарлай салмай,

көз алдыға елестетіп, суреттеп көрсетеді. Мәселен, Наурыз мейрамы, спорт жарыстары. Репортажды оқыған оқырман оқиғаны өз көзімен көріп, өзі соның ішінде жүргендей сезінеді. Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның өзінің атындағы мектепте болып, оқушылармен кездесуінен жазылған репортаждың бір жерінде мынадай сурет бар:

*«Аядай ғана ауыл атақты Ақсу-Жабағылы қорығының дәл іргесіне орналасыпты. Бұл жерге біз кештетіп келсек те, қарағұрым халықтың үстінен шықтық. Араларында жастары да, қарттары да бар.*

*Оқушылар Шер-аға мен қонақтарды сыртта қаз-қатар болып сапқа тұрып қарсы алды. Қазақы дәстүрге сай дәм-тұз ұсынып, жыр шашуын шашты.*

*Бұл қазақ сан құзырдан күйік шеккен,  
Қырық ру қырандарды жиып шеттен.*

*Шер-аға, Сіз ганасыз бұл қазақта,*

*Жерлестік, жүз дертінен биік кеткен, –*

*деп басталатын жыр толғауы толастай берген тұста мектеп директоры Гүлбибі Ешенқұлова ханым Шер-ағаға өзінің атындағы мектеп аты берілген куәлік пен гүл дестелерін ұсынып, қонақтарды ішке шақырды...» / «Егемен Қазақстан», 4.12.1997/.*

Тағы бір ерекшелік, репортажда оқиға өз кезегімен, өз орын алуымен, өрбу ретімен баяндалады. Оқырман оқиғаның қалай басталып, қалай дамып, қалай аяқталғанын аңғарады. Сондықтан онда репортажға өзек болып отырған құбылысты ашуға септігі тиетін естеліктер, тарихи мағлұматтар, статистикалық цифрлар молынан пайдаланылады. Бұдан шығатын қорытынды, репортажда болмыс пен құбылысты әсерлі етіп көрсету үшін бейнелеу, елестету, суреттеу құралдары молынан қолданылады. Репортажда басты кейіпкер – автордың өзі.

Журналист өмірінен алынған мына бір репортаж қалам иелерінің шынайы тіршілігін көрсете алған:



• «Егер сіз бийқаусызда телеарнадағы жаңалықтар бөліміне бас сұқсаңыз, қарбалас тіршіліктің куәсі болар едіңіз. Газет-журнал тілшілері диктофон, компьютер, телефонның көмегімен бар жұмысын тындырып жатса, тележурналист оператор, көлік жүргізуші мен үйлестірушінің жәрдемінсіз ешқайда жылжи алмайды. Таң атар-атпас көзіңді тырнап ашқаннан-ақ «кұдай-ау, маған кандай съемка бұйырар екен?» деп жүрегің лүпілдей бастайды. Күнделікті көлік тығынынан әзер құтылып, сүрініп-қабынып редакцияға жеткен бойда екі құлағына екі телефонның трубкасын қойып алып ақпарат қабылдап отырған үйлестірушіге кез боласың. Оның «қайда жүрсің?!» деп ақырған дауысы ұйқыңды шайдай ашады. Үстел үстіндегі рациядан ауық-ауық «кімді қайда апарамын?» деген көлік жүргізушілердің дауысы естіліп қалады. Уақыт өте тығыз, баратын жерге кешікпеу керек. Кассетаңды оң қолыңа, кітапшанды қойныңа қыстырып, операторлар бөлмесінен бір таспагерді жетектеп шығу да тілшінің міндеті. Батарейка мен микрофоны салынған зілдей сөмкесін «сүйрету» де, жоғалтып алмай көздің карашығындай сақтау да «қасиетті борышың». Сонымен, «бәрін айт та, бірін айт», тиісті жерге жеткенше арқалайтын жүгің біршама...» *«Журналист», №5, 2006.*

Зерттеуші Т.Қожакеев репортаж жанрына тән талаптардың бар екендігін жазады. Алдымен репортаж күнделікті өмір тынысының қоғамдық-әлеуметтік мәні бар оқиғаларынан хабардар етеді. Оқиғаның ең мәнді, ең қажетті тұсы ғана қамтылады және автор өз көзқарасын білдіріп, пікір айтады. Репортажда ойдан шығарып, ойдан қосуға болмайды. Репортажда автордың белсенді “мені” айқын аңғарылып тұрады. Тағы бір талап – репортаж жағымды леппен де, сын айтуға негізделіп те жазыла береді. Авторлық толғаныс басым жатады.

Кез келген репортердің міндеті аудиторияға болған оқиғаны өз көзімен көргендей әсер беру. Бұған екі әдіс арқылы қол

жеткізуге болады: біріншісі – оқиға динамикасын беру (болған оқиғаны қаз-қалпында баяндау), екіншісі – авторлық толғанысты беру (болған оқиғаны журналист көзімен баяндау).

Түрлі зерттеулерде репортажды түрге бөле бермейді. Сөйте тұрса да қазіргі баспасөзде оның өзіндік белгілеріне қарай кейбір түрлері көрініс тауып жатады.

1. *Оперативті репортаж.* Бұл белгілі бір уақыттың ішінде болған оқиғаны ғана қамтып жазады. Мұндай оқиғалар белгілі бір күнде, нақтылы бір уақытта өтеді. Мысалы, халықаралық конференцияның өтуі, шетел делегациясының келуі, т.б.

2. *Оқиғалы репортаж.* Қоғамдық-саяси мәні бар оқиғалар туралы жазады. Мысалы, қазақ қызының ғарышқа ұшуы, террорлық жарылыстың жасалуы, т.б.

3. *Проблемалық репортаж.* Өмірдің барлық саласынан жазылады. Істің жақсы жағы да, жетіспеген тұсы да баяндала береді.

4. *Жол-жөнекей репортаж.* Журналист редакция тапсырмасымен жолсапарға шығып, жол-жөнекей көргендерінің ішіндегі елеулі нәрселерді қаз-қалпында баяндап отырады.

Сонымен, репортаж дегеніміз – «журналистің өзі көріп, өзі қатысқан маңызды оқиғаның қоғамдық мәнін көзге көрсете, елестете суреттеу арқылы ашатын хабар жанры. Оқиғаны елестету, көрсету, картина жасау – репортаждың басты белгісі. Демек, репортер жай хабаршы емес, әрі суреткер» [3]. Жақсы репортаж жаңалықты көре біліп, оқиға мен құбылысты қаз-қалпында суреттей алғанда ғана туады.

### *Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары*

*Ағылшын парламенті мәжілістеріндегі дебаттар. Қазақ репортерлері. Репортаж жанрын зерттеушілер. Репортаждың түрлері. Репортер хабаршы ьм суреткер. Репортажда жиі нысанға айналатын оқиғалар. Репортер “мамандығын ауыстырады”. Жанрлар кірігуі.*

## 2.8 Азанама

Мерзімді баспасөз пайда болған алғашқы кездерден бастап-ақ газет пен журналда жиі басылатын жанрдың бірі – азанама. Жанрдың ерекшелігі – әлдебір қайтыс болған адамның (тұлғаның) өмір жолынан деректер беру. Әлдебір адам туралы дерек беретін қылмыстық хабарламадан айырмасы – аудитория үшін танымал адамның қайтыс болғандығын хабарлау ғана. Азанамада марқұмның шағын өмірбаяны, қызметтегі жетістіктері, алған наградалары туралы жазылады. Кейде азанама соңында қосымша қайтыс болу себебі, жерлеу уақыты мен орны да хабарланады. Тебіреніспен, қимас сезіммен жазылатын поэтикалық азанамалар да болады. Азанама әдетте марқұмның жарқын бейнесін есте ұстауға уәде еткен қоштасу сөздерімен аяқталады.

• «Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісінің көрнекті ұйымдастырушысы, Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шайқыслам Серікжанұлы Мусин дүниеден өтті.

Шайқыслам Серікжанұлы Мусин 1933 жылы Семей облысының Күлмен ауылдық кеңесі жерінде ежелден мал баққан шаруаның отбасында өмірге келді. Күлмендегі жеті жылдық мектепті біргеннен кейін ол Семейдегі ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түседі. Бұдан соң туған ауылына қайта оралып, бөлімшенің зоотехнигі ретінде өзінің еңбектегі алғашқы қадамдарын бастады. 1950 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына оқуға түсті. Осы жоғары оқу орнын тәмамдаған жас маман бұдан кейін Алматы облысының Жамбыл ауданындағы “Қастек” қой тұқымын асылдандыру кеңшарына бас зоотехник қызметіне жіберілді. Шайқыслам Мусин 1962-1976 жылдарда “Қастек” мемлекеттік қой тұқымын асылдандыру зауытының директоры, 1978-1981 жылдары “Октябрьдің 60 жылдығы” кеңшарының, ал 1981-1984

жылдары “Рославль” кеңшарының директоры болып қызмет атқарды.

Шайқыслам Серікжанұлы 1998 жылдан бастап жасының ұл-зайғанына қарамастан, қазіргі заман талаптарына үн қоса отырып, “Жас дәурен” жекеменшік шаруа қожалығын құрды. Нарықтың жаңа қатынасы жағдайында жұмыс істеп жатқан бұл шаруа қожалығының табысы айтарлықтай.

Шайқыслам Серікжанұлы Мусиннің еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланды, кезінде оған Еңбек Ері атағы, Еңбек Қызыл Ту ордені берілді. Шайқыслам Мусин ауыл шаруашылығындағы жетістіктері үшін 1974 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығымен марапатталды.

Өнегелі отағасы, жаны жайдары әрі турашыл азаматтың жарқын бейнесі оны білетіндердің жадында әрдайым сақталады.

Марқұмның алды жарық, иманы жолдас болсын!

Бір топ жолдастары». (Егемен Қазақстан. №313. 2004)

## Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

Азанама жанрының ерекшеліктері. Азанаманың қылмыстық хабарлардан айырмасы. Поэтикалық азанамалар. Азанама және көңіл айту. Азанаманы газетке әзірлеу ерекшеліктері

## 2.9 Ақпараттық кескін

Ақпараттық кескін (*infographics / инфографика*) – журналистикадағы жаңа бағыт. Мұны әлем медиаөндірісіндегі ең кенже дамыған жанр десек те болар. Батыс және Ресей бұқаралық ақпарат құралдары ақпараттық кескінді журналистиканың бір құралына айналдырып алғаны қай заман. Өкінішке орай, Қазақстанда, ішінара кей басылымдар мен телеарналарда арақидік көрініп қалғаны болмаса, мұны кездестіре қою қиын. Әзірге бұл жанрға қызығушылар аз және оның маңызын әлі жете түсіне қойған жоқ.

Жалпы, ақпараттық кескіннің БАҚ-тың визуальды-безендіру сапасын жақсартып, қазіргі заманға сай нақты да анық ақпарат беруге, оқырман мен көрерменді көптеп тартуға тиер септігі мол.

Ақпараттық кескін деп отырғанымыз – сурет пен ақпараттың, кескін мен мәтіннің бір мезгілде үйлесім табуы, сөзбен түсіндіріп жеткізуі күрделі, оқырман/көрермен ықыласын бірден аударып алатын ақпаратты түйінді мағлұмат арқылы оңтайлы беру әдісі. Ақпараттық кескінді өмірдің сан-саласында кеңінен қолдана беруге болады: ғылымда, саясатта, экономикада, мәдениетте, спортта, т.б. Ал бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық кескінді тек визуальды түрлерінде ғана қолдануға ыңғайлы. Яғни, есту арқылы тыңдарманмен байланысқа түсетін радиодан гөрі көру арқылы ықпал ететін мерзімді баспасөз бен телевизияда оны еркін пайдалуға мүмкіндік бар. Яғни, ол визуальды тіл формасын құрайды. Бұл форманы пайдаланудың мақсаты – ақпаратқа еркін әрі тиімді қол жеткізу.

Ақпараттық кескінің ақпараттар тасқыны заманында дүниеге келуінің өзіндік сыры бар. БАҚ осы арқылы кез-келген ақпаратты жедел әрі айқын жеткізуге мүмкіндік алды. Былайша алғанда, ақпараттық кескін мәтінді толық айырбастай алады. Тіпті, келешекте АҚ газет мәтінінің елеулі бөлігін айырбастауы мүмкін деген пікірлерді айтушылар да бар.

Ақпараттық кескін мақала немесе сюжет мазмұнындағы негізгі деген ақпаратты сүзіп алып, ықшамдап, бір нүктеге жинақтап, бір сағат бойы оқып немесе көріп шығатын дүниені 1 секундта-ақ бере алады. Әсіресе, ол уақыт пен кеңістікке тәуелді фактілердің алгоритмін ықшамдап алуға, ұзын-сонар статистикалық мәліметтерді жұмырлап көрсетуге, күрделі оқиғаның неден тұратынын қадап айтып, оқырман/көрермен назарын аударуға таптырмайтын тәсіл. Тіпті, асқан тәжірибемен әзірленген ақпараттық кескін көзге көрінбейтін кей жағдаяттарды да анық ұсына алады.

Ақпараттық кескіннің алғашқы үлгілері Лондонда пайда болды. ХІХ ғасырдың 90-жылдарында Альбион елінде

белгісіз себептермен адам өлімі көбейіп кетті. Халық толқып, абыржи бастады. Індет ошақтарынан адамдарды сақтандыру шаралары қажеттігі туды. Әртүрлі сараптамалар бұл індеттің неден және қайдан келгенін халыққа нақты әрі жеңіл түсіндіріп бере алмады. Жергілікті билік қала орталығындағы үлкен карталардың біріне қара жамылған әр үйдің тұсына ине шанши бастады. Таң қаларлығы, карта арқылы өлім-жітімнің негізінен қала іргесіндегі батпаққа жақын аймақтарда екендігі белгілі болды. Осылайша сол аймақтағы ауыз судың құрамы тексеріліп, Темза өзеніне құйылып жатқан өндіріс қалдықтарының зияндылығы анықталды. Егер карта кескіні болмаса, бұл індет жұмбақ күйінде қалған болар еді.

Ақпараттық кескінді әзірлеу барысында ең алдымен оқырманды/көрерменді қызықтырар ақпарат және соған сай кескін қажет. Көбіне ақпараттық кескінді дизайнерлер әзірлеп жатады. Бірақ дизайнерлер ақпараттық кескіннің әдемі иллюстрация үшін емес, фактіні түсінікті тілмен жеткізу үшін қажет екендігін естен шығарып алады. Әсем безендірілген түрлі-түсті бояу ақпараттық кескіннің әрін ашқанымен, бүкіл ақпараттық болмысын көлеңкеде қалдырып қояды. Сондықтан ақпараттық кескінмен жұмыс істеушілердің тек дизайнер ғана болмай, журналист болғанын да қалар едік.

Ең қарапайым кескіндер – таблицалар, диаграммалар, карталар барлығымызға түсінікті. Бірақ АҚ-ді мұнымен шектемеген жөн. Ақпараттық кескін арқылы ақпарат берудің миллиондаған әдістері бар. Толық мағлұмат беру үшін күрделі ақпараттық кескіндерде мәтіндік блоктар фотосуреттермен, кескіндік иллюстрациялармен, тіпті комикстермен қабысып жатады.

Телевизияда да ақпараттық кескіндер кеңінен пайдаланылып жатады. Әсіресе, ауа райын хабарлау, бизнес жаңалықтарын жеткізу, ойын-сауық бағдарламалары кезінде оны байқау қиын емес. Бірақ ақпараттық жаңалықтар мен авторлық бағдарламаларда ол сирек қолданылады. Қазақстан телеарналарында ақпараттық кескінді алғашқылардың бірі болып «Хабар» агенттігі «Хабар-Бизнес», «Жеті күн»

бағдарламасында қолдана бастады. Кейін келе апталық сараптама бағдарламалары да ақпараттық кескіннің саяси рейтингтік жүйелерді жедел көрсетудегі мүмкіндігін пайдалана бастады. Әрине, қарапайым сюжетті әзірлеуден гөрі мұның көптеген қиындықтары бар. Әрі қымбатқа да түседі. Дегенмен, оқырман да, көрермен де бұған ықылас танытатындықтан, барлық қиындығына көнуге мәжбүр боласыз.

Мынау «Хабар» агенттігінің валюта бағамын ақпараттық кескін арқылы ұсынған интернеттегі порталы:

## ВАЛЮТА БАҒАМЫ

	Астана	KZT	121.00	•
	Ашхабад	TMM	14.250	•
	Баку	AZM	0.8017	•
	Бішкек	KGS	39.5727	•
	Мәскеу	RUR	30.5331	•
	Ташкент	UZS	1393.00	•
	ЕО елдері	EUR	0.73	•
	Тегеран	IRR	9.896	•


Интернетте мұны кәдеге асыру өте жеңіл. Тек компьютерде тиісті бағдарламалар мен тәжірибеңіз бен идеяңыз болса болғаны.

Ақпараттық кескін әзірлеуде көркемдіктен гөрі ақпарат беру тәсілін естен шығармаған жөн. Осыған байланысты тәжірибеде жиі кездесер бірер кеңес бере кетейік. Мақалаға қосымша ақпарат бермейтін болса күрделі кескіндерден ешқандай пайда жоқ. Ең бастысы, ол ұсынылған мәтінге қосалқы рөл атқаруы тиіс. Статистикалық және цифрлық мәліметтер нақты көрінетіндіктен, оған шығармашылық мүмкіндіктерді жұмсау өте шектеулі. Сондықтан цифрлы кескіндер мен диаграммалар иллюстарциясының бояуларын қоюлата бермей, қарапайым берген жөн.

Егер сіз өз мақалаңызға қажетті ақпараттық кескінді өзіңіз әзірлей алмайтын болсаңыз, дизайнермен күнібұрын ақылдасып, оның берілу формасын әбден кесіп-пішіп алған дұрыс. Бәлкім, кескін жасау барысында қосымша цифрлар мен дәйектер қажет болып қалуы әбден мүмкін. Ақпараттық кескіннің көлемін де белгілеп алған артықтық етпейді. Себебі мәтіні көп кескіннің қарпі майдаланып кетеді де, оны оқырманның қабылдауы қиынға соғады. Зады, ақпараттық кескінді мәтінге орын қалмайтындай барлық қажетті материалдар толық қамтыла әзірлеген дұрыс. Жалпыға ортақ символдардың пайдаланылуы да кескінді қабылдау әсерін арттырады: мәселен, тасбақа – баяулықты, қызыл түс – қауіп-қатерді білдіреді.

Ақпараттық кескіннің міндетті түрде тақырыбы болғаны жөн және қысқаша мәтіндік түсініктемесі болады. Ең бастысы, қарапайымдылық пен идея маңыздылығы ақпараттық кескіннің мәнін ашады.

«Қазақпарат» агенттігі өзінің интернет порталында «Қазақ деген кім және қайда тұрады?» деген тақырыппен ақпараттық кескін ұсынған. Онда қазақ мемлекетін құрушы жергілікті ұлт туралы толыққанды ақпарат берілген:



Қазақ деген кім және қайда тұрады?

Қазақтар — қазақ мемлекетін құраушы жергілікті ұлт.

Қазақтар — қазақ мемлекетін құраушы жергілікті ұлт.

Бүгінгіс әлсіз рөлге иеленген XIV ғасырға дейін

Қазақтардың арғы тегі — ағартушылар, гүлерлер, сарылар, ұлылар, қарақыпшақтар, ұлылар және қарақыпшақтар.

Қазақтардың арғы тегі — ағартушылар, гүлерлер, сарылар, ұлылар, қарақыпшақтар, ұлылар және қарақыпшақтар.

Бұл карта Қазақстанның және Қазақтардың тарихы мен мәдениеті туралы мәліметтерді ұсынады. [www.kazakh.kz](http://www.kazakh.kz)

Газет жарияланымын, оқулық, ғылыми, ғылыми-көпшілік, техникалық әдебиеттерді редакциялау барысында әдеби редактор түрлі статистикалық материалдарға кезігеді. Қарапайым цифрлы материалдарды, әрине, қарап шығу оңай, ал күрделі математикалық, химиялық, физикалық формулаларды, теңдеулерді тексеру үшін мамандар мен рецензенттердің пікірлеріне сүйенуге тура келеді. Цифрлы материалдарды тым тоғыта беру оқырманның оқуын қиындатады.

Редактор цифрлы материалды беру әдісін де ойластырып алуы тиіс: динамика немесе диаграмма түрінде, кесте немесе таблица түрінде, т.б. Әсіресе, таблицалық материалдарға абай болған жөн.

Газетте, кітап пен журналда таблицалық материалдың екі негізгі түрі қолданылады: таблицалар және қорытындылар. Екеуінің айырмашылығы: таблицалар – ленейкалы, қорытындылар – ленейкасыз, тақырыпсыз болып келеді.

Таблицаның негізгі элементтері мыналар: 1) нөмір; 2) тақырып; 3) жақтау – сол жақтағы көлбеу графа; 4) маңдайша – тақырыпшалар бөлігі; 5) прографка; 6) ескерту.

*N 1 таблица } нөмір*

*Қазақ халқының 1917 жылғы тайпалық құрамы мен саны және олардың орналасуы } тақырып (мың адам есебімен)*


→ жақтау ←                      прографка ←

Таблицалы кескіндерді редакциялауда мына ережелерді ұмытпаған жөн: 1) жақтау мен маңдайшаның нақты да қысқа берілуін қадағалау; 2) оларды келтірілген мәліметтермен ыңғайластыру; 3) мәтінде белгілермен көрсетілген сөздерді жақтау мен маңдайшаларда өзгертіп беру; 4) қысқартулар мен белгілерді ретке келтіру; 5) таблица аты мен мәтіндегі қайталанатын сөздерді алып тастау.

Графа тақырыптары атау септігінде беріледі. Жақтаудағы тасымалға, маңдайшадағы қысқарған сөздерге абай болған жөн. Сөз сыймай қалған жағдайда шағын кегельді қаріптерді пайдалану керек. Таблицада тырнақша көп қолданыла бермейді. Бір бетке сыймай, таблица келесі бетке көшсе, графа тақырыпшалары нөмірлене салады. Қысқасы, таблица арқылы бүкіл мәтін мазмұнын білуге болады. Егер графа саны аз болса, таблица орнына қорытынды пайдаланыла салады.

*Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары*

*Ақпараттық кескін – журналистикадағы жаңа бағыт. Сурет пен ақпараттың, кескін мен мәтіннің үйлесімділігі. Мақала мен сюжет мазмұнындағы кескін. Қарапайым кескіндер. Газет графикасы.*

### 3. ОҚИҒАЛЫ-ТАЛДАМАЛЫ ЖАНРЛАР

Публицистика теориясында жанрлардың бірнеше топқа бөлінетінін жоғарыда айтқанбыз. Солардың ішінде факті мен оқиғаны хабарлап қана қоймай, сол құбылыстың мәнін талдап, ашып көрсететін жанрлар тобы – талдамалы жанрлар болып табылады. Яғни, бұлар өмір фактілерін жинақтап, оны жан-жақты талдап зерттейді, қорытады, оқиғалар мен құбылыстарды баяндайды. Саяси және халық шаруашылығы саласындағы басты мәселелерге газет, ең алдымен, осы талдамалы жанрлар арқылы үн қосады.

#### 3.1 Талдамалы есеп

Талдамалы есеп те хабарлы есеп сияқты түрлі жиындардан, жиналыстардан, съездерден, конференциялардан, т.б. жазылады. Егер хабарлы есеп жиналыстың, конференцияның, т.б. жиындардың өткенін, онда қандай мәселелердің қозғалғанын, не шешім қабылданғанын сырттай хабарлап қана айтса, талдамалы есеп жиынды тұтастай қамтып, әрбір сөйленген сөзге мән беріп, түйін жасап, проблемаға аргумент ұсынып, жан-жақты талдау жасайды. Яғни, аудиторияны жиыннан тұтастай хабардар етеді. Кейбір сөйленген сөздердің тақырыптық мәніне көңіл бөліп, маңызы жағынан өткір мәселелерге оқырман назарын аударады. Есеп жазушы жиында қозғалған мәселелерге қатысты фактілерге тереңірек мән беріп, өз ойын білдіре алады. Бірақ ол жиын мазмұны мен формасын өзгертіп беруге құқы жоқ. Оқырман жиынға қатысушы қозғаған мәселе мен автор ойының ара жігін ажырата алатындай болуы тиіс. Жиын үстіндегі шынайы жағдайға, шынайы проблемаға, шынайы процеске қатысты журналист өз бағасын беріп, ойын білдіре алады. Бұл талдамалы есептің *түсіндірме есеп, бағалау есебі, бағдарлама есеп* сияқты түрлерін туындатады.

Бұдан басқа талдамалы есептің басқа да түрлері бар.

*Кеңейтілген есеп* көлемді болады. Кейде мұндай есептер газеттің бір-екі бетін тұтастай алып жатады. Онда баяндамашы мен сөйлеушілердің аты-жөні, лауазымы толық беріледі, айтқан пікірлері мазмұндама түрінде кең баяндалады.

• *«Жексенбі күні Астанадағы “Риксос” қонақүйінің “Жерұйық” атты залында орыс баспасөзінің VIII дүниежүзілік Конгресі ашылды.*

*Оны Орыс баспасөзі дүниежүзілік ассоциациясының (ОБДА) президенті, Ресейдің ақпараттық телеграфтық “ИТАР-ТАСС” агенттігінің бас директоры Виталий Игнатенко ашты. Конгрестің қонақтарына, яғни әлемнің 42 елінен келген қатысушыларға ыстық сәлем жолдай келіп, оны осында өткізуге мүмкіндік берген Қазақстан Үкіметіне және осы бастаманы көтерген Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты Дарига Назарбаеваға алғысын білдірді. Осыдан кейін сөзді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Оралбай Әбдікәрімов алып, Конгреске қатысушыларға арналған Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың құттықтау сөзін оқып берді. Елбасы еліміздегі баспасөздің жай-күйіне тоқталыпты...*

*Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің құттықтау сөзін Виталий Игнатенко оқыды.*

*Жұмыс барысында бес пленарлық отырыс өтіп, әлемдік және аймақтық мәселелер бойынша пікір алмасулар болады...».* («Егемен Қазақстан», 146, 2006).

Зерттеуші Т.Қожакеев кеңейтілген есепті бірнеше топқа жіктейді:

*Жалпы есеп.* Жиында қозғалған барлық мәселе түгелдей қамтыла жазылады. Баяндамада айтылған жетістіктер де, кемшіліктер де тұтастай сөз болады.

“Күләш Байсейітова атындағы ұлттық опера және балет тетрында “Егемен Қазақстан” газетінің 90 жылдығына арналған салтанатты кеш өтті”, – деп басталатын айқарма

бет есепте (“Егемен Қазақстан”, №435-437, 2009) бас басылымның торқалы тойынан кең қамтылған есепті мағлұмат беріледі.

*Тақырыптық есеп.* Есеп басқосуда әңгіме болған әралуан мәселелердің ішінен ең бір маңызды пікірге құрыла жазылады. Мәселен, су тапшылығы мәселесі, кәсіпкерлік проблемалары... Бірде тақырыптық есеп сөз ететін мәселеге жеке бір шешеннің сөзін арқау етсе, енді бірде сөйленген сөздер ішінен тақырыпқа қатысты жайттар бөлініп алынып, ең мәнді дегендері жазылады.

- “2009 жылдың 27 қарашасы күні Минскіде Қазақстан, Ресей және Беларусь мемлекеттерінің президенттері өз елдерінің территориясында 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап біртұтас кедендік кеңістіктің пайда болатындығы туралы құжатқа қол қойды” “Қазақстан-Zaman”, №49, 2009.

Әрі қарай есепте үш мемлекет басшыларының басқосуы егжей-тегжейімен баяндалады.

*Талдамалы есеп.* Жиында қозғалған қадау-қадау мәселелерге талдау жасалады, түсінік беріледі, кемшіліктердің себебі ашылады.

“Мемлекет басшысы тікелей желі арқылы халықпен жүздесуінде жұртшылықтың әлеуметтік жағдайына қатысты мәселелерді мүмкіндігінше шешу, орындауды облыс әкімдері мен биліктегі жауапты тұлғаларға міндеттегені белгілі”, – дей келіп “Егемен Қазақстан” газеті (№413-415, 2009) “Тікелей желі: тапсырма берілді, орындалуы қалай?” деген айдармен Алматы облысы бойынша балабақшалардың жай-күйіне талдау жасаған. Еңбекшіқазақ ауданындағы Бәйтерек, Көктөбе, Есік, Қ.Бижанов елді мекендеріндегі бүлдіршіндерге жасалып жатқан жағдайлар туралы облыс әкімінің есебіне сараптама берген.

*Проблемалық есеп.* Басқосуда, басқа да маңызды іс-шарада айтылған бір маңызды проблема тудыратын ой тілге

тиек етіліп, соның төңірегінде есеп жазылады. “Түркістан” апталығы «Ел бірлігі» талқыға түсті” деген тақырыппен проблемалық есеп жариялаған.

- “Бүгінде Елбасының Қазақстан халықтары ассамблеясының (ҚХА) ХУ сессиясында ұсынған “Ел бірлігі” жобасын талқылау барысы қыза түсті, – дей келіп журналист Динара Мыңжасарқызы бірқатар проблемаларды да көлденең тосады. – Мысалы, доктринада “Біздегі этносаралық ахуалға әлемнің түрлі бөліктеріндегі, соның ішінде кейбір көрші елдердегі этно-діни қайшылықтардың күшеюі теріс ықпал етіп отыр” делініпті. Бұл жерде доктрина авторларының қай көршіні меңзеп отырғаны емеурінінен-ақ бақалады. Ал біздің пайымдауымызша, өз жерінде табиғи басымдыққа ие халықтардың ішінде дәл қазақ сияқты пұшайман болып отырғаны жоқ». “Түркістан”, №48, 2009.

Журналист есептің қай түріне қалам тербейтіндігін материал жинақтау барысында анықтайды. Оқиғаның өрбуі оның қажетті тақырыпқа тоқтап, факті жинақтап алуына септігі тиеді. Үлкен оқиғаларды жариялайтын есептерді әзірлеу барысында бірнеше журналистерден тұратын арнаулы шығармашылық бригадасы тартылады. Әрқайсысы өзіне қажетті материалдарды жинақтап, сосын бірлесе жазуға отырады.

#### *Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары*

*Талдамалы есептің хабарлы есептен айырмасы. Талдамалы есептің түрлері. Оқиғаның өрбуі және фактіні талдау. Проблемалық есеп. Есеп жазуға қойылатын талаптар.*

### 3.2 Талдамалы корреспонденция

Талдамалы корреспонденция күнделікті болып жататын жан сүйсінер жаңалықтар, оқиғалар, құбылыстар туралы жазады. Қоғамда орын алған кемшіліктер де осы жанр арқылы қатаң сынға алынады. Бір есептен, талдамалы корреспонденция репортаж, есеп, хабарлы корреспонденция жанрларына жақын.

Дегенмен, талдамалы корреспонденция мәтінінде басқа да жанр тудырушы факторлардың кездесуімен ерекшеленеді. Мәселен, репортаждың мақсаты – автордың оқиға басында болып, көрген-білгенін қаз қалпында қағазға түсіруге негізделсе, есеп жиындар мен басқосуларда сөз болған жайларды хабарлауды мақсат етеді. Хабарлы корреспонденция болған жайтты, оқиғаны анағұрлым айқын, анағұрлым кең бейнелеуімен ерекшеленеді

Талдамалы корреспонденцияның мақсаты сәл өзгеше. Ол оқиға, құбылыс туралы хабарлағанымен, сол хабарды жеткізу, айту басты мақсат болып есептелмейді. Хабар тек болған оқиға туралы ұғым беру үшін пайдаланылады. Ең бастысы – сол хабарды талдауда. Талдамалы корреспонденцияны репортаждан, есептен, хабарлы корреспонденциядан ерекшелеп тұрған басты қасиет те осы.

Талдау барысында оқиға мен құбылыстың себебі, оның маңызы мен мәні ашылады. Сондықтан корреспонденция авторы оқиға мәнін ашу үшін анализ, синтез, индукция, дедукция сияқты танымның теориялық әдістерін кеңінен пайдаланады. Талдамалы корреспонденцияның оқиғаны осылайша әрі хабарлап, әрі талдап жеткізетін екі сипатты қасиеті оны түсіндірме (комментарий) жанрына жақындата түседі. Дегенмен, екеуінің аражігін ажыратып тұратын жанрлық белгілерінің бар екенін біз ұмытпауымыз керек.

Корреспонденцияда оқиғаны хабарлаушы да, талдап жеткізуші де автордың өзі болса, түсіндірмеде оқырманға таныс, болып кеткен оқиға туралы тиісті мамандар түсіндірме жасайды.

Талдамалы корреспонденцияның мақаладан да елеулі айырмашылығы бар. Мақалада қоғамда орын алған жалпыға таныс әлдебір келелі мәселе жайлы терең ой қозғалады. Күн тәртібінде тұрған проблемалар туралы жүйелі пікір айтылып, аргументтер келтіріледі, белгілі бір қағида, деректер бойынша жинақы ой ортаға салынады. Ал талдамалы корреспонденцияда әңгіме бір оқиға төңірегінде өрбиді. Сол оқиғаның ғана мән-мағынасы ашылады.

Яғни, талдамалы корреспонденцияның басты құралы бір ғана маңызды факт болып есептеледі, қалған деталдар материалға қосымша сипат береді.

Талдамалы корреспонденциялар нақты бір мәселеге негізделіп жазылатындықтан, оларды кейде оперативті корреспонденциялар деп те атайды.

*• Құрылысшылардың уәжі – қаржының кешігіп берілуі*  
*Оңтүстік Қазақстанда оқушыларға білім беретін мектептердің ұзын саны - 1007. Осының 917-сі бүгіндері ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Алды қауіп тұрған, күрделі жөндеуге жатқызылған 93 орта мектептің 26-сы оқушылар қабылдауға дайын. Күрделі жөндеу жұмыстары 25 тамызға дейін созылатындықтан мынау мектеп оқу жылына дайын емес дегенді әзірге айту қиын.*

*Әйтсе де қордаланған мәселелер аз емес. Оның бастысы — теңдерге байланысты. Жеңген құрылыс фирмасына қаржы наурыз, сәуір айларынан бастап беріледі де, құрылысшылар алтын уақытының көбін ұрлатып алады. Сапасыз жөндеу жұмыстарының орын алатын жағдайлары да осындайдан туындайды.*

*Оңтүстікте, құдайға шүкір, оқушы саны көп. Мектеп жетпей жатыр. Биыл республикалық бюджеттен 20 мектеп, бір балабақша салу үшін 2 млрд. 417 млн. теңге бөлінген еді. Облыстық бюджет те аянып қалмай 23 мектептің қосымша құрылыстары үшін 759 млн. теңгені өз қоржынынан шығарған болатын.*

*Мұның өзі білім ошақтарына деген зәрулікті ақтай*



алмайды. Қаржы бөлінсе де орта мектепті келісілген мерзім ішінде бере алмай отырған құрылыс фирмалары бар. Облыстық білім басқармасы Мақтаарал ауданы, Жаңа ауыл елді мекенінде оралмандар үшін салынып жатқан 1176 орындық орта мектептің тағдырына алаңдаулы. 257 млн. 160 мың теңгеге бағаланған мектеп құрылысын 231 млн. 187 мың теңгеге жеңіп алған “Қожасмет” ЖШС биылғы оқу жылына мектепті бере алмайтын болды. Сылтау - құрылыс материалдары қымбаттаған, ақша жетпейді. Бұрын денсаулық сақтау басқармасынан да екі нысан алып, арты үлкен дауға айналған бұл фирманың теңдерде қалай жеңіске жеткені жөнінде зерттеу мақала жазу керек-ау. Бәрінен бұрын үміті алданған мектеп ұжымы, ата-ана, оқушыларға обал болды. Көтере алмайтын шоқпарды беліне байлап жүргендер жалғыз осы құрылыс фирмасы емес. Төле би ауданындағы Тоғыс орта мектебі, Шардара ауданы, Мелде би елді мекеніндегі орта мектептің құрылысы мерзімінде бітуі неғайбылдау». (Егемен Қазақстан. №181. 2006)

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*Талдамалы корреспонденциядағы жанр тудырушы факторлар. Хабарды жеткізу, айту – талдамалы корреспонденцияның басты ерекшелігі. Оқиға мен құбылысты талдау. Талдамалы корреспонденциядағы индукция мен дедукция. Талдамалы корреспонденция жазуға қойылатын талаптар.*

### **3.3 Талдамалы сұхбат**

Сұхбат журналистің сұхбаттасу әдісі арқылы белгілі бір мәліметті алуға ұмтылысы негізінде туатын жанр. Сұхбаттасу әдісі теориялық әдістен гөрі эмпирикалық әдіске жақын. Сондықтан да көп жағдайда сұхбат, ақпарат алуға негізделетіндіктен, хабарлы жанр болып есептеледі.

Дегенмен, оның қажетті мәліметтер алуды көздейтін талдамалы сипаты көлеңкеде қалып жатады. Сұхбат әдісімен алынған ақпаратты, мәселен, корреспонденция, есеп, репортаж, мақала түрінде де беруге болады. Яғни, ақпарат алу үшін пайдаланылған сұхбаттасу әдісі тек сұхбат жанрына ғана тән әдіс деп кесіп айту қате. Сұрақ-жауап түрінде өрбіген әңгіме сол күйі газет бетінен көрінгенде ғана біз оны сұхбат дей аламыз.

Сұхбаттың хабарлы не талдамалы екенін ажырату үшін сұхбат түрінде көрініс тапқан мәтіннің мазмұнына мән беру керек. Егер хабарлы сұхбат “Кім? Не? Қайда? Қашан?” деген сұрақтарға жауап беріп, фактіні хабарлауды ғана мақсат етсе, талдамалы сұхбатта мұнымен қатар “Неге? Қалайша? Мұның мәні неде?” деген сұрақтарға жауап бере отырып, факті талданады. Талдамалы сұхбатта автордың рөлі ең алдымен сұрақ қою арқылы талдамалы бағыт ұстанатынымен ерекшеленеді, әдетте бұған әңгімелеушінінің өзі қозғау салатын. Сұрақтар әлдебір оқиғаның, құбылыстың, жағдайдың негізгі себептерін ашуға негізделеді.

Егер журналист қала әкімінен қалада жылудың берілмей қалуы жайлы сұхбат алатын болса, ол өз сұхбатының талдамалы сипатын мынадай сұрақтар қою арқылы ашады:

- Қалада мұндай жағдайдың орын алуына себеп не?
- Мұның шығыны қаншалықты болуы мүмкін?
- Жылу беруге қаншалықты қаржы қарастырылған еді?

Ол қаржы қайда?

- Бұған жауап беретін кім?

– Әрі қарай не болады деп ойлайсыз? Болжамыңыз қандай? Қандай шаралар көрілмек? Қарапайым қала тұрғындары қайтпек?

Мұндай сауалдар әңгімелесушіні түрлі аргументтер мен фактілерді жайып салуға итермелейді. Ал журналист қалыптасып отырған шынайы жағдайды кейіркер ауызымен жеткізеді. Талдамалы сұхбаттың негізгі мәні де сонда. Кейде сұрақ қоюды күтпей-ақ әңгімелеуші оқиғаға баға беріп қояды. Бұл автордың жүгін жеңілдетпесе, сұхбат құнын жоймайды.

Талдамалы сұхбаттың бірнеше түрлері бар.

*Түсіндірмелі сұхбатта* сөз болып отырған жайт хабарланып қана қоймай, оның кейбір жақтары ептеп түсіндіріледі. Оған деген автордың көзқарасы аңғартылады.

“Жас Алаш” газетінің “Ырғақ” қосымшасы Н.Байырбекованың белгілі күйші Секен Тұрысбековпен жүргізген сұхбатын басқан (“Ырғақ”, 2001, N3). Осында тілші әңгіме ортасында былай деп өз ойын білдіреді:

• *«Рас-ау, бірақ күйдің атын естіген соң толғаныс та сол тақырып төңірегінде болады емес пе? Мысалы, “Балауса” мен “Махамбетті” алайық. Бірі балауса балбөбектердің тәтті қылығы мен болашағын көз алдыға әкелсе, екіншісі өр тұлғалы азаматтың ерлігін бейнелеп, бойыңа жігер бітіргендей болады. Ортаға салған бұл ойымызды сазгер аға да жоққа шығармады».*

*Суреттемелі сұхбатта* өткеннен елес беру, шегініс арқылы еске алу, әңгімелесушінің өткен өмір жолынан деректер келтіріп, портретін ашу, журналистік пайым жасау орын алады.

• *«Хабиба әжей айтады:*

*Жүсекең өмірде өте таза жанды кісі еді. Өмірінде біреудің ала жібін аттап көрмеген адам, тек қана өзінің таза еңбегімен өмір сүрді. Шамасы келсе, елге жақсылық жасағанды ұнататын. Жүсекеңнің қадіргі жақыңа өткен 100 жылдығында байқалды. Өзі өнерге баулыған жастар жан-жақтан, қалалардан, облыстардан келіп, Жүсекеңнің ән орындауын өзіне үлгі етіп, сол мектеп бойынша ән шырқап жатыр. Жүсекеңнің бақыттылығы осында зой. Осы жағынан келгенде, Жүсекең арманы жоқ, өте бақытты адам...*

*Екінші шегініс:*

*Көкірегін әуез кернеген ұлы дарынның жан жары болумен қатар өзіне тән қиындығы басым өнердің тізгінін қатар алып жүру Хабиба ананың ерекше*

*еңбекқорлығы мен ерлігін көрсетсе керек. Шындарын иесі, өзінің кім екенін ойлаудан бұрын, «еліме, халқыма не бердім» деп толғанса керек. Жастық дәурен саналы зұмырға айналып, үрім-бұтағы өсіп, ақ жасулықты әже болған шағында да Хабиба әже өлі күнге дейін өз өнер ордасы, театр сахнасынан қол үзген жоқ. Өзі таңдаған мамандыққа деген сүйіспеншілігі соншалық, сонау жастық шағында ойнаған 100-ден аса рөлдің өзі сомдаған кейіпкерлерінің сөздерін Хабиба ана әлі күнге дейін жатқа айтады». «Мәдениет», №1, 2006.*

*Баспасөз мәслихаты.* Бірнеше газет, журнал, радио, телевизия өкілдері бір саланың бір немесе әлденеше маманымен қатар әңгіме жүргізеді. Журналистер кезекпен сұрақ қояды, әңгімелесушілер оған жауап береді.

*Дөңгелек үстел басындағы әңгіме.* Бір саланың, нақты проблеманың көптеген өкілдері бір жерге шақырылады, бас қосады. Журналист әлгі проблема туралы солардың бәріне ортақ сұрақтар қояды да, ол жөнінде әрқайсысының өз пікірін айтуын өтінеді. Әр сұраққа бірнеше адам бір-бірін толықтырып жауап береді, өзара пікір таласады.

• *Қазақ театры: өсе ме, өше ме?*

*Бүгінгі таңда елімізде 50-ден астам театр бар. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары оннан аса қазақ театры ашылды. Көптеген театрлар күрделі жөндеуден өтті. Елбасы Н.Назарбаевтың өзі театр өнеріне айрықша көңіл бөліп, өнер қайраткерлерімен, жазушылармен кездесуінде де театрларды жаңа деңгейге көтеру мәселесін атап айтады. Таңғаларлық үлкен проблемалардың бірі - республика театрларына кәсіби режиссерлердің жетіспеуі.*

*Мәскеуде оқыған немесе Өнер академиясын бітірген біраз режиссерлеріміздің бос жүргенін ескерсек, «режиссер жетіспейді» деген сөз абсурд қой. Ел театрларында неге режиссер жоқ? Жалпы, қазіргі таңда қазақ театры өсу үстінде ме, өшу үстінде ме?*

*Театрдың өркендеуіне не кедергі? Аға буын кейінгі жастарды қалай баулып жүр? Облыстық театрлардың хал-ахуалы қалай? Бүгінгі дөңгелек үстелде жоғары оқу орындарын бітірген, жер-жерлерде дарын-қабілеттерін біршама танытқан, бірақ бүгінгі күнге дейін нақты бір театрда жұмыс істемей жүрген режиссерлердің басын қосқан едік. («Айқын, 17.03.2010)*

*Анкета.* Сұрақтар жарияланып таратылып, жауаптар да жазбаша беріледі. Әрқайсысының жауабы кезек-кезек әр нөмірге жариялануы да, топтастырылып берілуі де мүмкін.

“Қазақ әдебиеті” газеті сұхбаттың анкета түрін жиі жариялап тұрады. Солардың бірі “...Қазақ журналистикасы тереңдеп барады” деген тақырыппен берілген (“Қазақ әдебиеті”, 2001, 23 ақпан). Мұнда Қазақстандағы телеарналарда орыс тіліндегі хабарларды 20 пайызға түсіру туралы белді азаматтардың пікірін білмек ниетте екі сауал қойылған:

• – *Ретрансляцияны 20 пайызға түсіру мәселесіне орыстiндi кейбiр БАҚ-тар қарсылық бiлдiруде. Мұның астарында қандай саясат бар?..*

– *Олар: “бос эфирдiң орнын толтыруға қазақ журналистикасының қабiлетi жетпейдi” деген де пікірлер айтуда. Жалпы, қазақ журналистикасының қабiлет-қарымы қандай?..*

Бұған профессор Т.Қожакеев, жазушы Ж.Шаштайұлының жауаптары берілген.

Сұхбатпен жұмыс үш кезеңнен тұрады: дайындық, әңгіме, жазу. Сұхбатқа журналист күнібұрын әзірлік жүргізеді. Ол болашақ әңгімеге өзек болар тақырыпты пысықтайды, қажет болады-ау деген сұрақтар тізбесін әзірлейді. Кейде әңгіме басқа арнаға ауысуы да мүмкін. Ондайда алдын-ала әзірленген сауладар жарамсыз болып қалады. Сөйтсе де журналистің әзірлікпен баруы үшін “қоржынында» саулдардың дайын тұрғаны жөн. Қалай болғанда да сұхбат берушіге әсер

ететін психологиялық, әлеуметтік-психологиялық және этикалық факторлардың болатынын бір сәтте де естен шығаруға болмайды.

Журналистің әңгімелеуші адамға қояр сауалын шартты түрде бірнеше типке бөлуге болады: 1) *жалпы сауал* – нақты бір жауап алу үшін кең тақырыпта қойылатын сауал: Алдағы жоспарларыңыз туралы айтсаңыз? Қойылым туралы пікіріңізді білсек? 2) *нақты сауал* – тар шеңбердегі сұрақ: Кеше кешкісін қай спектакльге бардыңыз? 3) *баламалы сауал* – екі дайын жауабы болуы мүмкін сұрақ: Сіз бүгін киноға барасыз ба, жоқ әлде, би кешіне ме? 4) *жабық сауал* – “иә” немесе “жоқ” деген жауапты күтер сұрақ: Сіздің итіңіз бар ма? 5) *нақтылайтын сауал* – алдағы сауалдарда ашылмай қалған мәселелерді нақтылау үшін қажет сұрақ: – Сіздің Абай өлеңдерін түгелдей жатқа білетініңіз рас па? – Иә. – Ең жүрегіңізге жақыны қайсысы? – “Сегіз аяқ”.

### *Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары*

*Сұхбаттасудағы эмпирикалық әдіс. Сұхбаттың талдамалылық сипаты. Талдамалы сұхбаттың түрлері. Баспасөз мәслихаты. Сұхбатқа дайындық.*

### **3.4 Талдамалы сауалнама**

Талдамалы сауалнама бір есептен хабарлы сауалнамаға (блиц-сауалнама) ұқсас болғанымен, кең түсіндірменің (комментарий) болуы оның ерекшелігін айқындайды. Екеуінің де негізі журналист қойған сауалдарға жауап берумен шектеледі. Мәтін құрылымы “респонденттер” берген жауаптарды жинақтап жариялауға негізделген.

Талдамалы сауалнаманың өзгешелігі бір сауалға берілген бірнеше жауаптарды жинақтап, бір мәтінге топтап жариялануында.

Талдамалы сауалнаманы да, талдамалы сұхбатты да, түсіндірме элементтерінің кездесетініне қарамастан,

түсіндірме жанрына жатқызу қиын. Көбіне талдамалы сауалнаманы “Қазақ әдебиеті” газетінің бетінен кездестіруге болады. Журналистер бұл жанрға, мәселен, белгілі артистердің әлдебір жаңа пьеса туралы немесе жазушылардың қазіргі әдебиет проблемаларына қатысты пікірлерін білу мақсатында, т.б. жағдайларда қалам тербейді. Басқа газет-журналдар да талдамалы сауалнамаға өз беттерінен орын бөледі.

Талдамалы сауалнаманың қызықты шығуы сұрақтың қалай қойылуына байланысты болып келеді. Егер журналист өз респонденттеріне: “Тәуір киінгенді дұрыс көресіз бе?” деген сауал қойса, көпшілігі қарапайым ғана: “Иә” деп жауап берер еді. Ал бұдан талдамалы мәтіннің шығуы қиын. Сондықтан материал әзірлеген кезде бір жақты жауап берілетін сауалдардан қашқан жөн. Одан гөрі респонденттің көсіле сөйлеуіне мүмкіндік беретін сауалдар іздестірген дұрыс. Мәселен, спортшыларды спортқа қатысты сұрақтар ғана қызықтырар еді.

«Айқын» газеті 2010 жылғы 19 наурыз күнгі санында «Көкейдегі сауал» айдарымен «Дипломмен – ауылға» жобасының нәтиже бермеуіне не себеп? Баруға жастардың құлқы жоқ па, әлде қабылдауға ауылдар дайын емес пе?» деген сауал тастап, бірқатар елге белгілі азаматтармен сауалнама жүргізген. Респонденттердің жауаптарында жай ғана ой білдіруден гөрі талдамалылық сипат басым.

• Уәлихан ҚАЛИЖАН, Мәжіліс депутаты: – Бұл – игі бастамалардың бірі. Мен осы мәселе бойынша депутаттық сауал жолдадым. Мұның екі қыры бар. Біріншіден, жақсы үрдістер жетерлік. Мәселен, өткен жолы Алматы облысын аралаған кезде, ол жердің басшылары жас мамандарды, атап айтқанда, мұғалімдер, информатиктер, дәрігерлерді шақырып, жұмыс беріп, жағдайын жасаған екен. Баспаналар берілді. Жастар келген, еңбек етіп жатыр. Екіншіден, жастар неге ауылға бармайды дегенге келсек, ол экономикаға да байланысты. Ең бастысы, ауылға келген

жас маманға керегі – үй. Егер де баспана болып жатса, кім кетсін? Өкініштісі, осы жағы кем болуда. Ел аралағанда бір байқағаным, бастауыш мектеп мұғалімдері жетіспейді екен. Осы жағына баса назар аударған жөн сияқты. Сондықтан «ауылға барыңдар» дегенде, ең алдымен баратын мамандарды іріктеген дұрыс. Бастама жақсы, түбі нәтижелі болады зой деп ойлаймын.

Сейдахмет ҚҰТТЫҚАДАМ, «Мысль» журналының бас редакторы: – «Бұл бастама неге жастардың ортасында қызу қолдау таппай жатыр?» дегенге келсек, ең бастысы, кеңестік дәуірдегідей жастарда отаншылдық сезім жоқ. Олардың бойында туған жеріме барсам, оны көркейтсем, сол үшін еңбек етсем деген құлшыныс жоқтың қасы. Біріншіден, отансүйгіштік идеология жоқ. Екіншіден, ауылдың да маңдайы шылқып тұрғаны шамалы. Үшіншіден, мемлекеттің жүргізіп отырған саясаты осал. Егер де мықты насихат болса, мемлекет көмектесіп жатса, ауылда жұмыс та, баспана да даяр деп жатса, неге бармасқа?!

Аягүл МИРАЗОВА, Еңбек Ері, Алтынсарин атындағы №159 қазақ орта мектебінің директоры: – Бар кінәні жастарға аударуға болмас. Егер де жергілікті басшылар қабылданып жатқан қаулылардан хабардар болып, оны іліп әкетіп, атсалысып, жастардың жағдайын жасап жатса, жастар ауылға неге бармасын? Барады. Мұғалімдердің де, дәрігерлердің де табысы көп емес. Оларға жеңілдік керек. Қалада жастардың бәріне қызмет, жұмыс табыла бермейді. Тіпті болмағанның өзінде пәтер жалдап тұрады, тамағы бар. Ал азын-аулақ қаржы қайсысына жетсін? Егер де «ауылға кел, жеңілдіктер бар» деп жатса, жас мамандардың ешқайсысы бас тарта қоймас. Бастысы – мықты насихат керек. Оқу орындарына, аудиторияларға барып үгіт-насихат жүргізген жөн.

*Кең түсіндірмелі сауалнама. Бірнеше жауаптардың жинақталып, бір мәтінге топталуы. Талдамалы сауалнамадағы түсіндірме элементтер. Сауалнама және респондент. Сауалнамаға сауал дайындау принциптері*

### 3.5 Әңгімелесу

Әңгімелесу де сұхбат пен сауалнама сияқты ақпаратты диалогтық, “полилогиялық” әдіспен алуды көздейтін талдамалы жанрдың бірі болып есептеледі. Баспасөз бетінен ол көп жылдардан бері түскен емес. Тәжірибелі журналистер “Дөңгелек үстел” басындағы әңгіме” сияқты жанрдың болғанын ұмыта қойған жоқ.

Кейде әңгімелесу жанры сұхбатқа да ұқсас келеді. Дегенмен, олардың бірін-бірі толықтыратын ортақ белгілері болғанымен, әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар.

Ең бастысы – мәтіндерінің екі құрамнан тұратыны. Бір бөлігі сұрақ қоюшыға, екінші бөлігі жауап берушіге тәуелді. Екеуінде де пікір алмасады, ой кезектесе сабақтасып отырады.

Дегенмен, жанрлар арасында өте маңызды өзгешеліктер бар. Егер сұхбатта журналист тек сұрақ қоюмен ғана шектелсе, әңгімелесуде журналист әңгімелеушімен тең құқықта ой пікірін білдіріп, толғам-пайымын айтып, әңгімеге араласып отырады. Тіпті, әңгімеге қатысты мәліметтер ұсынып, маңызды фактілер келтіре алады. Әңгімелесу жанрының ерекшелігі де сонда – журналист те, әңгімелеуші де тең құқықты әріптестер ретінде сөйлесе алады. Әрқайсысы өз позициясын ұсынуға, өз көзқарасын қорғап қалуға мүдделі болады. Сұхбатқа қарағанда әңгімелесуде мәселе әр қырынан жан-жақты ашылады.

Әңгімелесу өз деңгейінде шығу үшін екі жақ бір-бірінің көзқарасын құрметтей білуге дағдылануы тиіс. Олай етпеген жағдайда әңгіме дау-дамайға ұласып кетуі әбден мүмкін.

Әңгімелесу жанры журналистен жоғары кәсіптілікті, біліктілікті талап етеді. Өйткені ол сұхбат жанрындағыдай сұрақ қоюмен ғана шектелмейді. Талқыланған мәселеге байланысты өз білімін, танымын танытып отырады.

«Айқын» газеті «Жүректің көзі» айдарымен елге танымал өнер адамдарымен әңгіме жүргізіп, олардың жан дүниесіне үңілуге тырысады. Өнші Есет Сәдуақасовпен болған төмендегі әңгіме арқылы тілші мен әңгімелесуші арасындағы жүрекжарды әңгімелесудің жанр табиғатын ашқанын аңғарасыз.

*• – Есет, екі-үш жыл бұрын өзіңіз «концерттерге қалай шықсам екен» деп жол іздеп жүр едіңіз, қазір бір жаңа топты қарамағыңызға алып, жөн көрсетіп жүр екенсіз? Әңгімемізді осыдан бастасақ...*

*– Көп білгеннен не пайда,*

*Пайдасыз іште сақтасаң.*

*Жастарды жиып қасыңа,*

*Білгеніңді айтпасаң – дегендей, менікі кейінгі келе жатқан талантты жастардың өнер жолына шамамның келгенінше бағыт-бағдар беру, білгенімді үйрету зой. Әрине, дәл қазіргі уақытта өзімді бәрін білемін, көпті көрдім, сахнада жиган-тергенім жеткілікті деп айта алмаймын. Дегенмен өзім шыққан азды-көпті жерлерге кейінгі жастар да ілесіп бірге шықса деген ой...*

*– Қазір бірқатар концерттерге қатысу үшін ұйымдастырушылар әншілердің мойнына билеттің бір бөлігін іліп қояды. Ұзынқұлақтан сізді «берген билеттерді қайтармайды, түгел сатып жібереді» деп естідік. Бұл сол концертке «қайткенде шығам» деген өлермендік пе, әлде басқалай түсіндіресіз бе? Жоқ, шын мәнінде сізге билет өткізу қиындық тудырмай ма?*

*– Әрине, барлық концертте билет сатпаймыз. Кейбір концертте продюсердің үлгермеуіне, кейде ұйымдастырушылық қабілетінің босаңдаулығына байланысты, «көмек беріңдерші» деген өтінішіне қарай,*

қол ұшын тигізетініміз рас. Ал кейбір концертке таныстарым өзі хабарласып, «сен қатысады екенсің зой, билет жағынан көмектесші» деп жатады... («Айқын», 18.03.2010)

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*Әңгімелесудегі диалогтық, полилогиялық әдіс. Әңгімелесу мен сұхбаттың ортақ белгілері. Жанрлар арасындағы маңызды өзгешеліктер. Әңгімелесу барысындағы журналистің жоғары кәсіпқойлығы. Әңгіме және кейіпкер*

### **3.6 Түсіндірме**

Түсіндірме де сұхбат сияқты журналистиканың әдісі әрі жанры бола алады. Түсіндірме әдіс ретінде жарияланымның барлық формаларында көрініс табады: заметкада – басқа адамның пікірінен сілтеме келтіру немесе түрлі ескертпелер беру түрінде. Корреспонденцияда, мақалада, очеркте, шолуда, БАҚ-қа шолуда, рецензияда – бейнелеу нысанын авторлық түсіндіру формасында, қорытынды пайым мен түйін түрінде. Түсіндірме әдісі тіпті газет бетінің, теле және радиохабарларының негізіне де енеді.

Журналистиканың жеке жанры ретінде “түсіндірме” ХХ ғасырда қолданыла бастады. Маңызды оқиғаларға түсініктемелер берілетін. Қазір де түсіндірме газет бетінде маңызды орын алып отыр. Оның көмегімен автор көкейтесті мәселелерге деген өз көзқарасын білдіреді, соған қатысты міндеттер мен проблемаларды талдайды, баға береді. Түсіндірмені хабарлы жанрлардан, міне, осы талдаушылық тәсілі ерекшелесе, мақала, шолу, БАҚ-қа шолу сияқты талдамалы жанрлардан аудиторияға бұрыннан таныс әлдебір құбылысты түсіндіре талдауы оқшаулайды.

Түсіндірме жанр ретінде ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. басында көрініс тапты. Ол кезде бұл жанр қысқа талдамалы корреспонденция түрінде көрінді.

Қазіргі түсіндірме мынадай мақсатты көздейді:

- аудиторияның назарын қоғамдық өмірдің бірінші планына шыққан маңызды да жаңа фактілеріне аудару, оларға баға беру;

- түсіндіріліп отырған оқиғаны басқаларымен байланыста қарастыру, сол оқиғаның мәнін ашу;

- түсіндіріліп отырған оқиғаның даму болжамын келтіру;

- мысалдар келтіру арқылы міндеттерді шешу жолдарын негіздеу.

Түсіндірме тек болып өткен оқиғаға байланысты жазылмайды, алдағы болар құбылыстар туралы да сөз етеді. Онда көкейтесті фактілер қозғалады. Қысқасы, түсініктеме берілетін проблемалар ауқымы өте кең.

Егер хабарлы жанрлардың сипатын “Не? Қайда? Қашан? Қалай?” деген сауалдар ашатын болса, түсіндірмеге мына сауалдар негіз болады: “Шын мәнінде не (кім) еді? Қандай жағдайда? Неге? Кімге тиімді? Қандай жағдай? Не істеу керек? Дұрысы қайсы? Қандай айырмашылықтары бар? Іс қалай өрбиді? Оның стратегиясы мен тактикасы қандай?”.

Басқа жанрлар сияқты түсіндірмені жазбас бұрын алдымен оның мақсатын айқындап алған жөн. Сондықтан автор мына сауалдарға нақты жауап алуы тиіс:

- қандай құбылысты ашқалы отырмын? Оқырманға не айтпақпын? Сезімін қалай оятсам екен?

- түсіндірмені әзірлеу үшін қандай материал жинай алдым?

- оппонент тарапынан наразылық тууы мүмкін бе?

Жақсы түсіндірменің нақты түйіні болғаны жөн. Онсыз автордың не айтпақ болғанын оқырман түсінбей қалуы мүмкін. “Айтпаса да түсінікті” деген қағида әрдайым оқырман жолбасшысына айналғаны жөн. Түсіндірменің тақырыбын ойнатып қою да үлкен өнерді қажет етеді. Түсіндірме жанрының сипатын дәстүрлі “факт – түсіндірме” схемасы ашып көрсете алады.

«Қазақстан бүгін» ақпарат агенттігі Қазақстанда полициясының жүргізуші куәлігін алмастыру тәртіптеріне байланысты түсініктемесін жариялаған:

• Алматы. 25 шілде. “Қазақстан Бүгін” – Полиция Қазақстанда жүргізуші куәлігін алмастыру тәртіптеріне түсініктеме берді, деп хабарлайды агенттік тілшісі Алматы қалалық ІІД-нің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Баспасөз қызметінің ақпаратына сәйкес, 2008 жылдың 1 тамызда күшіне енетін, 2008 жылдың 4 шілдеде қабылданған № 55/IV “Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы” Қазақстан Республикасының Заңында “Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы” заңға өзгертулер енгізуді қарастырып, көлікпен жасалған заң бұзушылықтарға байланысты жауапкершіліктің тізбекті түрде қатаңдатылған жүйесі енгізіледі. («Kazakhstan Today»).

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

Түсіндірме журналистиканың бір әдісі ретінде. Түсіндірменің талдаушылық тәсілі. Түсіндірменің мақсаты. Түсіндірменің түйіні. Факт және түсіндірме.

### **3.7 Социологиялық резюме**

Социологиялық резюме жанрлық пішінінің мерзімді баспасөз бетінде пайда болуына соңғы он-он бес жылдың ішінде елдегі саяси белсенділіктің, PR-науқандардың белең алуы себепші болды. Қайсыбір газеттің бетінен де халықтан алынған перманентті сауалнамаларды да, анкеттеуді де жиі кездестіруге болады.

Әлдебір социологиялық зерттеулер нәтижелерінің түйінделіп газет бетінде жариялануы социологиялық резюме бола алады. Әдетте резюме авторлары көрсетілмейді. Зерттеу мазмұнының талдамалы түрде ықшамдалып берілуі жанр сипатын құрайды. Резюме авторы социологиялық зерттеу қорытындыларын сараптай отырып, түсініктеме береді, нақты мәліметтер мен цифрлар ұсынады.

Бір жағынан социологиялық резюме ғылыми-көпшілік жанрларға ұқсас келгенімен, ол ғылыми-көпшілік жанрлар сияқты ғылыми нәтижелерді насихаттауды мақсат етпейді, әлдебір саяси күштердің ара салмағын ажырата жазуды жөн көреді.

Күрделілігіне және көлеміне қарап резюменің бір-бірінен азғана айырмашылығының бар екенін аңғарғанымызбен, оның бәрібір жанр ретінде тұтастығының жойылмайтынына көз жеткізуге болады.

Резюмені Интернет блоктарынан да көптеп кездестіруге болады. Мониторинг пен рейтинг пішіндерінен де социологиялық резюменің кейбір белгілері байқалады.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

Перманентті сауалнамалар және анкеттеу. Газеттегі социологиялық зерттеулер. Зерттеу мазмұнының талдамалылық сипаты. Резюме және ғылыми-көпшілік жанрлар. Газет резюмесінің ғылыми резюмеден айырмасы.

### **3.8 Анкета**

Журналистикада ақпарат жинауда бақылау, сұхбаттасу, сауалнама жүргізу сияқты әдістермен қатар анкеталық жауап алу тәсілі де жиі қолданылады. Бұл әдіс журналистикаға социологиядан келіп, адамдардан белгілі бір сұрақтар бойынша мәлімет алу мақсатында қолданылады. Анкета жүргізу арқылы жинақталған материалдарды өңдеу барысында өзіндік сипаты бар жанр пішіні пайда болады. Пішіннің атауы да сол тәсілден туады. Анкета (франц. *anguete*) публицистикада әлдебір нақты проблемалардың түйінін тарқатуға оқырмандарды тарту мақсатында қолданылады.

Анкета журналистің бай материал жинақтап алуына мүмкіндік береді. Біріншіден, анкетаны ұйымдастырушы (журналист) анкетаға жауап берушілерге бетпе-бет

кездеспей-ақ өзін толғандырған сұрақтар қою арқылы тыңғылықты жауап ала алады. Екіншіден, анкета жүргізу арқылы бір мәселе жөнінде әртүрлі адамның пікірін білу мүмкіндігі туады.

Анкета жанрлық пішіні көптеген газеттерде ұшырасады (“Қазақ әдебиеті”, “Жас Алаш”, т.б.). Оның оқырман қызығушылығын жаулауына қоғамдық пікір туғызып отырған әлдебір мәселе туралы дұрыс пікірді халық ауызынан немесе сол мәселеге қатысы бар адамның ауызынан нақтылай білуге мүмкіндік бере алатыны себепші болып отыр.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*Анкета – сауалнама жүргізудің жаңа әдісі. Анкета және әлеуметтану. Журналист анкетаны ұйымдастырушы ретінде. Анкета және қоғамдық пікір. Анкетаның басқа түрлері.*

### **3.9 Мониторинг**

Қоғамда социологиялық зерттеу нәтижесінде туындап жататын түрлі мәліметтердің жинақталып, мониторинг түрінде мерзімді басылым беттерінен көрініс табуы бұл жанрлық пішіннің тууына себепші болып отыр. Белгілі бір құбылысқа тұрақты бақылау жасау – мониторинг болып табылады.

Мониторинг барысында статистикалық мәлімет жүргізу, контент-талдау сияқты түрлі әдіс-тәсілдер пайдаланылады. Ол ұдайы газет бетінен көрініс тауып отырады. Әрі ол әлдебір құбылыс туралы тұрақты талдау жасап, жақынырақ білуге мүмкіндік ашады.

Осының өзі-ақ бұл пішіннің сипатын ашып, жанр ретінде жеке қалыптасуына себепші бола алады. Мониторинг жүргізу қиын шаруа болғандықтан онымен көбіне социологтар айналысады. Ал журналист әзірленген материалды редакторлық өңдеумен айналысады.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*Мониторинг – белгілі бір құбылысқа тұрақты бақылау жасау құралы. Мониторинг және статистика. Журналист мониторинг жүргізуші ретінде. Социология және мониторинг. Мониторингтің басқа түрлері.*

### **3.10 Рейтинг**

Бұл пішіннің атауы ағылшын тілінен аударғанда (“rating”) “баға”, “классификация” деген ұғымды білдіреді. Жанр әлдебір ұқсас сипатты құбылыстарды салыстыруды мақсат тұтады. Ол традитивті әдістерді – аналогтарын қарастыру мен салыстыру тәсілдері негізінде жүзеге асады. Рейтинг түзілетін құбылыстар кез-келген саланы – экономика, қаржы, саясат, мәдениет, спорт, т.б. қамтиды. Рейтингтер арнаулы басылымдарда да, қоғамдық-саяси газеттерде де, радио мен теледидарда да кездесіп отырады. БАҚ аудиториясы бүгінде кез-келген маңызды салада болып жатқан құбылыстарды білгісі келеді. Мәселен, сайлаушылардың қайсібір саясаткердің сайлау науқаны бәсекесінде көш бастап келе жатқанын, қайсысының артта қалып отырғанын білгісі келетіні даусыз. Ал салымшылар қай банктің сенімді екенін осы рейтинг арқылы анықтайды. Өн сүйер қауым қай әншінің танымал екендігін рейтинг жүйесімен белгілеп отырады.

Рейтинг баспасөзде 90-жылдардың басында, қайта құру кезінде пайда болды. Сөйтсе де бұған дейін “социалистік жарыс нәтижелері”, “ауыл шаруышылық мәліметтері” сияқты рейтингке ұқсас пішіндер жарияланып тұрды.

Қазіргі рейтингтердің дені саяси, сайлау алды науқаны тақырыптарын сөз етеді.

Мерзімді баспасөздегі рейтингтер көлемі жағынан әртүрлі болады. 10-20 жолдан бастап газеттің тұтас бетін қамтитын рейтингтерді журналдардан жиі кездестіреміз.

Бір есептен рейтинг жарнама мәтінінің қызметін атқарады. Бірақ ол аудиторияны әлдебір тауарды алуға үгіттемейді.



Жарнама бірнеше газетте қатар басылса, рейтинг бір басылымда ғана көрініс табады. Жарнама бір тауарды ғана насихаттаумен болса, рейтинг саясаткер ықпалына қарай бағдарын өзгертіп отырады.

Рейтинг – талдамалы пішін. Оның себебі, біріншіден, салыстырмалы талдаудың болатыны. Екіншіден, талдау арқылы болжам жасалатыны.

Рейтинг түзу журналистен үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан сол саладан хабары бар тиісті маманмен өне бойы ақылдасып отыру артықтық етпейді. Маңызды рейтингтерді осы іспен айналысатын арнаулы институттар мен орталықтар әзірлеп отырады.

### *Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары*

*Рейтингтің традитивті әдістері. Қазіргі рейтингтердің сипаты. Рейтинг және жарнама. Рейтинг және саясат. Рейтингтің басқа да түрлері.*

### **3.11 Рецензия**

Рецензия (лат. recensio) – қарау, хабарлау, бағалау, пікір білдіру мағынасын білдіреді. Бұл көркем әдебиет, өнер, ғылым, журналистика туындылары туралы пікір білдіруді (ең алдымен сын пікір) мақсат ететін жанр. Пікір қайсыбір формада айтылмасын, рецензенттің зерттелген шығармаға деген көзқарасын білдіреді. Рецензияның өзге газет жанрларынан айырмашылығы – негізгі нысанының очерк, корреспонденция, суреттеме, репортаж сияқты өмір шындығының фактілерінен емес, кітаптар, брошюралар, спектаклдер, кинофильмдер, телехабарлар болатынында.

Рецензия әдетте бір-екі шығарманы ғана қарастырып, алдына басқадай бір күрделі міндет қоймай, соларға тиісті баға беруді ғана көздейді. Егер журналист шығармаға терең талдау жасай отырып, әлдебір қоғамдық маңызы бар проблеманы ұсынса, ол рецензиядан гөрі әдеби-сын

мақаласына, шолуға немесе өнертану зерттеуіне айналып кетеді.

Рецензия нысанын таңдау автор үшін маңызды болады. Мәдениет, өнер және ғылым салысындағы барлық жаңалықты қамту мүмкін емес. Газет көлемі оны көтермейді. Сондықтан рецензент солардың ішіндегі тек маңыздыларын ғана өз рецензиясына өзек етіп алады. Оқырман осы рецензия арқылы белгілі бір туынды туралы толық мағлұмат алуы тиіс екенін ұмытпаған жөн. Сол себепті рецензия мазмұны мен формасы жағынан оқырманның әртүрлі категориясына лайықталып жазылады. Рецензент рецензия жазылатын туынды туралы жан-жақты мәлімет жинап алып барып қана, сол салада (әдебиет, театр, өнер, т.б.) терең дайындық жасап алып қана рецензия жазуға отырады. Туындының былайғы адам байқай бермеген жақсы не кемшін тұстарын жіті аңғарып, интуициясының бай екенін, журналистік кәсіптік білімінің терең екенін аңғартуы тиіс.

Рецензияның негізін талдау құрайтын болғандықтан, ол жан-жақты, объективті көзқарас танытқаны жөн. Рецензия авторы шығарма ішіндегі жаңа бір құбылысты жіті аңғарып, өз ойын сол бағытта өрбіте алғаны дұрыс. Көбіне рецензия шығармадағы сөжетгі желілерді талдау негізінде жазылады. Бірақ тым эмоцияға берілу рецензияға жат. Қандай пікір айтылса да, шынайы қозғалуы тиіс. Оқырман неғұрлым туынды жайлы таныс болса, соғұрлым рецензия жазу қиынға соғады.

Қазіргі баспасөзде шығарманың тек бір қырын ғана, мәселен, тек автордың тіл шеберлігін ғана талдаған рецензиялар жиі кездесіп жатады.

Рецензент өз рецензиясын қай формада жазбасын, оның негізінде автор ойы (идеясы) жүреді. Сондықтан рецензия белгілі бір дәрежеде автордың негізгі идеясына құрылады. Былайша айтқанда, сырт көздің баға беруіне негізделеді.

Баспасөзде басылып жүрген рецензиялардың театр сыны, кино сыны, шағын рецензия, көлемді рецензия, әдеби сын, т.б. сияқты көптеген түрлері кездеседі.

## Театр сынынан үзінді алайық.

• «...Пьесада көрермен назарын өзіне ерекше аударған кейіпкер Винтер – О.Қыйқымов. Қожайынына қалтқысыз берілген Винтердің әрбір тістеп сөйлеген сөзі, қимыл-әрекеті күлкі шақырады. Тағы бір өте сәтті шыққан бейне Құлжановтың – Эрих Кламроты. Талантты жас әртіс өзін тағы бір жаңа қырынан танытты. Қайын атасының байлығын уысына түсіруде ештеңеден аянбайтын Эрихтың ашулануы, диалогы – жанды. Пауло Клотильда Клаузен – ЖМейрамова өз кейіпкерінің мінез-құлқын өз дәрежесінде жеткізе алмады. ЖМейрамовадан Клотильданың характеріне тән эмоцияны көре алмадық. Құпия кеңесшінің адал достары Штейниц – Қ.Тастанбеков, Гейгер – Т.Аралбай сынды белгілі өнер майталмандарының ойнауында өте сәтті шыққан. Инкеннің анасы Фрау Петерстің рөліне Б.Жанғалиева үлкен дайындықпен келген. Құлығына құрық бойлатпайтын “елші” Генефельд – К.Нұрлановтың әртістік шеберлігін айтпай кетпеуге болмайды. Вольфганг Клаузен – Б.Қожжа, Оттилия – Н.Тәшімова. Эгмонт Клаузен – А.Сұрапбаевтардың еңбегі ерекше атап өтерліктей. Қысқасы «Ымырттағы махаббат» – қазақ көрермендерінің рухани сұранысына жауап берерлік драма. Сахнаның безендірілуі де (суретшісі Есенгелді Тұяқов) драманың сәтті қойылуына өзіндік әсер берген». (Қазақ әдебиеті. №29. 2005).

Мерзімді басылымдарда жарияланып жүрген рецензияларды белгілі бір негіздерге сүйене отырып, төмендегідей типологиялық топтарға бөлуге болады.

1. Көлемі жағынан екі типте қарастыруға болады: көлемді рецензиялар (гранд-рецензиялар) және шағын рецензиялар (мини-рецензиялар). Көлемді рецензиялар газет-журналдарда (әсіресе, салалық басылымдарда) жиі басылады. Рецензияның көлемді болуы автордың зерттеп отырған тақырыбына байланысты айтар ойын жан-жақты әрі кеңінен

жеткізуіне мүмкіндік ашады. Мұндай рецензияларды көбіне тұрақты қоғамдық-саяси және философиялық-ізгілік көзқарасы қалыптасып қалған, оқырман арасында беделі бар белгілі сыншылар жазады.

Шағын рецензиялар да мерзімді басылым беттерінен жиі орын алады. Көлемі бір жарым беттен аспайтын мұндай рецензиялар оқырманды белгілі бір туынды туралы хабардар етіп, пікір білдіруді мақсат ететіндіктен хабарлы жанрға жатады. Мұнда сыншы нақты ақпарат береді. Сол себепті оқырман мұндай рецензияларды бір деммен оқып шығады.

2. Талданатын шығармалардың санына қарап рецензияны монорецензия және полирецензия деп екіге бөлуге болады. Алғашқы типте бір шығарма ғана талданады. Ішінара осы тақырыпта жазылған екінші бір туында салыстыру мақсатында ғана алынуы мүмкін. Бірақ салыстырмалы материалдар көлемі өте аз болады.

Полирецензияда бірнеше туындылар қатар талданады. Егер монорецензияда оқырманға бұрыннан таныс шығармалар өзек болса, полирецензияда әлі оқырман назарына жете қоймаған туындылар жайлы салыстырмалы түрде сөз болады.

3. Тақырыбы жағынан рецензиялар сала-саласы бойынша әртүрге жіктеледі: әдеби, театр, кино рецензиясы, т.б. Кейінгі кезде рецензияның оқырманға таныс жоғарыда айтылған типтерінен басқа жаңа түрлері де газет беттерінен көрініс тауып жүр: мультипликациялық, ойындық емес фильмдер, теле рецензиялары, жарнама және клип рецензиялары, т.б.

Қайсыбір типтегі рецензияны әзірлеудің өзіндік қиындықтары бар. Әсіресе, кино және театр рецензияларын жазу қиын. Егер әдеби рецензияда автор белгілі бір шығарма жайлы, оның авторы, шығармашылығы, шеберлігі туралы сөз қозғаса, театр және кино рецензиясында автордан басқа ррежиссердің, актердің, музыканттың, суретшінің, т.б. қосалқы қызметкерлердің жұмыстарына баға беруге тура келеді. Әрине, бұлардың әрқайсысы жайлы жеке-жеке пікір айтып, тоқталуға да болар, бірақ шығарма тұтастығына баға

берерде барлығының өнерін бір бағытта синкретті тұрғыда талдауда қиындық кездесері даусыз. Әдебиет шығармасын экрандау мәселесіне келгенде бұл тіпті қиындап кетеді.

Рецензия кім үшін жазылады? – дегенге берілер біржақты жауап жоқ. Өз шығармашылығын ұштап отыру үшін туынды авторына да, жаңа шығармамен танысу үшін оқырманға да рецензия қажет.

### ***Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары***

*Рецензияның өзге газет жанрларынан айырмашылығы. Рецензия нысаны. Рецензия және шығарма авторы. Рецензияның түрлері. Рецензия әзірлеудің өзіндік қиындықтары.*

### **3.12 Мақала**

Талдамалы журналистикада мақала басты жанрлардың бірі болып есептеледі. Мақала атауы латынның “articulus” сөзінен шығып, алғашқыда “сустав”, “мүше”, “жалпының бір бөлігі” деген мағынаны берді. Журналистика тәжірибесінде кейде кез-келген жанрдағы жарияланымды “мақала” дей салуымыздың түп төркіні осында жатса керек. Ал, шын мәнінде, мақала қоғамдық мәні бар үлкен саяси, әлеуметтік, экономикалық жайларды талдаудан туады. Жанр ретінде мақала ең алдымен күн тәртібіндегі көкейтесті мәселені қозғап, оны саяси жағынан талдап, келтірілген теориялық деректер мен дәйектерді дәлелдеп, жинақтауды мақсат етеді. Зерттеуші Т.Қожакеев мақаланың ойды жалпыдан жалқыға қарай өрбітетінін; ондағы фактілік материал талдану үшін емес, пікірді дәлелдеу үшін алынатынын; нақты оқиға мен құбылысқа байланысты жазылатынын; мақала жазу үшін үлкен теориялық дайындықтың қажет екенін; бірінші қатарда авторлық пікір мен толғаныстың тұратынын дәлілдейтін бес белгісін атап көрсетеді (102-103-б).

Т.Амандосов, Т.Қожакеев сияқты қазақ зерттеушілері мақала жанрын бас мақала, проблемалық мақала,

публицистикалық мақала, насихаттық мақала, жалпы мақала деп түрге жіктегенімен, қазіргі кезде баспасөзде мақала жанрының анағұрлым тұрақтанған формалары көрініс тауып жүр. Негізгілері деп мыналарды атасақ болады: жалпызерттеушілік мақала, тәжірибелік-талдамалы мақала.

**Жалпызерттеушілік мақала.** Бұл топқа жалпы маңызы бар, кең ауқымдағы мәселелер қозғалған жарияланымдар жатады. Мәселен, мұндай мақаланың авторы елдің саяси және экономикалық даму барысы жайлы мәселе қозғай алады немесе жалпы қоғамдағы ауқымды мәселелерді тілге тиек ете отырып, үлкен проблема көтереді, шет елдермен қарым-қатынас, үкіметаралық маңызды келісім-шарттардың жасалуы, т.б. мәселелер тақырыпқа өзек болады.

Мақаланың бұл тобы автордың терең толғанысқа баруымен, фактілерді жинақтап, зерттеп беруімен ерекшеленеді. Мақсаты қазіргі қоғам дамуының түрлі заңдылықтарын, тенденцияларын, перспективаларын ашу. Кеңес дәуіріндегі журналистика тәжірибесінде жалпызерттеушілік мақала төркінін теориялық-насихаттық мақалалар құраған болатын.

• «Жаһандану (“глобализация”, “глобализм”) ұғымдары XX ғасырдың 80-жылдары АҚШ-та қолданыла бастады. Алғашқы еңбектердің аттары “Шекарасыз әлем”, “Біртұтас әлем”, “Біртұтас экономика” деген аттармен жарық көрді. Өзара байланыстар тек экономиканы ғана емес, мәдениеттер мен идеологиялар жасаушы, өндіруші Голливуд сияқты трансұлттық корпо-рациялардың, білім мекемелерінің ықпалының ұлғаюына ұласты. Олар тек тауар, капитал, технология, ақпарат емес, идеялардың да, тіпті ірі тұлғалардың айналымға түсуіне дем берді. Жаһандану әлемнің тұтастығын, өзара байланысын, өзара тәуелділігін, өзара икемділігін қоғамдық санаға сіңірді. Шындығында, бұл бүкіл әлемді бір қалыпқа салу емес, бірлесу, топтастыру, әр түрлі, әр текті ұлттық, діни, саяси мүдделердің өркендеттердің ықпалдасуы.

*Жаһандандудың сапалық мәні осында. Бірақ жаһандану қоғамның барлық саласына ықпал жасайтын күрделі, екіжақты құбылыс. Көлік, коммуникациялық және ақпараттық технологиялар негізінде кеңістік барынша тығыздалынып, уақыт жеделдетілді. Аяқ жетпейтін алыс жақындап, күдікпен қарайтын жатқа бой үйренді. Мерзім өлшемі де өзгерді, бұрын күндер, айлар, жылдарды талап ететін іс-әрекет енді қас-қағымда жүзеге асатын бодды. Мемлекетаралық байланыстар тереңдеді. АҚШ-тың қаржы жүйесі тұмаурата бастап еді, қазақстандық қаржы жүйесі түшкіріп сала берді... – деп басталатын философ Амангелді Айталының «Егемен Қазақстан» газетінде басылған «Жаһандану және ұлт мәселесі» деген мақаласы осы жанр сипатында жазылған». («Егемен Қазақстан», 27 ақпан 2008 жыл).*

Жалпызерттеушілік мақала – күрделі жанр. Ол журналистен біліктілік пен білімді талап етіп қана қоймай, теориялық ой-өрісінің кеңдігін де қажет етеді. Тек тәжірибелі журналист қана бұл жанрға қалам тарта алады. Жаңа жаза бастаған талапкер жалпызерттеушілік мақала жазбас бұрын мына талаптарды ескеріп алғаны жөн: алдымен, қазіргі қоғам дамуының өзекті мәселесі болып отырған тақырыпты тандап алып, ондағы оқырман үшін маңызды деген жайларды анықтап, былайша айтқанда, негізгі тезистерін белгілеп алғаны дұрыс. Ол үшін осы мәселеге қатысты қыруар заңдарды қарап шығуға тура келеді. Әрі қарай сол заңдардан туындағын кейбір жайлар туралы талдау жасап, аргументтер мен айғақтар келтіруге машықтанғаны ләзім.

Осы типтегі мақалаға қойылатын жалпы құрылымдық талаптар бар:

Мақаланың ашық *концептуальды желісі* болуы тиіс. Ол желінің фактілер шоғырында көміліп қалмағаны жөн. Автор оқырманға жағдайдың саяси, экономикалық және басқа да мәнін ұғындыру үшін нақты да айқын ой беруі тиіс. Журналисттің құбылысқа баға беруде қандай әдістерді

қолданғаны оқырманға белгілі болғаны дұрыс. Бұл үшін жас журналист белгілі бір әдістемелік нұсқауларды басшылыққа алады. Солардың бірі – мақаланың үш бөлігінің болуы: басы, негізгі бөлімі, қорытындысы. Мақала басында жазылып отырған жайдың қаншалықты маңызы бар екені оқырманға аңдатылады. Негізгі бөлімде қозғалып отырған жайға қатысты автордың пайымдары келтіріледі. Қорытындыда жоғарыда айтылған ойдың барлығы синтезделіп, түйін жасалады.

**Тәжірибелік-талдамалы мақала.** Мақаланың бұл түрі негізінен өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, кәсіпкерліктің, мәдениеттің, ғылым мен білімнің, бизнес пен қаржы, т.б. тәжірибелік проблемаларға байланысмы жазылады. Яғни, осы саладағы нақты бір проблемаларды шешудің көкейтесті мәселелерін сөз етеді. Автор белгілі бір салада қалыптасқан жағдайдан шығудың жолдарын ұсынады, талдау жасап, баға береді, жұртшылық алдына нақты ұсыныстарымен шығады.

Егер жалпызерттеушілік мақала авторы “ел”, “әлем”, “қоғамдық құрылым”, “саясат”, “экономика”, “халықтың әл-аухаты”, “билік өкілдері”, “парламент шешімі”, “халықаралық келісімдер”, “елдердің өзара қарым-қатынасын дамыту тенденциясы”, “өркениет” деген сияқты категориялармен ой өрбітсе, тәжірибелік-талдамалы мақала авторы “өндірісті дамытатын міндеттер”, “кәсіпорындардың өзара байланысы”, “салада қалыптасқан жағдайлар”, “зауытты қайта қалпына келтіру жоспары”, “АҚ кірісі”, “баға құрылымы”, “ұжымдағы ахуал” деген сияқты категорияларды тілге тиек етеді.

«Егемен Қазақстан» газеті жазушы-фантаст Жүніс Сахиевтің «Кібісе жыл. Ол не? Қайдан шыққан?» деген талдамалы мақаласын жариялаған. Мақалада жоғарыда айтылған жұртқа етене таныс бір сөздің түп төркініне үңіліп, қызықты деректер келтірілген. Мақала былай басталады:

• «Өзіміз *жси еститін* кібісе жылдың не екенін, оның қашан, қай елден шыққанын білуіміз үшін күнделікті

*тіршілігімізге қолданылып жүрген күнтізбенің тарихына терең үңілуіміз керек. Күнтізбені зерттеуші ғалымдардың дені оның ежелгі Египеттен бастау алатынын тұжырымдайды. Оған негіз – сол ежелгі заманда египеттіктер деген жалпы есімге ие болған білімдар тұрғындардың өздері Сотис – бізше Сүмбіле деп аталынатын аспанның ең көрікті, ең жарық жұлдызына алғаш болып назар аударып, сол жұлдызды мұқият бақылап, оның таңертеңгілік күншығыс көкжиектен көрінгеннен келесі дәл сол уақытта қайта жсалт еткенге дейінгі аралықтағы күндерді санап, бір жылдың 365 тәуліктен құралатынын білгендері еді...» («Егемен Қазақстан», 27 ақпан 2008 жыл).*

Әрі қарай мақалада ежелгі Египеттен бастау алатын Күн күнтізбесіне қатысты ғылыми болжамдар айтылады.

**Проблемалық мақала** жазуға дайындық қалыптасып отырған проблемаларды жете зерттеумен, танысумен басталады. Бұл проблема туралы журналист неғұрлым жақсы таныс болған сайын соғұрлым оның материалы шынайы әрі дәлелді шығады. Жағдайды жете түсінбеген, не болмаса ескі фактілерге ғана малданған журналист жақсы мақала жазып шыға алмайды. Ол үшін тиісті фактілерді көбірек алуға тура келеді. Төмендегідей сауалдардың нақты жауабын білу арқылы автор проблеманы дұрыс қоя алады: қандай шара көрілді және кім көрді? Қатысушылар қандай әлеуметтік топтарға жатады? Олардың мақсаты не? Талап қоюшылар мен қатысушылар арасында қандай қайшылықтар бар? Одан қандай проблемалар туып жатады? Бұған қандай қаржы жұмсалады? Бұл неге апарып соғады? Қоғам үшін оның қандай зияны бар? Жағдайдан шығудың жолдары қандай?

Қазіргі журналистикада проблема жүгін көтермесе де, “проблемалық жағдай” туғызатын мақалалар бар. Мұндай жағдайда проблемалар төркіні мынадай болып келеді: “Қайызғақты қалай кетіруге болады?”, “Басқа планеталықтар жердегілермен неге байланыс жасамайды?”, “Қалай бақытты

болуға болады?”. Журналистер мұндай типтегі проблемаларды “проблемоид” деп атайды.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*Мақала газет жанры ретінде. Жалпызерттеушілік мақала. Тәжірибелік талдамалы мақала. Проблемалық мақала. Мақала жазудың талап-шарттары.*

### **3.13 Публицистік қайымдасу (полемика)**

Заман әфсанасынан туған қоғамдық өзгерістермен қатар қазақ публицистикасы да жаңаша сипатқа ие болып, оның жанрларының байып отыратыны заңды. “Публицистика өз халқының және басқа мемлекеттердегі халықтардың қоғамдық-тарихи тәжірибесін игеруі шарт” (163), – деп жазған С.Смирнов қағидасы бұл ойымызға дөп келеді.

Публицистика әр кез уақытпен ілесіп отырады десек, қоғамымызда болып жатқан түрлі өзгерістер міндетті түрде публицистиканың байып-бағдарына, мақсат-міндетіне әсер етеді. Әрі ол ішінара публицистикалық жанрлардың ерекшеліктеріне соны сипат қосады. “Сөз жоқ, өнердің әр түрінде белгілі бір туындыны нақты бір жанрға жатқызудың себептері мен шарттары ұқсас та, өзгеше де бола береді” (27, 24-б.), – деп журналистика теоретигі Т.Қожакеев айтқандай, қоғамның дамуына, публицистердің идеялық-саяси көзқарастарына қарай жанрлар түрлі сипатқа ие болып, ішкі заңдылықтары алмасып, құбылып жатады. Қоғамның өзгеруіне, баспасөздің дамуына байланысты жаңа жанрлар пайда болады. Яғни, “белгілі бір дәуірдегі пафосқа, рухқа, идеялық-саяси міндеттерге орай күрес құралдарының өзгеріп отыратыны сияқты, жанрлардың өзі де, қасиет белгілері де жаңғырып, толығып, молығып жатады” (27, 28-б.). Керісінше, бұрыннан қалып алып, баспасөздің бір жанры ретінде жанрлық саралаудан өтіп, теориялық тұрғыдан дәлелденген кейбір жанрлардың да жойылып, жаңа шарт-белгілермен ғана

көрініс табатын сәттері аз кездеспейді. Бұған Кеңес дәуірі кезінде газет-журналдардың идеялық-саяси деңгейін аңғартып, ресми құжаттар мен нұсқауларды, партиялық директиваларды насихаттауды мақсат еткен басмақаланы мысал етуге болады.

“Публицистика жанрларының ғылыми теориясы әлі толық зерттеліп бітпегенімен” (164), газет жанрларын жеке-жеке қарастырып, нақты талдау жасаған бірқатар зерттеулердің бар екенін айтуымыз керек.

Баспасөз жанрлары неғұрлым байыған сайын газеттің түр-сипаты да, публицистиканың айқындаушы рөлі де соғұрлым арта түседі. Бұл тұрғыда профессор Т.Қожакеевтің: “Жанрларды саралау, жанр молдығы өмір-болмысты, тыныс-тіршілікті бүкіл бітімімен, даму тенденциясымен шебер ашып көрсетуге... септігін тигізеді” (27, 28-б.), – деген байламы шындыққа жанасымды. Кейінгі кезде бірқатар публицистердің газет жанрларын байытуға ұмтылып, әр жанрға жаңа сипат беріп, тың сүрлеуге жол ашуы құптарлық-ақ. Әрине, олардың әрқайсысы бұған өзіндік өлшеммен, ерекше байыппен келеді. Бұл тұжырымды: “жанрларды түрлендіре, құбылта қолдану нәтижесінде барлық шындық тұтастай, жан-жақты ашылады” (27, 29-б.), – деген пікір толықтырып тұрғаны анық.

Камал Смайыловтың “Қазақстан. ХХІ ғасыр” деген әлеуметтік мақаласы (“Егемен Қазақстан”, 1996, 25 маусым) публицист Шерхан Мұртаза екеуінің арасында біраз уақыт бойы баспасөз бетінде алма-кезек мақала-хаттар жазысуға себепші болды. Алғашқы мақаладан соң “Егемен Қазақстан” газеті “Айтыстан – ақиқат” деген айдармен Шерханның “Камалға хатын” басады да, баспасөз бетінде екі публицист арасындағы достық рәуіштегі полемикалық айтыс басталады. Мұны “айтыс” дегеннен гөрі, “публицистік пікірлесу” не “публицистік қайымдасу” деу қисынды сияқты.

Публицистер газет арқылы өз көзқарастарын білдіре отырып, әрбір көсемсөз шеберіне тән қасиетпен қоғамның көкейтесті мәселелерін сөз етеді, айтыстан, қайымдасудан

туған ой арқылы ауқымды проблема көтереді. Мұндай сөз таласына пәлсафа негіздерін қалаушылардың өздері де кезінде жиі соқтығып отырған.

Қазақ жазушы-публицистері арасында Н.Төреқұлов, С.Сейфуллин, М.Дулатов, Б.Майлин, М.Сералин, А.Байтұрсынов Ғ.Мүсірепов және басқаларының хат арқылы бір-бірімен пікір таластырып отырған сәттері де аз болмаған.

Ғасыр басында қазақ оқығандарының бір тобы “Айқап” журналының маңына, бірі “Қазақ” газетінің төңірегіне ұйысып, отырықшылық, жер мәселесі жөнінде көп айтысты, келелі-келелі мәселелерге қозғау салды. “Қазақ” газетінің маңына топтасқандар (А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, т.б.) қазақ жұрты дәстүрлі көшпелі мал кәсібімен айналыса бергені дұрыс деген пікір білдірсе, “Айқаптықтар” (М.Сералин, Б.Қаратаев, Ж.Сейдалин, т.б.) тезірек отырықшы болып, мәдениетке қол созу қажет деп жазды. Әйтсе де олардың қай-қайсысы да қазаққа болмасын, қазақ жаман болсын деген жоқ.

Қалай болғанда да, баспасөз бетінде хат арқылы қайымдасқан қазақ зиялылары сол кездің ең бір өзекті мәселелерін дер кезінде көтерді деп айта аламыз. Бұл тұрғыдан алғанда, баспасөздегі хат – жеке бастың жайы, жеке мүдденің қамы емес, одан да биік қоғамдық мүдденің мұраты.

Демек, Камал мен Шерханның хаттарын да осы өре тұрғысында қараған жөн.

Полемика арқылы шындықтың байыбына бару – әуелден бар нәрсе екеніне көз жеткіздік. Енді ғылыми тұжырымдарға сүйеніп көрелік.

“Полемика (қақпайласу немесе қайымдасу) – идеялық пікір алысудың қажетті компоненті, бір-біріне қарама-қайшы немесе әртүрлі көзқарастарды салыстыру және олардың ақиқат екенін немесе жалған екенін айқындау әдісі” (165).

Түсіндірме сөздіктерде полемикаға “қақпайласу, сөзбен қағысу” деген мағына беріледі, ал қақпайласушы адамға, яғни, полемистке “пікір таластырушы, шешен, сөзшең адам”

деген балама берілген. Осыған қарап, бір жағынан, қақпайласудың шешендік өнерге де жақындығын байқауға болады. Шешендік өнер де – “қай заманда, қай қоғамда болса да қауымға, көпшілікке үлкен әсер ететін” (166) қуатты құрал. Кезінде халық шешендерінің аймақ, ру және жеке адамдар арасындағы даулы мәселелерді асқан шеберлікпен шешіп отыруға араласқанын ескерсек, бүгінгі публицистердің де пікір таластырудың, ойды жеткізудің ең ықпалды жолы – хат арқылы бірқатар мәселелердің шешілуіне мұрындық болуын сол сабақтастықтың заңдылығы деп ұғындырамыз. Оның үстіне публицистердің хат арқылы қайымдасулары орыс ғалымы М.В.Ломоносовтың мына бір пікіріне де орайлас келеді: “Шешендік дегеніміз – кез келген нақтылы зат туралы шебер сөйлеу өнері және сонымен басқаларды ол жөнінде өз ойына ойыстыра білу” (167).

Туасы, публицистің қай кезде де пікір таластырып, арадік келісіп те отыратын оппоненті болады. Көп жағдайда олар көзге көріне бермейді де. Аудитория, оқырман, әріптес, хабар алушы, басқа түрлі пікірлес-ниеттес адамдар түрінде кездесуі мүмкін. Осыған қарағанда, публицист қоғам дамуымен арпалыса жүріп, үнемі күрес үстінде болады. Ал мұндайда әлдебіреумен пікір бөлісе отырып, қақпайласу әдісі – оңтайлы тәсіл. Оқырманды қызықтыратыны да осы.

Дегенмен, “түгел сөздің түбін бір” санаған қазақ публицистерінің басты мақсаты – шешендігімен немесе ділмарлығымен танылу емес, полемика арқылы шындықтың бетін ашу. Сондықтан қақпайласу шешендік өнерден гөрі, публицистикаға жақын.

Бір есептен, хат арқылы кезектесе қақпайласуда айтыстың белгілері де нышан беріп қалады. Мәселен, ертедегі араб, үнді ақындарының поэзиясында бір-бірімен хат арқылы байланысып, жазбаша түрде сөз қағыстыру болған. Бұл турасында белгілі ғалым Ө.Күмісбаев: “Омеядтар тұсында (VII-VIII ғғ.) өмір кешкен арабтың Джарир, Әл-Фараздак, Әл-Ахталь деген үш шайыр панегристері елу жылға жақын уақыт бір-бірімен поэтикалық полемикаға түсіп өткен. Бұлар

бір-біріне тұра алмаған” (168). Мұхтар Әуезов те жазбаша сайыстың Франциядағы туверлер, Европадағы мейстерзингерлер мен ағылшын менестрельдерінің арасында болғанын айғақтайды. Сыр шайырларының жазбаша айтыс дәстүрлері де – өз алдына бір мектеп. Сүлейлердің танымдық айтыстары, дидактикалық көзқарастары – публицистік хаттардың ауанына да тән нәрсе.

Әрине, дәстүрлі өнердің жаңаша жаңғырып, өзінің түрі мен мазмұнын, эмоциялық әсері мен қоғамдық ықпалын соны сапада көрсете бастауы, сөйтіп жанр ретінде тың түлеуді бастан кешуі бүгінгі сан-салалы гетерогенді коммуникацияның ықпалымен байланыстыра қарауды қажет етеді. Өйткені рухани өміріміздің ең бір ықпалды айғағы болып отырған бұқаралық ақпарат құралы эпистолярлық дәстүрімізді шектеулі шеңберден шығарып, әлеуметтік аясын кеңейтуде, жаңа сапа мен тың мазмұн қосуда. Бұл жерде эпистолярлық дәстүрдің қандай үлгіде өмір сүруі керектігі жөнінде пікір таласы болмауы тиіс. Өйткені ол – жеке субъектінің қалауына бағына бермейтін, тарихи-әлеуметтік жағдаймен сабақтаса өрілетін процесс. Сондықтан да, оның жанрлық төл ерекшеліктерінің болуы, уақыттың талғам-талаптарына орай бейімделіп көрініс табуы – объективті жағдай.

Хат арқылы қайымдасуды, қақпайласуды жанрлық тұрғыдан саралағанда, ең алдымен, идеялық қарсыластар мен бөтендей ойы жоқ, адал ниетті айтыскерлер арасындағы қақпайласудың ара-жігін ажыратып алған жөн. Екеуінің де ниеті бір шындыққа жетуді, қоғам қайшылықтарын ашып көрсетуді мақсат еткенімен, әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері, әдіс-тәсілдері бар.

Ашық пікірталас – бұл ой мен ой, идея мен көзқарас күресі. Мұнда жеке бастың қам-қарекетінен қоғам мүддесі биік тұрады. “Жеке бастың әрекеті принципті қақпайласумен сыйыспайды, мұны серік еткендер оқырман сүйіспеншілігіне ие бола алмайды, – публицист үшін айнымас ереже осы”, – дейді американ философы А.Рапопорт.

Жоғарыда айтылған тұжырымдарды, дәйектемелерді басшылыққа ала отырып, Камал Смайыловтың мақала-хаттарында жанрлық талаптарға сай келер сипаттар мол деп толық айта аламыз. Сондықтан да Камал хаттары негізінде газет арқылы көрініс табатын публицистік қайымдасуды (полемиканы) дербес жанр ретінде дәйектеп көрмекпіз.

Публицистік қайымдасу (полемика) – баспасөз бетінде хат түрінде көрінетін, екі публицистің бір-біріне деген, қоғамдағы түрлі қайшылықтарға деген күйінішін білдіретін, ел мүддесін, қоғам мәселесін кезектесе хат арқылы жеткізетін көркем-публицистикалық жанр. Оның міндеті – бүкіл қоғам қайшылықтарынан туындап отырған келелі мәселелер жөнінде ой қозғап, қоғамдық пікір туғызып, оны нақты фактілермен, деректермен дәлелдеу.

Жанрға тән негізгі белгілер мыналар:

*Біріншіден*, публицистік қайымдасу ойды жалпыдан – жалқыға қарай өрбітеді. Онда сіреспен цифр, жадағай дәлелдемелерден гөрі, авторлық толғаныс, авторлық пікір басым болады. Талас тудырар пікірлер молынан кездеседі. Әр айтылған ой нақты тұжырымдармен дәйектеледі.

*Екіншіден*, әлдебір субъектіге бағытталған хат түрінде жазылады. Баяндау тәсілі талдамалық сипат алғанымен, өткір публицистік сарын, жинақы ой нақты тұжырымдармен, топшылаулармен астасып жатады.

*Үшіншіден*, ол – оқиғаның, фактінің, шындықтың жанры. Өмірден алынған нақты оқиғалар, құбылыстар жайлы пікір қозғап, сол туралы оң көзқарас қалыптастыруға ықпал етеді.

*Төртіншіден*, оған лирикалық субъективтілік тән. Яғни, публицист өзінің жан айқайын, сенім-сезімін, ішкі жан дүниесін бүкпесіз аңғартып отырады.

*Бесіншіден*, тақырып аясы өте кең. Белгілі бір тақырыпты ғана айналшықтап жүріп алмай, қоғам жүгін көтерер түрлі ауқымдағы мәселелерді сөз ете береді.

*Алтыншыдан*, оперативтілігі, заманмен ілесіп отыратыны. Баяндау барысында өткен жайларды қозғап, суреттеу,

елестету әдістерін қолданғанымен, бүгінгі жайды бүгін айтқанды мақұл көреді.

Қалай болғанда да, публицистік қайымдасуда публицистикалық пафос, авторлық толғаныс, тебіреніс басым. Бірақ онда қара басының қамын ойлап, қарсыласын қайтсем сүріндіремін деген жалаң мақсат жат.

Тақырыпты талдау үстінде автор көркем әдебиеттік, сатиралық және көркем-публицистік құралдарды қатар қолдана береді. Әсіресе публицистік элементтерге жиі жүгінеді.

Публицистік қайымдасудан өзге де жанр элементтерін табу қиын емес. Оны көркем-публицистикалық жанр дегенімізбен, талдамалы жанрларға тән белгілер де кездесіп жатады. Мәселен, зерттеу нысанымызға айналып отырған К.Смайыловтың мақала-хаттарынан баспасөзге шолудың, коореспонденцияның, мақаланың, белгілерін табу қиын емес.

“Аптасына Алматының 11 телеарнасымен бір тәулікте 115 сағаттық хабар көрсетіледі, соның 14-18 сағаты ғана қазақ тілінде екен!”, – дейді бір хатында (103). Мұнысы – шолу.

“Караван” 112 бет болып шығады. Демек, бір нөмірінен “Қазақ әдебиеті” газетінің (16 беттен ғой) 8-ін жасауға болады. Ал тиражын алсақ, “Қазақ әдебиеті” – 18 мың, “Караван” – 250 мың, сонда көлемін таралымына көбейтсек, “Караванның” бір нөмірінен 80-90 “Қазақ әдебиетін” шығарып тұруға болады екен!..” (103). Бұл – корреспонденция.

Публицистік хаттарда, сондай-ақ, аргументтер келтіре отырып, белгілі бір қағидаға талдау жасау, оны нақты дәйектермен толықтыру сияқты мақалаға тән белгілер де байқалып қалады. Ал әр хаттың өз пікірлесін әңгімеге шақыра сауал қоюмен аяқталуының өзі сұхбаттың диалог түріне жақын екенін аңғартады.

Айталық, публицист кейбір басылымдардағы өзара айтыс, бірін-бірі кемсіту, әлдебір мәселе айналасында шу көтеру сияқты келеңсіз жайларды сөз ете отырып: “Газет бетін дастархан басындағы ұсақ әңгімелерге пайдалануға сен не



дейсің, қалай қарайсың?” (103), – деп, әріптесін сұхбаттасуға шақырып, кезекті әңгімеге арқау болар ой тастайды.

Публицистік хаттардың кей сәтте өткір полемикалық сарынмен, астарлы кекесінмен жазылуына қарағанда памфлетке тән белгілерді байқау қиын емес. Шерхан Мұртазаның “Камалға хатында” сондай астар, патетикалық ирония кездеседі. Мысал келтірейік:

“Қазақстан жеріне қашаннан көз алартушылар аз емес еді ғой. Қазақтың дүркін-дүркін қырылып, өспей қалғанының бір қырсығы — осыншама жерге өзгелердің өзеурей қарағандығынан емес пе еді. Әлі де бар ғой. Горбачев, Солженицын, Жириновский дегендер Қазақстанның жерін қашан аламыз деп құзғын тазқарадай құлқын қағып отырған жоқ па?” (169).

Қазақ бапасөзіндегі полемика (қақпайласу) жанрының тарихи мәні – көркем публицистиканы, қаламгерлік шеберлікті, баспасөздің оқырманмен байланысын жетілдіруінде.

Баспасөз жанрын зерттеуші профессор Т.Амандосов жанрларды түр жағынан емес, мазмұн жағынан зерттеуді ұсынады (28, 89-б.). Осыған қарағанда публицистикадағы жанрлардың өздеріне тән сипаттарымен қатар, бәріне ортақ заңдылықтары да бар.

Сипатына қарай жіктегенде қайымдасу тіке және жанама болып екіге бөлінеді. Екеуі де диалогтық және монологтық формада кездеседі.

Диалогтық қайымдасуда бірнеше адам қатыса береді. Ол сұхбат түрінде де болады. Мұнда хат жазушы адам ниеттесін немесе қарсыласын әңгімеге тартып, сұрақ қойып қана қоймай, өз пікірін де білдіріп отырады, немесе бұл бірнеше маман қатысқан әңгіме түрінде өрбуі де мүмкін. Бірақ оның сұхбаттан немесе “дөңгелек үстел” басындағы әңгімеден бір ерекшелігі – әр адам пікірінің жеке-жеке хат түрінде көрінуі және мұнда міндетті түрде жоғарыда біз айтқан қайымдасу белгілері болуы шарт.

Егер хатқа жауап қайтарылмаса, ол диалогтық қайымдасу

бола алмайды. Оны монологтық қайымдасу дейміз. Камал Смайыловтың “Жолданбаған хаттары” – соның дәлелі.

Қайымдасуды түрге жіктегенде екі топқа бөліп қарастыруға болады. Олар: достық рәуіште пікір таластыруды мақсат ететін публицистік қайымдасу және ашық айтысқа негізделген публицистік қайымдасу.

Ашық айтысқа негізделген қайымдасу көзқарастары бір-біріне қайшы, алған мақсаттары бөлек, идеялары бір-біріне сәйкес келмейтін топтар немесе жеке тұлғалар арасында өтсе, достық рәуіште пікір таластыруды мақсат еткен қайымдасу қоғам қайшылықтарын екеуара сөз ете отырып, одан шығу жолдарын бірлесе іздеуді көздейді.

Алғашқы жағдайда қайымдасу таза академиялық ғылыми пікірталастан, сөз жарысынан гөрі, жеке мүддені қорғаған айтыс-тартысқа көбірек ұқсайтын болса, екінші жағдайда қоғамдық мәні бар келелі мәселелер, әлеуметтік проблемалар кеңірек сөз болады. Онда жеке бастың мүддесінен гөрі, қоғам мүддесі басым тұрады.

Камал өз шығармашылығына осының соңғысын негіз еткен.

Полемикалық бағыттағы шығармалардың өзі сынның ерекше формасы болып табылады. Онда сатиралық құралдар да жиі пайдаланылады. “Полемика – оппоненттің қате көзқарасын, оның мақалаларын, бұқаралық ақпарат құралдарындағы материалдарын, жария етілген құжаттарын сын тұрғысында талдай отырып, дұрыс емес пікірлері мен дәлелдерін ішінара немесе толық жоққа шығару, – дейді Е.Прохоров. – Мұндайда полемиканың мәні көбіне пікірлер мен көзқарастарды қандай күштің – «келісімге келмейтін оппозиция» ма, жоқ әлде, «адал адасып жүргендер» ме – қорғап жатқанына байланысты болады. Егер алғашқы жағдайда қарсыласқа деген өткір, аяусыз пікірлер айтылып, ирониялық астар басым болса, екінші жағдайда көзқарастар мен позициялар бір-біріне орайлас келіп, достық рәуіш сақталып отырады» (170).

Жалпы, публицистиканың үлгілері сан алуан десек, оның

«оқиғалы-ақпаратты, талдамалы, сатиралық, полемикалық және пікірталастық» (171) сипаттарының оқшауланып шыға келетінін байқаймыз. Осыған қарап, публицистік қайымдасуды әлдебір қатып қалған қағидалармен, ережелермен, әдіс-тәсілдермен жүйелеп қоюдың өзі негізсіз. Ол түптің түбінде идеялық көзқарастар арқылы ақиқатқа жетудің құралына айналатын болғандықтан, барған сайын мазмұнмен байып, жаңа жанрлық сипаттарға ие бола бермек.

### ***Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары***

*Полемика – идеялық пікір алысудың қажетті компоненті. XIX ғасыр басындағы мерзімді баспасөздегі қақпайласу. Жанрға тән негізгі белгілер. Ашық айтысқа негізделген қайымдасу. Полемиканың түрлері.*

### **3.14 Журналистік зерттеу**

Көп уақытқа дейін отандық баспасөзде және журналистика туралы ғылымда «журналистік зерттеу» ұғымы шын мәніндегі журналистік зерттеу жүргізудің синонимі ретінде қабылданып келді. Қоғамдық өмірдегі белгілі бір проблема туралы материалдар зерттеліп, жинақталып, мақала, очерк, фельетон жазылатын. Қазір «журналистік зерттеу» өз алдына жанр болып қалыптасты.

Оның бойынан мақалаға, корреспонденцияға, очеркке тән белгілерлі кездестіргенімізбен де, ақпарат алуда, оны беуде журналистік зерттеудің өзіндік ерекшеліктері бар.

Журналистік зерттеуге әдетте қоғамның кемшін тұстарын айғақтайтын «жанып тұрған» тақырыптар өзек болады: түрлі қылмыстық әрекеттер, жұртшылық назарын аударған сенсациялық жағдайлар, т.б. Әрине, бұл кемшін жайларды адамдардың өздері жасайтын болғандықтан, қайткенде де өз қылмыстарының артын жабу үшін журналистің зерттеу жүргізуіне көп кедергі келтіретіні белгілі. Тіпті, журналистке қауіп төндіретін жағдайлар да жиі ұшырасады.

Журналистік зерттеудің мақсаты ең алдымен сол жат әдеттің түп тамырын табу, себептерін айқындау, жасырын жатқан көлеңкелі жақтарын ашу. Зерттеуші журналистің негізгі сұрақтары: неге? Қалай? Әрине, мұндай қылмыстардың құпиясы көп болатындықтан, журналистке заңды жақсы білуге тура келеді. Мәселеге қатысты тергеушімен, инспектормен, түрлі куәлармен жолығады. Кезінде шу болған тарихи мәселелерге қатысты зерттеу жүргізуде тарихшы-зерттеушілермен әңгімелеседі.

Журналист-зерттеуші алғашқы материалдарды Интернеттен, газет-журналдардан, кітапханадан алады. Ары қарай министрліктер мен ведомствалардың архивтеріне үніледі. Материал жинауда әртүрлі әдістер қолданылады: бақылау жасау, сұхбаттасу, құжаттарды талдау, т.б. Мәселеге дендей ену үшін кейде журналистке мамандық ауыстыруға да тура келеді (мәселен, базар рәкеттерінің қылмыстарын ашу үшін уақытша сауда жасайды). Белгілі американ журналисі Майкл Берлиннің «Журналистік зерттеу жүргізу жөніндегі қықаша анықтамалық» атты еңбегінде бұл хақында көптеген кеңестер айтылған.

Журналист жинаған барлық құжаттарын (хаттарын, фотосуреттерін, үнтаспаларын, т.б.) ең сенімді деген жерде сақтауы тиіс. Бұларды сол құжаттарды берген адамдардың рұқсатынсыз үкімет орындарына беруге болмайды. Журналист өзінің шамасы келетін тақырыпқа қана барғаны жөн.

Журналист қай кезде де өзінің зерттеуіне нысан болған адамдардың сөзсіз сотқа жүгінетінін ұмытпағаны дұрыс. Сондықтан кез-келген кішкене құжаттың өзі мұқият сақталып, өзінің жеке архивінде жатуы тиіс.

### ***Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары***

*Журналистік зерттеудің өзіндік ерекшеліктері. Журналистік зерттеудің мақсаты. Журналист-зерттеуші және қазіргі қоғам. Журналистік зерттеуге материал жинаудағы әртүрлі әдіс-тәсілдер. Журналистік зерттеу және заң.*

### 3.15 Шолу

Шолу мерзімді баспасөз пайда болмас бұрын қоланыста болғандықтан, бұл жанрды журналистер ойлап тапты деуге келмейді. Шындықтың формасы мен әдісін бейнелейтін алғашқы шолу түрлерін Плутархтың (I-II ғғ), Ван-Ан-Хидің (XI ғ), Монтеннің (XVI ғ), Луис Себастьян Мерсьенің (XVIII ғ) еңбектерінен кездестіруге болады. Соңғысының «Париж шолулары» кітабындағы «Тарауларынан» журналистік шолудың алғашқы белгілерін байқауға болады. Оның үстіне Мерсье өзінің он екі томдық баслымындағы кейбір «Тарауларын» газетте жариялаған.

Шолуларды қазіргі баспасөздің ең жедел жанры деп айту қиын. Дегенмен, талдамалы журналистика үшін оның біршама мазмұндық септігінің тиетіні сөзсіз. Бірқатар газеттер «Сараптама», «Дүбірге толы дүние» (Егемен Қазақстан), «Саясат» (Айқын), «Көзқарас. Тұлға» (Жас Алаш) деген айдарлармен шолу басып жүр.

Жанрдың негізгі белгілері – әлдебір саяси оқиға туралы шолушының көзқарасы. Шолу журналистің нақты позициясын айқындай алады. Сондықтан шолушы оқырманның білгісі келіп отырған маңызды оқиғаларын дөп тауып жаза білуі тиіс. Шолуға өзек болар тақырып аясы өте кең: философия, дін, тарих, әдебиет, саясат... Тек дер кезінде маңыздыларын іріктеп үн қата білуде. Бұл жанрдың түсіндірмеден ерекшелігі де сонда. Аргумент, нақты факт – басты құрал ретінде қолданылады. Шолудың тақырыптары мен мұнда лап тұруы тиіс: «Үлкен қалада не болып жатыр?», «Баға тұрақты ма?», «Арафатсыз Таяу Шығыс: келешегі не болмақ?», т.б. Күнделікті, апталық, айлық, тоқсандық, жылдық шолулар жазуға болады.

#### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*Алғашқы шолулар. Шолу – қазіргі баспасөздің ең жедел жанры. Жанрдың негізгі белгілері. Шолуға өзек болар тақырып. Күнделікті, апталық, айлық, тоқсандық, жылдық шолулар.*

### 3.16 БАҚ-қа шолу

Журналистикада «шолу» деп әлдебір ақпаратты баяндауды, қорытынды жасауды, зерттеуді ұғынамыз. Ал БАҚ-қа шолу теле-радио хабарлары мен газет-журнал жарияланымдарына сараптама жасаудан көрінеді. Әдепкіде бұл жанр «баспасөзге шолу» деген атпен белгілі болды. Шолуға қатысты алғашқы кітап 1676 жылы Германияда «Жаңалықтарға шолу...» деген атпен жарық көрді. Авторы – неміс теологы Агасфер Фрич.

Кеңес дәуірінде баспасөзге шолу мерзімді басылымдардың негізгі жанрларының бірі болды. Орталық газеттер өзінен төмен облыстық, аудандық, қалалық газеттерді сын тезіне алатын. Ал қазір бұл жанрдың бағыты өзгерген. «Басқа басылымдардан» деген айдармен газет жарияланымдарына, «Не көріп жүрсіз?» немесе «Не естіп жүрсіз?» деген айдармен теле және радио хабарларына шолу жасалады. Қызықты әрі маңызды деген хабарлар қысқартылып, топтап басылады.

**Андатпа. Халықтың басым бөлігі бірнеше газет пен журналды қатар жаздырып немесе сатып ала алмайды. Жұмысбасты болып жүріп радио мен теледидардан да қызықты хабарларды жіберіп алуы мүмкін. Осындайда жаңа басылымдарға, жаңа хабарларға шолу жасайтын «андатпа» жанры көмекке келеді.**

#### **• «Жұлдыз», №7**

*Басылымның шілде айындағы санында белгілі ақын Рафаэль Ниязбектің заман, қоғам туралы толғанған «Көкбөрі жыр ішімде жатыр ұлып» деген жыр топтамалары жарияланған. «Ұлы Жеңіс – 60» айдарымен тарихшы-ғалым Хамит Мадановтың сұрапыл жылдарындағы қазақ азаматтарының бастан кешкен ауыртпалықтарын сөз еткен «Төрт таған - толағай тағдыр» деген мақаласы ұсынылған. «Ұлы адамдар энциклопедиясы» айдарымен оқитындарыңыз – Стендаль, Френцис Скотт Фицджеральд туралы қызықты деректер, тың толғамдар. Мақпал Оразбектің әдебиет*

мәселесін кең толғаған мақаласы «Қоғамдық дағдарыс және рухани ізденіс» деп аталады. «Ғибадат» деген мақала дін-ислам хақында. Аян Қажыбаевтың «Белағаңның белестері», Бекмұхаммед Исабаевтың «Абай жолы» эпопеясына енген кейіпкерлер тағдыры туралы «Ұлылар туған өлке», Хатшай Жәкеновтің «Біз көрген Марат осындай еді», Мұсатай Ғалымның «Құлагерді өлтірткен «Батыраш», Қазақстан халық жазушысы Мұхтар Мағауиннің «О дүниеден жеткен дабыл» деген мақалалары әдебиет, мәдениет, әдет-ғұрып, туған жер туралы әңгімелейді. Ал прозадан Бектұр Төлеуғалиевтің «Бас сардар» деген повесі мен Тұрысбек Сәукетайдың «Желқайық» деген романының жалғастарын, поэзиядан Алмас Темірбайдың «Күдер үздім күйкентай мен лашыннан» деген жыр топтамаларын оқи аласыздар».

(Қазақ әдебиеті. №29. 2005)

**Тақырыптық шолу.** Шолудың бұл түрі белгілі бір тақырыпқа жазылған жарияланымдарға шолу жасауды мақсат етеді. Осы арқылы оқырманның бір газет бетінен әр басылымда жарық көрген жарияланымдардың негізгі түйіндерімен танысып шығуына мүмкіндік туғызады. Мәселен, «Южный Казахстан» газеті өзінің «По городам и селам» деген айқарма бетінде аудандық, қалалық газеттерде жарық көрген кей материалдарға тұрақты шолу жасап отыруды дәстүрге айналдырған. «Түркістан» газеті де шет елдік белді басылымдарға шолу жасап отырады.

**Адрессіз шолу.** Шолудың бұл түріне көбіне оппозициялық бағыттағы басылымдар қалам тербеп жатады. Мұнда нақты бір басылым, нақты бір мақала көрсетілмей, белгілі бір мәселе туралы басылымдардың қозғап жатқан проблемаларына жалпылама шолу жасалады. Әңгіме «Тәуелсіз баспасөздің жазуына қарағанда...», «Сары басылым беттерінде...» деген сияқты жалпылай сөйлем тіркестерімен өрбиді.

## Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

Әдепкі шолулар сипаты. Аңдатпа. Тақырыптық шолу. Адрессіз шолу. «Сары басылым» беттеріндегі шолулар.

### 3.17 Болжам

Қоғамның жаңа сипатта дамуымен қатар осы жанрлық пішін де дүниеге келді. Аласапыран заманда алда не күтіп тұрғанын, қандай жетістіктерге жететінімізді оқырман күн сайын біліп отырғысы келді. Газет қызметкерлері оқырман сұранысын қанағаттандыру мақсатында белгілі тұлғалардың, саясаттанушылардың түрлі болжамдарына газет бетінен орын бөлді. Болжам болып жатқан құбылыстың алдағы көрінісіне жол сілтеді. Қазіргі басылым беттерінде журналистердің болжамдарын кездестіру қиын. Болжамды көбіне тиісті мамандар, сарапшылар, ғалымдар ұсынады. Журналист тек белгілі бір мәселе туралы жақсы хабардар маманға ғана жүгініп, айтқандарын қағаз бетіне түсіреді. Дегенмен, журналистің болжам жасау әдістерін терең меңгергені жөн: болжам жасауда экстраполяция (кеңейтіп тарату), аналогия, сценарийлеу әдістері бар. Бір есептен болжам өте күрделі әрі қиын жанр. Себебі онда айтылған кейбір жайлардың, алда болады деп болжам жасалғандықтан, анық-қанығына жету қиын. Оның үстіне әлдебіреудің үстінен жала жабылып кетуі де мүмкін. Көбіне бұл пішіннің әлдебір саяси науқан алдында бағы жанады. Қазіргі баспасөзде алдағы күн райына байланысты болжамдар жиі басылып жүр.

• «Өткен аптада Шымкентте бір күннің ішінде жауын-шашын он күндік мөлшерде, ал Алматыда бір жарым күннің ішінде айлық мөлшерде жауған. Метеорологтардың мәліметіне қарағанда, бұл - еліміздің солтүстік өңірлеріне қар мен жел әкелген циклонның әсері. Алматыда күннің жылына бастауы қардың тез еріп кетуіне ықпал етіп отыр. Демек, Алматы қаласының аумағында қар көшіп, сел жүру, су басу қаупі бар. Кей

*аймақтарда қалааралық жол қатынасы тоқтатылған. Еліміздің барлық өнірінде наурыз айы жауын-шашынды болмақ. Метеорологтардың болжамына сенсек, биылғы көктем наурыз айының 21-інен кейін ғана шығатын тәрізді. Оған дейін ауа райы құбылып, сынап бағанасы солтүстікте 10 градус суықты, ал оңтүстікте 0 градустың ар жақ-бері жағын көрсетіп тұратын көрінеді». («Жас Алаш», 26 ақпан 2008 жыл).*

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*Болжам қоғам дамуынан туған жанр. Белгілі тұлғалардың, саясаттанушылардың болжамдары. Қазіргі басылым беттеріндегі журналистердің болжамдары. Журналистің болжам жасау әдістері. Болжам және саясат.*

### **3.18 Түйткіл (версия)**

Бұл әлі толық дәлелдене қоймаған, автордың болжамы мен түйткілі негізінде туатын жанрлық пішін. Мұнда нақты қорытынды не түйін болмайды. Белгілі бір жайтты зерттеу барысында туындаған «мүмкін болар болжамдар» негізгі фактор ретінде қарастырылады. Журналист әлі де толық анықтала қоймаған жайт туралы өз ойын білдіреді. Бірақ ол мұны бұрыннан бар фактілерді мысал ету негізінде өзінше байлам жасайды. Жанрлық пішіннің мақсаты – оқырманды болған оқиғаның артының неге апарып соғарын түйткілдермен аңғарту. Әрі сол мәселе туралы нақты оқиғамен хабардар ету.

Түйткілге іске қатысы жоқ фактілер де мысалға алынады. Кейде сол салаға қатысы бар әлдебір мамандардың пікірін білу де жанр табиғатын аша түседі. Міне, осылайша журналист ұсынған түйткіл бойынша оқырман әрі қарай өзінің ішкі болжамына иек артып, өзінше байламын жасайды.

Түйткіл корреспонденция, мақала, журналистік зерттеу сияқты нақты фактілерге негізделген жанрлардың тууына себепші болады.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*Автордың болжамы мен түйткілі. Зерттеу барысында туатын түйткілдер. Бұрыннан белгілі фактілер арқылы түйткіл жасау. Іске қатысы жоқ фактілердің түйткілге айналуы. Түйткіл және оқырман.*

### **3.19 Эксперимент**

Бұл пішін мерзімді басылым беттерінде 90-жылдардың бас кезінде көріне бастағанымен, бұған дейін оның кейбір элементтері очерк, корреспонденция, фельетон жанрларында көрініс тауып жүрген болатын.

Эксперимент дау-дамай тудырушы жанр. Өйткені экспериментке қатысушылар өздерінің сол жанрдың еріксіз кейіпкері болып отырғанын біле бермейді. Журналист үшін оқырманды қызықтырар әлдебір сенсациялық жайдың соңын күтіп отыру – «жеп отырған нанынан айрылумен» бірдей. Сондықтан ол қоғамдық пікір туғызу үшін сол оқиғадан эксперимент жасағысы келеді. Тіпті, оқиғаны өзі құрастырады десек те болады. Ілгеріде мерзімді басылым беттерінде «Журналист кәсібін ауыстырады» деген айдармен осындай эксперименттер жарияланатын. Онда белгілі бір газеттің штаттағы тілшісі, мәселен, «науқастанып» ауруханаға жатып, не болмаса, зауытқа «токарь» болып кіріп, аурухана мен бүкіл зауыт жұмысының «көлеңкелі» қырларымен танысып, эксперимент жасайды. Аурулармен, зауыт жұмысшыларымен сөйлесіп, барлық «құпияны» біліп алады. Осылайша тиісті органдар аңғара бермес көп жайттардың бетін ашады. Қалай болғанда да, қылмыстық істі ашу экспериментіне қарағанда журналистік эксперимент қарапайым болады. Ол кез-келген жайды өзек ете алады: мәселен, дүкеннің тұтынушыларға қызмет етуі, автобустың уақтылы қозғалуы, жоғары оқу орындарында емтиханның тапсырылуы, т.б. «Айқын» газеті эншілерге телефон шалып, «Сіз тойға қаншамен шығып жүрсіз?» деген сияқты тосын сауалдар қойып, эксперимент басып жүр.

## Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

90-жылдардың бас кезіндегі эксперименттер. Эксперимент дау-дамай тудырушы жанр. Эксперимент – қоғамдық пікір туғызу құралы. «Журналист кәсібін ауыстырады» айдарымен берілетін эксперименттер. Журналистік эксперимент пен қылмыстық зерттеу.

### 3.20 Эссе

Біраз уақыт үзілістен соң мерзімді басылым беттерінде соңғы кездері, анда-санда болса да, эссе жанры көріне бастады. Бұған эссе жанрының газет бетіне өзінше айшық беретіні, оқырман қызығушылығын тудыратыны себепші болған сияқты. Ресми жарияланымдар арасында, шынында да, эссе өзгеше көрінеді. Көркем тілмен жазылатындықтан әрі оқиғасы естелікке негізделетін болғандықтан оны бір деммен оқып тастауға болады.

«Эссе» француз тілінен аударғанда («essai») «тәжірибе», «шығарма», «әрекет», «сынау», «нобай» деген мағыналарды береді. Латын тілінен – «таразылау», ағылшын тілінен – «очерк», «мақала» деген ұғымдарды білдіреді. Бұл жанрдың негізін қалаушы ұлы француз ойшылы Мишель Монтень. Ол 1580-1588 жж. Осы аттас кітап жазып, онда қоғам, адам тағдыры туралы толғаныстарын ұсынған. Кейін ол орыс тілінде «Опыты» деген атпен жарық көрді. 1597 жылы тағы бір француз жазушысы Ф.Бэкон да осы атпен кітап бастырды. Кейін осы жанр бойынша көптеген жазушы, философ, қоғам қайраткерлері қалам тартып, «эссеистика» саласы қалыптасты. Орыс жазушысы Ф.М.Достоевскийдің «Жазушы күнделіктерінен» де эссенің тамаша үлгілерін кездестіруге болады. Бұл жанрды көптеген қазақ жазушылары мен журналистері де ұнатты. Олар әдебиет, өмір туралы философиялық толғаныстарын осы жанр арқылы берді.

Эссе оқырман ойына қозғау салатын жанр. Мұнда жүрекке

жылы тиетін лиризм бар. Басты жанрлық ерекшелігі – композициялық құрылымының еркіндігі. Онда басқа жанр сияқты қалыпты стандарт жоқ. Автор өз ойын жүйесіз баяндай береді. Көбіне естелік түрінде жазылады. Соңғы жылдарда оның әдеби трактат, әдеби тезис, әдеби күнделік түрінде жазылғандары бой көрсетіп жүр. Қазіргі эсселерде әдеби суреттеулер мен талдаулар басым.

Эссенің дамуы екі бағытта көрінді: а) алынып отырған нысанының көркем бейнесін жасаушылық; ә) авторлық толғаныс. Сондықтан оны әдебиет пен баспасөзге ортақ жанр десе де болады.

Эссе форма жағынан түрліше көрініс табады: бір ғана қаламгерге, оқиғаға, мәселеге қатысты жазылатыны; жалпы әдебиетке қатысты жазылатыны; тұтас құрылымы жоқ, үзік-үзік пікірлер топтамасынан тұратыны.

Қазіргі баспасөзде эссенің бірнеше түрі жарияланып жүр.

*Публицистикалық эссе.* Бұл типтегі эссе жанрының ерекшелігі – оның авторының ойлау жүйесіндегі «синкретті» мінездің болуы. Көкейтесті мәселелерді қозғап, оқырман назарын аударуы. Публицистикалық эссенің аудитория тәжірибесіне сүйенетін ассоциациясы көп, авторының өмірден алған бай тәжірибесі бар.

*Көркем-сын эссе.* Жарияланымның бұл түрі әдеби шығарма туралы жалпы ойлардан құралады. Әдеби рецензиядан айырмашылығы – шығарманың жекелеген детальдарын талдауға бара бермейтіні. Тек әдебиеттегі жалпы заңдылықтар, шығармашылық мүмкіндіктер туралы жалпылама ой қозғайды.

*Өнертанушылық эссе.* Эссенің бұл түрі көркем шығарма, таедр және кино өнеріне арналады. Тақырыбы - өнердегі ғажайып сәттер, талант табиғаты, өнер өрісі.

*Ғылыми-көпшілік эссе.* Бұл жалпығылыми проблемаларға арналған жайларды сөз етеді. Адамдардың техниканы игерудегі мүмкіндіктері, ғылыми мақсаттар мен әдістердің ізгілік нысандары, т.б. мәселелер жанрдың осы түрінің еншісінде.

*Философиялық эссе.* Мұндай шығарманың авторы тұрмыстың анағұрлым жалпы проблемаларына, адам мен қоғам тұрмысына бас ауыртады. Материя және сана, өмір мен өлім, адамдық пен арамдық – философиялық эссенің басты тақырыбы.

### *Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары*

*Эссе және естелік. Алғашқы эсселер. Эсседегі композициялық құрылымның еркіндігі. Публицистикалық эссе. Эссенің түрлері.*

### **3.21 Хат**

Хат журналистика жанры ретінде іскерлік хат алысу барысында пайда болды. Жеке жазысхан хаттар газетте жариялана бермейді. Себебі, газетте жарық көрген хатты миллиондаған адам оқиды. Сондықтан онда қозғалған жайдың қоғамдық мәні болғаны жөн. Публицистикалық хаттардың тууына түрлі үндеулер, қаулы-қарарлар себепші болды.

Хат түріндегі жарияланымдарды эпистолярлық журналистика деп атайды. Эпистолярия грек тілінен аударғанда (epistola) «жолдау» деген мағынаны береді. Мұндай жарияланымдар заметкадан бастап очеркке дейінгі жанрлар түрінде кездеседі. Сондықтан хат түріндегі материалдарды газеттер «Редакцияға хат келген еді», «Хат қоржынынан», «Оқырман хаттары» деген айдарлармен топтап беріп отырады.

Публицистер газет арқылы хат жазып, өз көзқарастарын білдіре отырып, әрбір көсемсөз шеберіне тән қасиетпен қоғамның көкейтесті мәселелерін сөз етеді, хат арқылы ауқымды проблема көтереді. Мұндай сөз таласына пәлсафа негіздерін қалаушылардың өздері де кезінде жиі соқтығып отырған.

Қазақ жазушы-публицистері арасында Н.Төреқұлов, С.Сейфуллин, М.Дулатов, Б.Майлин, М.Сералин,

А.Байтұрсынов, Ф.Мүсірепов және басқаларының хат арқылы бір-бірімен пікір таластырып отырған сәттері де аз болмаған.

Баспасөздегі хат – жеке бастың жайы, жеке мүдденің қамы емес, одан да биік қоғамдық мүдденің мұраты.

«Егемен Қазақстан» газеті «Алғысымыз шесіз» деген тақырыппен Арыс ауданының Монтайтас және Ақдала елді мекендерінде ауа райының тосын жылып, қардың күрт еруі, жерде тоңның қалың болуы салдарынан су тасқыны болып, 1000-нан аса тұрғын баспанасыз қалып, оған жәрдем көрсеткен азаматтарға алғыс айтқан бір топ ардагерлердің хатын басқан. Хатта халықтың қуанышы мен қасіретін жанымен ұққан Елбасыға ізгі ризашылық білдірілген.

• *«Аса құрметті Президент мырза!*

*Өзіңіздің биылғы дәстүрлі Жолдауыңызда атап көрсетілгендей, жас мемлекетіміздің басты саяси мақсаты — халқымыздың әл-ауқатын арттырып, тұрмысы мен мәдениетін одан әрі жақсарту болып отыр...*

*Апат айтып келмейді. Арыс ауданының Монтайтас және Ақдала елді мекендерінде ақпан айының 20-сынан 21-іне қараған түні ауа райының тосын жылып, қардың күрт еруі, жерде тоңның қалың болуы салдарынан су тасқыны болып, 200-дей үй жарамсыздыққа ұшырап, 1000-нан аса тұрғын баспанасыз қалды. Елеулі мал-мүлік шығыны орын алды. Осынау халқымыздың басына түскен апатты жағдайдың бүкіл салмағын сол сәтінде бөлісіп, жанашыр да қамқор ықылас білдіргеніңіз, қолма-қол материалдық көмек беруге шешім қабылдағаныңыз бізді қатты қуантты... – дей келіп, – Өзіңізге және атқарушы биліктің барлық деңгейдегі буындарына су тасқынына ұшырап, зардап шеккен арыстықтар атынан материалдық көмектеріңізге, моральдық қолдауыңызға шын ықыласты алғысымызды жеткізуді өзіміздің парызымыз деп білеміз, – деп аяқтайды өз хаттарын астына қол қойған 16 ардагер». («Егемен Қазақстан», 27 ақпан 2008 жыл).*

Эпистолярлық жанр сипатындағы хаттың өзіндік белгілері бар: а) белгілі бір адресатқа арналып жазылуы; ә) сол адресатты пікірталасқа шақыруы. Осыған қарағанда газеттегі хат тек қарым-қатынас құралы ғана емес, қоғамдық пікір туғызушы публицистикалық шығарма да. Хатта ойда жүрген көптеген жайттарды қағаз бетіне түсіруге мүмкіндік бар. Екіншіден, хаттың оқырман назарын белгілі тұлғаларға бұруға да септігі зор.

Оқырманның талап-талғамына қарай хаттарды негізгі екі топқа жіктеуге болады: а) нақты тұлғаларға бағытталған хаттар; ә) белгілі бір әлеуметтік топқа, халыққа бағытталған хаттар.

### *Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары*

*Хат журналистика жанры ретінде. Публицистикалық хаттар. Эпистолярлық журналистика. Хаттың өзіндік белгілері. Оқырманның талап-талғамына қарай хаттардың топтасуы.*

### **3.22 Мөлтек сыр**

Автордың ішкі жан дүниесін аңдататын пішіндердің бірі – мөлтек сыр. Оның негізі әдебиетте, философияда, дінде жатыр. Екі жүз жыл бұрын француз философы Жан-Жак Руссо өзінің «Сыр» деген кітабының беташарын: «Мен өз замандастарыма бір адамды өзінің табиғи қалпында көрсеткім келеді – ол мен едім» деп жазған болатын.

Қазір көптеген адамдар газет арқылы өзінің жан дүниесін ақтарып салғысы келеді. Сол арқылы жеңілдеуді мақсат етеді. Ал мерзімді баспасөз оларға дәнекер болып, жан сырларын қағазға басуға асығады. Көбіне ол махаббат төңірегінде болып келеді. Мөлтек сырларды баса отырып, газет өз оқырманының белгілі бір мақсаттарды жүзеге асыруына жәрдемдеседі әрі өзінің әлеуметтік-педагогикалық, жарнамалық-коммерциялық міндеттерін атқарады.

Мөлтек сырлар негізінен «сары басылымдарда» жиі басылады.

### *Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары*

*Автордың ішкі жан-дүниесі және психологизм. Алғашқы газет «сырлары». Махаббат тақырыбындағы мөлтек сырлар. Мөлтек сырлардың әлеуметтік-педагогикалық, жарнамалық-коммерциялық міндеттері. «Сары басылымдардағы» мөлтек сырлар.*

### **3.23 Кеңес**

Оқырманның көкейінде жүрген әлдебір мәселеге байланысты газет бетінде кеңес беріледі. Бұл негізінен оқырман ұсынысымен, оқырман хаты негізінде жүзеге асады. Көбіне нақты дерек пен дәйекке құралған ақпаратты мәлімет берілгенімен, оқырман үшін түйткілден шығар жол ұсынылатын болғандықтан кеңес талдамалы пішін болып есептеледі. Кеңесте тиісті маманның көмегімен салыстырмалы дәйек, байыпты талдау жасалады.

### *Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары*

*Газет бетіндегі кеңес. Оқырман ұсынысымен берілетін кеңестер. Дерек пен дәйекке құралған кеңестер. Тиісті маманның көмегімен берілетін кеңестер. «Пайдалы кеңестер».*

### **3.24 Талдамалы пресс-релиз**

Әлдебір фирманың немесе жекелеген тұлғалардың жетістіктері туралы әңгімелейтін ақпараттық хабарламалар – пресс-релиз деп аталады. Редакция хатқоржынына келіп түскен пресс-релиздің барлығы бірдей жариялана бермейді. Ол тек ақпарат көзі бола алады. Одан тек қажетті үзінділер алынып, заметка, хроника, корреспонденция түрінде



жариялануы мүмкін. Осылайша пресс-релиз әлдебір белгілі жанрға оп-оңай айнала қояды.

Дегенмен журналист пресс-релиздің жарнамалық мәнін сақтай отырып, оның артық тұстарын кесіп тастап немесе жаңа фактілер қосып, талдамалы пресс-релиз әзірлей алады. Мұндай пішіннің нысаны – мекемелер мен фирмалардың жұмыс сапасына, жекелеген тұлғалардың азаматтық позициясына, кәсіптік іскерлігіне негізделеді. Ол үшін журналист ең сенімді деген ақпаратты жинап алуы тиіс. Олай етпейінше, ол өз газетінің оқырманын жалған ақпаратпен әбден шатастыруы мүмкін.

#### *Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары*

*Ақпараттық хабарламалар. Маңызды жиындарға әзірленетін пресс-релиздер. Пресс-релиздің жарнамалық мәні. Талдамалы пресс-релиз. Пресс-релиз – сенімді ақпарат көзі.*

## **4. КӨРКЕМ-ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САТИРАЛЫҚ ЖАНРЛАР**

### **4.1 Очерк**

«Очерк» атауының қайдан шыққандығы туралы нақты дерек жоқ. Дегенмен, оның негізін М.Горький салды деген ұғым бар. Ол өзінің әріптестеріне жазған хаттарының бірінде әдеби формаға ие мәтінге «очерчивать» етістігін қолданғандығы жайлы жазған (Горький А.М. О, Жиге// Собр.соч.: В 30 т. М., 1953. Т. 30, С.145). Осы етістік негізінде кейін ол өз шығармаларының бірқатарына «очерк» деп айдар таққан.

Қалай болғанда да, очерк көркем-публицистикалық жанрлардың ішіндегі ең негізгілерінің бірі әрі ол жазылуы жағынан өте күрделі жанр. Шындығында да солай, журналист тек өмір шындығын көркем тілмен бейнелеу әдісін терең меңгергенде ғана тамаша очерк жазып шыға алады. Очеркті әзірлеу барысында қолайлы материал таба қою өте қиын. Тапқан күнде де очерк жанрының талабына жауап бере алатындай фактілерге талдау жасап, көркем тілмен жазып шығуға тура келеді. Очеркте репортаждық (көрнекілік-бейнелік) және зерттеушілік (талдамалылық) сипаттар басым болады. Сондықтан очерк жазушы журналистің публицистика әдістерін қолдана отырып көбіне репортаждық стильге тән баяндау тәсілін көркем әдеби стилге айналдырып, бейнелеуіш құралдарды молынан пайдалана отырып көркем дүние жазып шығуына тура келеді. Мұнда көркем шығармашылықпен қатар деректі публицистика элементтері де молынан кезігіп отырады. Көбіне бұл очерктің алып отырған тақырыбына да байланысты. Егер әлдебір проблемалық жағдай очерк тақырыбына өзек болса, онда очерк жазудың теориялық әдісі қолданылады, ал егер очерк жеке бір тұлға туралы жазылар болса, көркем әдіс қолданылады.

Бүгінгі очерктерде көркем стильден гөрі құжаттық-

талдамалылық тәсіл басым. Бұған қазіргі қолға түсер материалдардың басым бөлігінің ақпараттық сипатқа ие екендігі, журналистердің көркем дүниеден гөрі оқырманға сенсациялық жағдайларды жеткізуге асығатыны себепші болатын сияқты.

**Портреттік очерк.** Мұндай очерктердің кейіпкерлері – жекелеген тұлғалар. Мәні – жеке тұлғаның адами, азаматтық, адамгершілік көзқарасын көркем тілмен ашып көрсете отырып, сол кейіпкердің жан дүниесін, тыныс-тіршілігін, болмыс-бітімін, әрекет-танымын оқырманға жеткізу. Бүгінде мұндай очерктің кейіпкерлері кәсіпкерлер, саясаткерлер, мәдениет қайраткерлері болып отыр. Портреттік очерктер кейіпкердің әр қырын (адамгершілігін, зердесін, шығармашылығын, т.б.) жан-жақты суреттеуден туады.

«Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Манап» атты портреттік очерктен үзінді келтірілік:

• *«Тектілік дегеннен шығады, Мәкеңнің әкесі Көкен ақын болмаса да әңгімешіл, әзіл-оспақ, шымшыма сөздерге шебер болған деседі. Ал атасы Ыбырайым қолма-қол өлең шығаратын, ауыз екі сөзге дес бермес, ділмар кісі болса керек. Осындай үлкен арнадан тамыр тартқан Манап ағамызға Алла қабілет пен қасиетті аямай-ақ берген еді. Ол халық ақыны, халық ақылы, халықтың жақыны, елдің, жердің тарихын, шежіресін өнерін, өмірін зерттеуші, зерделеуші, артист, үгітші, насихатшы, тілші, фольклоршы, этнограф, айтыс ақыны, терең ойлы философ, тума талант иесі-тін. Ең бастысы Мөкең даланың даналығын, халқымыздың қазақи қасиеттерін бойына терең сіңірген азамат еді. Орыстың үлкен ақыны Н. Некрасов: “Ақын болу міндет емес, азамат болу — парыз”, деген ғой. Бұл кағида Мәкеңнің де өмірлік темірқазығына айналған-ды. Жоғарыдағыдай мол қабілет-қарым мен мәрт мінез, жомарт жүрек оны еліміздің абзал азаматы, асыл да ардақтысы етті...» («Егемен Қазақстан», 27 ақпан 2008 жыл).*

**Проблемалық очерк.** Очеркшінің көзіне түскен әлдебір проблемалық жағдай осы очерктің дүниеге келуіне себеп болады. Логикалық қисыны жағынан бір қарағанда очерктің бұл түрі мақалаға ұқсауы да мүмкін. Өйткені мақаладағыдай мұнда да автор әлдебір проблеманың туу себептерін іздеп, ыалдау жасайды. Бірақ очеркте ол проблеманың мақаладағыдай статистикалық мәліметтері көрсетіліп қана қоймай, адамды басты кейіпкер ете отырып, проблеманың шығу төркіні, одан шығу жолдары нақты мысалдармен терең талданады.

**Жолжазба очеркі.** Мерзімді баспасөздің заметка, есеп, корреспонденция, шолу жанрлары сияқты жолжазба очеркі де журналистика қалыптаса бастаған алғашқы кезеңнен пайда болған. Мұның негізіне өмірден алынған жол-жөнекей ұшырасқан шым-шытырық қызықты оқиғалар себеп болады. Өртүрлі адамдармен жолығып әңгімелесу, кездесулер очерк сюжетіне негіз болады. Дегенмен журналист көрген-білгенін қағазға тізбелеп жаза берсе ол жолжазба очеркі болмайды. Кездескен оқиғаның ең маңызды дегендері ғана очерк негізін құрайды. Кейде журналист редактордан белгілі бір тапсырма алып жолға шыққанымен, жолай басқа оқиғалар кездесіп, очерк тақырыбы ауытқуы мүмкін. Жолжазба очеркінің тақырыбы да әралуан. Ол өмірдің барлық саласын қамтиды. Журналист нені сөз етсе де, ондағы басты кейіпкер – адам болады.

#### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*Очерк көркем-публицистикалық жанрлардың ішіндегі ең негізгілерінің бірі. Очерк жазудың теориялық әдісі. Портреттік очерктер. Очерктегі логикалық қисын. Жолжазба очеркі.*

## 4.2 Тұрмыстық хикаялар

Қазіргі баспасөзде, әсіресе, «сары басылымдарда» тұрмыстық хикаялар жиі көрініп жүр. Осыған ұқсас шығармаларды халық ауыз әдебиетінің көне үлгілерінен кездестіруге болады. Соған қарағанда мұны бүгін пайда болған жанр екен деп қарау қате. Тұрмыстық хикаялар түрлі сюжеттер мен әңгімелер арқылы бүгінгі қоғамда болып жатқан шынайы жағдайларды бейнелеуге тырысады.

Көбіне тұрмыстық хикаяларды отбасылық оқуға арналған танымдық басылымдардан табуға болады. Үй шаруасындағы әйелдер мен күнұзақ базарда отыратын саудагерлер, жол жүріп бара жатқан жолаушылар осы жанрда жазылған жарияланымдарды оқуға құмар. Шет ел басылымдарында тұрмыстық хикаялардың кең етек жайғанын айта кетуіміз керек. «Ридерс дайджест» сияқты дүниежүзілік танымал отбасылық журналдардың әр санында осы «хикаялар» басылады.

Қазіргі жанрлық сипатында тұрмыстық хикаялар ненің жақсы, ненің жаман екенін айтып, тәрбиешілік рөл атқармайды. Әлдебір адамның басынан өткен жағдаяттарды көркем тілмен баяндап қана шығады. Осыған қарағанда бұл жанр тек оқырман көңілін аулауды мақсат ететін сияқты.

Тұрмыстық хикаялардың дені оқырман хаттары негізінде әзірленеді. Газет тапсырысымен арнайы хикаялар жазып отыратын авторлар да бар. Қалай болғанда да, хикаяға жеке адам тағдыры, оның тұрмыс-тіршілігі, махаббаты негіз болады.

Тұрмыстық хикаялар түрлері.

1. Деректік хикаялар. Қазіргі басылымдарда түрлі типтегі деректі хикаялар басылып жатады. Солардың тек екі түрі ғана жиірек көрінеді.

а) Ескертпе хикаялар. Мұндай хикаялардың тәжірибелік сипаты басым болады да, оқырманға тұрмыстық, шаруашылық жағдайларда дұрыс бағыт-бағдар сілтеуге жәрдемдеседі.

Көбіне ол әртүрлі адамдардың қолайсыз жағдайларға тап болып, өздерінің күйбең тірлігіндегі тұрмыстық мәселелеріне, өз бастарынан кешкен ауыр жағдайларына байланысты өзгелерге сабақ болар хикаяларын баян етуге негізделеді.

ә) Қызықты хикаялар. Бұл типтегі тұрмыстық хикаялар тілдік, стильдік нормаларды пайдалану тұрғысынан ерекшеленеді. Деректік хикаяларға қарағанда тілдің көркемдік құралдарын молынан пайдаланады. Авторлық қиял, авторлық ойдан қосу жиі кездеседі. Өмірде болмаса да, кездесіп тұратын оқиғаларды сюжет негізіне ала отырып, көркем тілмен баяндап шығады.

Көркем хикаялар тақырыбы жағынан әртүрлі болып кездеседі. Дегенмен, адамгершілік, имандылық тақырыбындағы хикаялар жиі ұшырасады. Қазір заман талабына, оқырман талғамына орай көркем хикаялар көңіл көтеретін күлкілі оқиғалар желісінде жазылады.

Көркем әдеби шығармалармен салыстырғанда тұрмыстық хикаялардың біршама зманмен үндестігі, деректілігі, шынайылығы байқалып жатады.

Тұрмыстық хикаялар қызықты жазылу үшін не істеу керек?

1. Хикаялардың терең ойы болуы тиіс. Оқырманды қызықтыратын қызықты оқиғаны мүмкіндігінше тәжірибесі бар, көркем дүние жазудан хабардар, шынайы оқиғаны дөп таба білетін талантты журналистің жазғаны жөн. Қазіргі «сары басылымдарда» басылып жүрген тұрмыстық оқиғаларды, өкінішке орай, қаламақы үшін кездейсоқ біреулердің жазатыны жасырын емес. Кей сәтте сол «оқиғалардың» оқырманды тарту үшін ойдан құрастырылатыны да жасырын емес.

Тұрмыстық хикая жазуға талпына бастаған жас талантқа қандай кеңестер беруге болады? Ең алдымен осыған дейін болған кейбір ортақ қателіктерді қайталамаған жөн: а) үстірт баяндау; мәселен, әлдебір жезөкшенің басынан өткен хикаяларын егжей-тегжейлі баяндай отырып, жазбагер ең басты сюжетіне (мұнда басты сюжет – төсек қатынасы)

көбірек көңіл бөліп алады. Ал журналист үшін басты міндет – жарияланымның тәрбиелік мәні екінші кезекте қалып қояды; ә) оқиғаның сенімсіздігі, кейіпкерлердің әрекетінің нанымсыздығы; мәселен, бау-бақша қызығына берілген ер азаматтың өз әйеліне көңіл бөлуден қалып бара жатқаны туралы оқиға нанымды ма? б) сюжет ретінде алынған оқиғаның тым шұбалаңқылығы; мәселен, оқиға кейіпкерлерінің әр қадамын тізе беру кім-кімді де жалықтырып алады.

2. Жарияланым тілі көркем де таза болуы тиіс.

Хабарлы жанр құрамындағы «шағын оқиғалардан» бұл жанрдың ерекшелігі – оқиғаны толық қамтитындығы, тілінің көркемдігі, оқиғасының шиеленісті болуы. Бұл жанр бір есептен әңгімеге ұқсас. Мұндай типтегі жарияланымдар батыс баспасөзінде жиі көрінеді (мәселен, тұрмыстық хикаялар басатын «Ридерз дайджест» отбасылық журналы әлемге танымал). Тұрмыстық оқиғаларда адамдар тұрмысындағы кейбір оқиғалар, олардың мінез-құлықтары, іс-әрекеттері, беймәлім жақтары жазылады. Көбіне бұл жанр авторлық қиялмен көркем тілде жазылады. Шынайы өмірде болған оқиғаны көркемдеп жеткізетін танымал жазбагерлер де бар.

Дегенмен, көркем туындыдан айырмашылығы, тұрмыстық оқиғаларды журналистер жазады және ол деректілік сипатқа анағұрлым жақын. Газеттік стиль, схематизм басым.

#### *Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары*

*«Сары басылымдардағы» тұрмыстық хикаялар. Тұрмыстық хикаялардың халық ауыз әдебиетіндегі көне үлгілері. Тұрмыстық хикаялардың қазіргі жанрлық сипаты. Тұрмыстық хикаялар түрлері. Хабарлы жанр құрамындағы «шағын оқиғалар».*

### 4.3 Аңыз

Аңыз – халық ауыз әдебиетінің ең ежелгі жанрларының бірі. Мерзімді басылым бетінде ол көркем-публицистикалық жанр түрінде көрініс табады. Оның мазмұндық мәні – газет оқырманын қызықтыратын басты ерекшелігі. Дегенмен, аңыз астарында қашанда шындық жүреді. Белгілі тұлғаларға қатысты аңыздар аз емес.

### 4.4 Эпиграф

Әдебиетте эпиграф кітап авторының өз идеясын оқырманына алдын-ала аңғартуға бағдарлаған қысқа жүгіністі мәтін. Эпиграф ретінде ұлы адамдардың сөздері, халықтың мақал-мәтелдері, шешендік сөздер, өлең шумақтары келтіріледі. Мысалы, Әбу Сәрсенбаевтың «Жауынгер монологы» кітабына Махамбет өлеңінен эпиграф келтірілген:

Егеулі найза қолға алмай,  
Ерлердің ісі бітер ме...

**Махамбет.**

• Мерзімді баслымда да эпиграф осы рөлді ойнағанымен, ерекшелігі, онда газет мақаласында айтылар ойдың түйінді жайы соған қатысы бар нақты бір мәліметті мысал түрінде келтіру арқылы көрініс табады.

### 4.5 Эпитафия

Азанама (некролог) сияқты бұл жанрлық пішін де қайтыс болған адамның жеке тұлғасын баяндауға негізделеді. Азанамадан айырмасы – егер азанама дүниеден озған адамның өмірбаянын, қайтыс болу себебін, қоштасу орнын нақтылап көрсетіп, хабарлама тілінде жазылар болса, эпитафия өлген адамның адами артықшылығын әлеуметтік аспектіде баяндап шығады. Оны өзгеге үлгі етеді, тұлғалық қасиетін баса көрсетеді.

*Аңыз – халық ауыз әдебиетінің ең ежелгі жанрларының бірі. Белгілі тұлғаларға қатысты аңыздар. Мерзімді баслымдардағы эпиграф. Эпиграф және кітап. Эпитафия және азанам.*

#### **4.6 Фельетон**

Баспасөздегі сатиралық жанрлардың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл жанр атауы француз тілінен аударғанда «парақ, парақша» деген мағынадан шығады. Парақ деп кезінде газеттің астыңғы бөлігін тұтас алып орналасқан қосымша жарияланымды атаған. Зерттеушілер мұндай жарияланымдар топтамасын XVIII ғасырда пайда болған десіп жүр. Кеңес баспасөзінде мұны «жертөле» деп атады. Бұл бөлікте тек фельетондар ғана емес, есептер, рецензиялар, әдеби шолулар да басылған. Кеңес журналистикасында фельетондарға ерекше мән берілді. Қазақ фельетоны туралы толыққанды зерттеу жүргізген ғалым Т.Қожакеев болды. Тәуелсіздік алған жылдардан соң бұл жанр газет бетінен бірте-бірте жоғала бастады. Дегенмен, қазір аракідік болса да осы жанрда қалам тербейтін журналистер бар. Фельетон жанры әсіресе сатиралық «Ара» журналында жиі басылады.

Фельетонның негізгі нысаны – адамдардың айналадағы басқа адамдарға әсер ететін кемшін тұстары, жағымсыз мінез-құлықтары, қоғамға жат қылықтары болды. Фельетоншының міндеті – сол кемшіліктерді әжуа ете отырып, оны жоюға көмектесу. Фельетонға нақты жағдай, нақты адресат өзек бола алады. Сатираның барлық құралдарын – мысқыл, әжуа, гипербола, т.б. екін пайдалана алады.

#### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*Кеңес баспасөзіндегі фельетондар. Фельетон жанрын зерттеушілер. Фельетонның түрлері. «Ара» журналындағы фельетон. Қазіргі қазақ фельетондары.*

#### **4.7 Памфлет**

Грек тілінен аударғанда памфлет *pamphlego* – «барлығын жоямын, барлығын күлге айналдырамын» деген мағынаны береді. Памфлетке журналист үшін қоғамға зияны бар деп табылған ауқымды мәселе өзек болады. Сондықтан памфлет өзі дйттеген нысанын өткір сатиралық тілмен жеріне жеткізе түйреп, мінейді. Зерттеушілер бұл жанрдың тууын ежелгі грек мысалшысы Эзоппен байланыстырады. Ал Еуропада памфлет жанрының негізін қалаушы ретінде белгілі француз философы Блез Паскальды («Провинциалға хат») және ағылшын жазушысы Бернард Мандевилді атайды. Орыс журналистикасының тарихында Д.Писаревтің, А.Горькийдің, М.Кольцовтың памфлеттері бізге жақсы таныс. Бұл жанр да қазіргі мерзімді басылымдарда фельетон сияқты өте сирек көрінеді. «Жас Алаш» газеті белгілі публицист Дос Көшімнің «Қазақтарға резервация сұраймын» деген саяси памфлетін басыпты. Онда жер, тіл, дін мәселесі қозғала отырып, ащы уытты тілмен көкейде жүрген ой ортаға түседі.

*• «Біздер, шынында да, үндістерге де, австралияның аборигендеріне де, африкандықтарға да өте ұқсас халықпыз. Үндістер де, қазақтар да сан жылдар бойы мылтық пен зеңбірекке қарсы шапты, өкінішке қарай, қара қылышқа қарағанда пулеметтің күдіреті күшті болып шықты. Үндістер де, қазақтар да... жерлерін сатуға берді. Үндістердің көсемдері ең болмаса бір уыс ақша алған болар, ал біздердің не алғанымызды ешкім де білмейді. (Ал алған адамдар айтпайды). Бірақ баспана салатын жер таба алмай қалғанымыз бәрімізге мәлім. Енді бізге резервация бермесеңіздер, кімге бермекшісіздер. Біз бұған толық лайықтымыз. Біз резервацияда аштан өлмейміз, ол жағына бастарыңыз ауырмасын. Келген туристерге ән салып, би билеп, «Көшпенділердегі» киімдерді киіп, соғыс ойынын да көрсетіп береміз». («Жас Алаш», 26 ақпан 2008 жыл).*

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*Памфлеттің нысаны. Ежелгі грек мысалшылары. Еуропадағы памфлеттер. Қазіргі баспасөздегі памфлет. «Ара» журналындағы памфлеттер.*

#### **4.8 Пародия**

Пародия шығармашылық өнердің ең бір байырғы жанры. Ежелде пародиясыз театрды елестету мүмкін емес-ті. Саяси және философиялық тартыстардың да пародиясыз маңызы жоқ еді. Пародия қазіргі жазбагерлердің де сүйікті «қаруы». Журналистикада әлдебір саяси тұлғаның іс-әрекеті, әртістердің мінез-құлқы, жазушы шығармаларының олқы тұсы пародия өзегіне айнала алады. Гипербола, гротеск, литота, ирония – пародияның негізгі көркемдік әдіс-тәсілдері.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*Пародия – өнердің байырғы жанры. Саяси пародиялар. Театр пародиясы. Гипербола, гротеск, литота, ирония – пародияның негізгі көркемдік әдіс-тәсілдері. Пародия және жазушы шығармашылығы*

#### **4.9 Сатиралық түсіндірме**

Мәтіннің бұл түрі өзінің сатиралық мәнімен, өткірлігімен талдамалы түсіндірмеге немесе құлаққағысқа біршама жақын. Алайда оның өзіндік ерекшелігі – автордың көзіне түскен нақты бір феноменді ғана сын садағына алатыны. Сатиралық түсіндірмені жазғанда журналист баяндаудың әдеби әдіс-тәсіліне, образдық типтеуге көбірек жүгінеді. Сондықтан бұл жанр жұрт назарын өзіне аударған әлдебір белгілі тұлғаға бағышталып жазылады.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*Сатиралық түсіндірме және талдамалы түсіндірме. Түсіндірменің сатиралық мәні. Түсіндірмедегі баяндаудың әдеби әдіс-тәсілі. Түсіндірмедегі образдық типтеу. Қазіргі баспасөздегі түсіндірме.*

#### **4.10 Анекдот**

Анекдотқа құмартпайтын адам жоқ. Оның ішінде газет оқырмандары да бар. Бұрынырақ анекдоттар шағын топтарда, көңілді отырыстарда ғана ауызша айтылатын. Кейін, аракідік болса да, газет беттерінен көріне бастайтын болды. Әсіресе, БАҚ қызметіндегі цензуралық шектеулер алынып тасталған соң, анекдоттар газет-журнал беттерінен ойып орын ала бастады. Қазір осы бір езу жиғызбас шағын жанрды баспайтын басылымды табу қиын. Әдебиет зерттеушілері тапқырлықтың кең тараған осынау үлгісін күлдіргі әзіл әңгімелер түріне жатқызады. Төңкерістен бұрынғы орыс зерттеушілерінен А.Пельцер [1], А.Потебия [2], Н.Сумцов [3] күлдіргі әңгімелерді ертегілермен салыстыра қарастырғанымен, оны дербес жанр ретінде көрсетіп бере алмады. Күлдіргі әзіл әңгімелердің табиғаты туралы келелі пікір айтып, оны жаңа заманға лайық дамыту жайында ой білдірген қазақ қаламгерлері арасынан С.Сейфуллиннің, Б.Майлиннің, І.Жансүгіровтің, М.Әуезовтің, Ә.Марғұланнның, Б.Кенжебаевтың, Ө.Тұрманжановтың, М.Жармұхамедовтың, М.Әлімбаевтың, Б.Адамбаевтың, Н.Төрешұлының есімдерін айрықша атауға болады. Кейінгі зерттеушілер ішінен осы жанрға қатысты Ж.Әбілдің айтқан пікірлері [4] орнықты.

Анекдот (“anekdotos”) – грек тілінен аударғанда “жарияланбаған, ауызша тараған” деген мағынаны береді. Орыс ауыз әдебиетінде “анекдот типтес” (М.Әуезов) бұл әңгімелердің “байка”, “баутка”, “прибаутка” сияқты түрлері кең тараса, өзбектер оны “ләтифа”, “эския” деп атайды.

Түрікпендер “шота сөз”, татарлар “мәзек” дейді. Қазақта анекдоттың “езутартар”, “шымшыма”, “шаншыма”, “бір қақпайлар” сияқты түрлері кездеседі. “Халық аудиториясы іспетгі әртүрлі жиын-тойда, жастардың бас қосқан көңілді кештерінде екі адам кездесе кетсе, бірі бастап, екіншісі жалғастыра жөнелетін кәдуілгі әзіл-қалжың, күлдіргі әңгімелер өмірмен етене аралас туындап жататыны” [5] секілді, “халық өте сүйген өнерінің бір түрі осындай күлкі әңгімелер” [М.Әуезов] екені даусыз.

Анекдоттың түрлері де көп: әдепті және әдепсіз, анайы және тұрпайы, саяси және тұрмыстық, студенттерге арналған, МАИ қызметкерлеріне арналған, чукча мен Қожанасыр әпенді туралы, Вовочка мен Чапаев туралы, жынды мен армян радиосы туралы, тізбелей берсек, шегіне жету қиын. Барлығы да уытты, күлкілі. Газет бетінде анекдоттар жалғыз дара – дербес түрде де, тақырыпқа топтастырылып – тектес түрде де беріле береді.

Анекдоттың есте қалуы оның қаншалықты тапқыр да ұтқыр ой беруімен, артистік өнерге сап, бет қимылымен қызықтыра айтуымен ерекшеленеді. Зерттеуші А.Тертычный: “Анекдотты теледидарда ғана қызықтыра айтуға болады. Мерзімді басылымдағы анекдоттың әсері радио мен телевизиядағы анекдоттан анағұрлым төмен”, – деген пікірде. Мұндай біржақты пікірге қосылу қиын. Себебі, газеттегі анекдоттың да өзіндік жанрлық ерекшеліктері, сипатты артықшылықтары бар.

Тамаша анекдот құрастырып жазушылар, сирек болса да, журналистер арасында да кездеседі. Анекдотты жанр түрінде негіздейтін де солар. Дегенмен, мерзімді басылымдардағы анекдоттардың дені түрлі жинақтардан, басқа басылымдардан, Интернеттен алынады.

Баспасөзде анекдот көбіне оның типіне қарап топтастырылып беріледі. Негізгі түрлері мыналар: 1) классикалық анекдоттар; 2) күлкі тудыратын оқиғалар.

Бір қарағанда, бұл екеуінде айырмашылық жоқ та сияқты. Бірақ, зерделей пайымдасақ, әр түрінің өзіндік ерекшелігінің

бар екенін байқаймыз. Мысалы, күлкі тудыратын оқиғаларға қарағанда классикалық анекдоттар қысқа болып келеді. Көбіне диалог түрінде кездеседі.

- *Күлімсіріген кезіңізде, сізді өзімнің кабинетіме шақырғым келіп кетеді.  
Қырындаған түріңіз бе, бұл?  
Жо-ға, мен тіс дәрігерімін. (Жас Алаш, 27 наурыз 2004 жыл)*

Анекдоттардың авторлары белгісіз. Олардың қалай пайда болатынын, қайтіп туатынын ешкім де тап басып айта алмайды. Ал күлкі тудыратын оқиғалардың авторлары да, кейіпкерлері де мәлім. “Егемен Қазақстан” газеті “Ауылдың айтқыштары” деген айдармен осындай күлдіргі әзіл әңгімелерді тұрақты басып жүр.

- *Ақын Қонысбай Әбіл жаңадан аяқ киім сатып алған екен.  
Қонеке, етіңіңіз құтты болсын! – деп бас жазуға сылтау таба алмай тұрған жігіттер жерден жеті қоян тапқандай шу ете қалады. Олардың ойын бірден түсінген Қонысбай:  
– “Дұшпан аяққа қарайды” деген, – деп бөгелместен өте шығады. Б.Сағырбай, Қостанай облысы. (Егемен Қазақстан, 29 қазан 2005 жыл)*

Газеттегі анекдот өз алдына да, әлдебір жарияланымның бір бөлшегі ретінде де басыла береді. Мәселен, талдамалы сұхбатта, портреттік очеркте кейіпкер характерін ашу мақсатында және оқырман назарын аудару үшін жарияланым соңына немесе мәтін ішіне ерекшелеп айшықтап “кейіпкердің сүйікті анекдоты” беріледі. Оны тақырыпқа сай не автордың өзі қосады, не кейіпкер ауызынан алынады. Жарияланымда айтылған ойды ашатын анекдоттың ұтымды болуы автордың жарты несібесі.

Кейде журналистер анекдотты *эпиграф* немесе *түйін*

түрінде пайдаланады. Бұл да оқырман назарын аударудың бір тәсілі.

Күлкі тудыратын оқиғалар, жоғарыда айтқанымыздай, өз алдына дербес мәтін түрінде тақырып қойылып, кейіпкері көрсетіліп, авторымен бірге жарияланады. Әлдебір жарияланымға қосымша атрибут түрінде енетіні де бар. “Классикалық” анекдоттарға қарағанда анекдоттың бұл түрінің көлемі үлкендеу болады.

“Классикалық” анекдоттар да, күлкі тудыратын оқиғалар да (қысқа әзіл әңгімелер) не табиғи жағдайда, не қаламгерлердің арнайы жазуымен туады. Ол көбіне өмірде орын алып жатқан күлкілі жағдайлардан пайда болады. Сол оқиғалардан юмор туғызуды, осындай күлкілі жағдайға тап болып қалмауды нәсият ете отырып, ащы әжуаны мысал етуді мақсат тұтады.

Жазғанымыз анекдот болып шығу үшін оған мынадай талаптар қажет: біріншіден, оқиға міндетті түрде күлкі тудыруы тиіс; екіншіден, анекдот кейіпкерінің бойында өзге жұртқа ұқсамайтын бір ерекше қасиет (аңғалдық, жалқаулық, әпенділік, т.б.) болуы шарт. Міне, адамның осы бір қасиетін (әдетін) әжуа тілмен тап басып көрсете отырып, оқиғаның қажет тұсын ғана түйіндеп қысқа әрі ұтқыр беру – анекдот жанрын туғызады.

• – *Даяшы, қол сұрткішің неге майлы?*

– *Майлы шелпекпен бетіңізді сүртіп отырғаныңызға мен де таңданып тұрмын. (Айқын, 10 тамыз 2004 жыл)*

*Жындыханаға комиссия келеді. Науқастардың бірі комиссияның төрағасына келіп, оның құлағына:*

– *Мен – Ленинмін, – деп сыбырлайды.*

*Оны тыңдап болған сәтте екінші бір науқас келіп, ол да:*

– *Мен – Ленинмін, – деп мәлімдейді.*

*Бұдан соң комиссия өкілдері жындыхананың бас дәрігеріне келіп, неге науқастардың бәрі бұлай дейтінін сұраса:*

– *Оларға сенбеңіздер. Ленин деген мен, – депті дәрігер.*

Қаламгерлердің арнайы жазуымен туатын анекдоттар да жоғарыда айтқан сипаттарды бойына сіңірген. Көбіне бұларды ел ішінде жүрген күлкілі әңгімелерге байланысты журналистердің өздері де әзірлейді. Редакцияға арнайы хат жолдап, естіген анекдоттарын жіберіп, өз ауылындағы күлкілі жайларды сөз ететін авторлардың шығармалары да осындай анекдоттардың негізін құрайды.

• *Еңбек ауылының тұрғыны Пешкен Қабимолдин марқұм қара сөзге жаяу болмапты.*

*Алыстағы Тарбағатай деген жайлауда кеншардың малын бағатын ол бірде моншаға түсіп, кір-қоңын жудыррып алу үшін ауылға келеді. Балаларының ортасында бірер күн болып, тауға қайтар жолда ондағы жолдастарына сәлем-сауқат алуға дүкенге соғады:*

– *Балам, маған бәдіктен біреу, бықсымадан біреу, жүзгіштен біреу бер, – депті.*

– *Оның сөзіне түсінбеген сатушы не алатынын қайталап сұрайды. Сөйтсе: “Бәдігі – арақ, бықсымасы – темекі, жүзгіші – балық” екен. Қайырлы Назырбаев, Шығыс Қазақстан облысы. (Егемен Қазақстан, 28 маусым 2005 жыл)*

Газетте жариялау үшін әзірленетін анекдот, сөз жоқ, редакторлық өндеуден өтеді. Онда айтылуы бойынша күлкілі көрінген элементтер жарамсыз болып қалуы мүмкін. Шағын топтарда, бір саптаяқ сыра басында айтылатын анайы анекдоттар, ұаншалықты күлкі тудырғанымен, жариялауға жатпайды. Мұндай анекдоттарды газетке басуға жіберу – боқтампаз адамды театр сахнасына жіберумен бірдей.

Әр газет ешкім естімеген, жаңа туған анекдоттарды басуға асығады. Өкінішке орай, көптеген басылымдардың бір-бірінен көшіріп, қайталауға ұрынып жататыны бар. Бір анекдотты естуі бойынша қайта өндеп, қайта жазып басатын басылымдар да аз кездеспейді. Осыдан барып бір күлкілі әңгіменің бірнеше нұсқасының туып жататыны заңды.



• Әйелі үйден шығып бара жатып күйеуіне:

– Мен көршінің үйіне барып, бес минуттан соң келемін. Сен жарты сағат сайын қазанды қозғап ұр, – деген екен. (Айқын, 5 тамыз 2004 жыл)

Әйелі отқа тамақты қойып жатып, күйеуіне былай депті:

– Мен бір минутқа көрші үйдегі келіншекке барып келе қояйын. Сен енді он минуттан кейін әр бес минут сайын тамақты араластырып отыр. Мен қазір-ақ келемін... (Түркістан, 4 қараша 2005 жыл).

Баспасөздегі анекдот рекреативті (ойын-сауықтық) рөл атқарады. Анекдот оқу арқылы адам бір сәт көңіл көтереді, шаршағанын ұмытады, сергиді. Сонымен қатар ол адам тап болған күлкілі жайларды сөз ете отырып, түрлі жат әдеттерден де сақтандырады.

#### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*Күлдіргі әзіл әңгімелер. Анекдоттың түрлері. Баспасөздегі анекдот. “Классикалық” анекдоттар. Анекдот жанрына қойылатын талаптар.*

#### **4.11 Қалжың**

Бұл күлкілі оқиға туғызу мақсатында әлдекімді ыңғайсыз күйге түсіретін мәтін түрі. Журналистикада ол жиі кездеседі. Қалжыңның мәтіні көбіне ойдан, қиялдан туатын болғандықтан ол көркем-публицистикалық жанр құрамына енеді. Автор өзі басы-қасында болмаған, бірақ әлдекімнің ауызынан естіген күлкілі жайды қалжыңға айналдырып жазады. Негізгі мәні – оқырманды қызықтыру. Екінші жағынан бұл жанрдың кейіпкерді ойын-күлкіге айналдыру мәні де бар.

#### **4.12 Ойын**

Бұл жанр оқырманның ойын-сауықтық ақпаратты қажет етуінен туындаған. Оның негізін «сөзтізбектер» мен «сөзжұмбақтар», «басқатырғыштар» мен «ребустар» құрайды. Мұндай ойын жарияланымдары оқырманнан тапқырлықты, зейін мен зердені, ал оны құрастырушылардан шығармашылық дайындықты, білім мен ақпараттық дайындықты қажет ететін болғандықтан бұл жанр көркем-публицистикалық жанрлар құрамына енеді. Зейінге құрылған ойын авторлары олардың сюжеттерін өздері құрастырып, проблемалық жағдайларын өздері ойлап тауып жатады. Мерзімді баспасөзде ойын жанрларының «сканворд», «тұспалсөз» сияқты мәтіндік түрлері, «айырмасын тап», «өзің бояп ал» сияқты суреттік түрлері кеңінен тараған.

#### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары**

*Ойдан, қиялдан туатын қалжыңдар. Мерзімді баспасөздегі күлкілі оқиғалар. «Сөзтізбектер» мен «сөзжұмбақтар». Зейінге құрылған ойындар. Мерзімді баспасөздегі «сканвордтар», «тұспалсөздер».*

## 5. ИЛЛЮСТРАЦИЯЛЫҚ ЖАНРЛАР

Иллюстрация – латын тілінен аударғанда «түсіндіру», «суреттер арқылы көрнекі бейнелеу» дегенді білдіреді. Қазіргі таңда мерзімді баспа өнімдерінен, газет-журналдар мен кітап беттерінен иллюстрация ерекше орын алып отыр. Фотоға түсірілген және суретші қаламынан туындаған иллюстрациялар облыстық, республикалық газет-журналдардың көркемдігіне зор үлес қосуда. Баспасөзде жарияланған әрбір материал сияқты иллюстрация да бүгінгі заман талабына сай болуы заңды.

Газет версткасында иллюстрацияны әр түрлі сипатта бейнелеген дұрыс. Мұндағы негізгі маңыз суреттердің көлеміне немесе тігінен, әлде көлденеңінен қойылып бейнеленуіне аударылмау керек. Фотосуреттердің табиғи, яғни түрлі жанрларда бейнеленуі алдыңғы орында тұруы тиіс.

Газет-журналдар тек фотосуреттерден құралуы қажет деген заңдылық жоқ. Мұнда қаламмен сызылған суреттерді, компьютерлік графикаларды, таблицалар мен диаграммаларды, тағы басқаларды да қолдана аламыз.

Газет бетіндегі иллюстрациялардың оқырманға тигізетін әсері өте көп. Суреттер оқырманға қосымша ақпараттар жеткізіп қана қоймай, оқиғаның нақты көрінісін шынайы бейнелеп береді. Иллюстрациялар кез-келген мәтіннің ажарын ашып, еріксіз әсер қалдырады. Жалпы баспасөз бетіндегі иллюстрациялар әртүрлі міндеттерді атқарады.

*Оқиғалы иллюстрациялар* сипатындағы қолдан салынған суреттер және фотосуреттер ел өміріндегі қызықты жаңалық туралы немесе шетелдердегі маңызды оқиғалар жайында бейнелейді.

*Құжаттық иллюстрациялар* – өмірдің шынайы болмысын, талас туғызатын фактілерді сурет тілімен халыққа жеткізу жолында қызмет етеді. Әдетте мұндай иллюстрациялар болған оқиғаларды өз көзімен көрген фототілшілердің түсірген суреті немесе құжаттардың,

газеттердің, кітаптардың репродукциясы (фотокөшірмесі) түрінде жарияланады.

*Дүниетану сипатындағы* фотосуреттерді баса отырып, газеттер қарапайым халықтың дүниетанымын толықтыруына көмектеседі. Мұндай иллюстрациялар оқырманның мәдени ой-өрісін кеңейту мақсатын көздейді.

*Сықақ пен мысқыл түріндегі* иллюстрацияларда танымал тұлғаларға достық әзіл ретінде қолмен салынған суреттер, карикатуралар көрініс табады.

Баспасөзде жарияланған әрбір материал сияқты, иллюстрация да бүгінгі заман талабына сай болуы тиіс. Бүгін қызықты көрінген нәрсенің ертеңгі күні маңызы жойылып кетуі әбден мүмкін. Сондықтан фототілші мен суретші өмірге мұқият көз салып, жаңаны сезіп, пайдалы дегеннің бәрін дер кезінде байқап отыруға міндетті. Иллюстрациялардың шынайылығы мен дәлдігінің де маңызы зор. Өмір шындығын паш ететін сурет пен фотосурет құбылыстар мен оқиғаларды боямаламай, дәл және нақты қалпында бейнелеуі тиіс.

Фотожурналистиканың шығармашылық қызмет түрі ретінде қалыптасуы қоғамның көзбен көру ақпаратын қажет етуден туындады. Оның қызметтік алаңы мерзімді баспасөз саналады және ол фотожурналистика шығармашылығының сипатын анықтайды. Фотожурналистика рухани-практикалық қызмет атқарады. Фототілшілердің басты мақсаты көру техникасының - фотоаппараттың көмегімен қоғамдық өмірде болып жатқан әртүрлі жаңалықтар мен оқиғалардың әлеуметтік-саяси мәнін ашып көрсетеді.

Қоғамдағы көрсетілер қызметтің кез-келген түрі субъектінің объектіге қатысымен сипатталады. Фотожурналистиканың объектісі журналистиканың басқа да салалары – радио-телевизиялық журналистикадағы сияқты табиғат және қоғам саналады. Алайда, объектіні бейнелеу жөнінде олардың атқарар қызметі бір болғанмен, айырмашылықтары да жоқ емес. Фототілші шындықты бейнелеуде фотография мүмкіндіктерін тікелей пайдаланады. Ол әлемде болып жатқан жаңалықтар мен оқиғалардың

шындық бейнесін сөз белгілерімен ғана емес, сонымен қатар сурет өнерінің көмегімен кескіндейді. Фотожурналистикадағы объект нақты шындыққа бір табан жақын. Оқырман, көрермен фотосуретте бейнеленген жайдың тікелей куәгері, оны өз көзімен көргендей әсер алады.

Фотожурналистикадағы объектіні тіркеудің тағы бір артықшылығы құжаттық, шындықты бүкпесіз тура сол қалпында көрсете білуінде, яғни оқиғаның уақыт кеңістігіне сай етіп жүргізе алатындығында. Сондықтан да фотожурналистерді “шежіреші” деп атауы тегін жай болмаса керек. Фотографияда өмірде болмаған нәрсе әсте болмайды. Мұндай ерекшеліктер журналистиканың өзге салаларында да болуы әбден мүмкін. Бірақ ол фотожурналистикада ерекше мәнге ие болады.

Фоторепортердің қолындағы фотоаппарат өте сезімтал, икемді, ол әлемді фототілші қалай көрсе, тура солай қабылдайды. Бұл объект таңдау барысында айқын сезіледі. Объектіні таңдаудың, сюжет-композиция құра білудің нәтижесінде фотосуреттердің сапасы да арта түседі.

Фотожурналистикадағы жалпы журналистиканың басқа да салаларындағы тапсырмаларды орындау әдетте өзіне ғана тән белгілі бір шеңбер жүйесімен жүргізіледі. Ондай шеңберлі жүйені *жанр* деп атайды. Фотожурналистика жанрлары - ол бір мезгілде берілетін фотографиялар мен азды-көпді мәтіннің қосындысы. Фотожурналистиканың жанрлары *қосалқы* және *дербес* болып екі топқа бөлінеді.

Фотожурналистиканың қосалқы жанрларына фотолық безендірулер мен фотожарнамалар жатады. Фотожурналистиканың дербес жанрларына мәтінмен берілген фотосуреттер кіреді. Өз кезегінде фотожурналистиканың дербес жанрлары кіші және ірі жанр болып екіге бөлінеді. Енді жоғарыда аталған қосалқы және дербес жанрлардың әрқайсысына жеке-жеке түсінік беріп көрелік.

Фотолық безендіру мәтінді толықтырады, оның көркемдік деңгейін арттыра түседі, әңгіменің не жайында екендігін, оны кім жүргізетіндігін айқындайды. Сондықтан да ол мына

тәртіпте қолданылады: 1/х/ ФБ<<М, яғни беттегі бір немесе бірнеше сурет мәтіннен аз орын алады.

Тікелей фотолық безендіру мәтіннің мазмұнына сай болып келеді, материал жиналған жерден алынады (кейіпкердің портреті, цех, егістік алқабы, құрылыс көрінісі, жобаның макеті, т.б.).

Ассасиативтік фотолық безендіру мақаланың тек тақырыбына ғана жақындайды. Әдетте оның материал алған жерден болуы шартты емес, тақырыпты аша түсетін кез-келген жерден түсірілген фотолар пайдаланылады.

Еркін фотолық безендіру мақаланы немесе бетті көркемдеу үшін қолданылады, оларға фотозтюдтер, табиғат көріністері, натюрморттар, фотоконкурсқа түскен суреттер жатады.

Қосалқы фотожанрлардың екінші тобына әртүрлі фотожарнамалар (тауарлар, қызмет көрсету түрлері, туризм, мода тағы басқалар) кіреді. Оларды газет-журнал редакциялары дайындамайды, насихаттайтын, үгіттейтін фирмалар немесе агенттіктер ұсынады. Жарналық топтың бөліктің формуласы былай сипатталады: 1/хФБ>>М. Солай дегенмен, олардың арасында бірен-саран редакция дайындайтын фотожарнамалар да кездеседі. Оларды басылым иелері әзірлейді. Бұлар журналдың мұқабасына немесе соңғы бетіне басылатын көрмелермен таныстыру, театр немесе кинодағы жаңа қойылымдар мен көрсетілімдер. Сондай-ақ фотоайдарлар мен фотоанонстар.

Фотожурналистиканың дербес жанрлары да ақпараттық және публицистикалық болып бөлінеді.

Фотохабар қоғамдық-әлеуметтік шындықтың жағымды және жағымсыз жағдайларын жедел жеткізетін формасы. Бұл жанрлар фотожурналистикадағы өзге жанрлардан біршама бұрын пайда болды. Алғашқы кезде фотосуреттердің газет-журнал беттерін безендіруші құрал ретінде көрінгені мәлім. Алайда безендіру үшін пайдаланылған сол фотолардың өзі фотохабардың кейбір белгілеріне ие болатын. Ал шындығына жүгінер болсақ, мәтінге қоса берілген сол фотосуреттердің

қайсыбіреулері объектіде сөз болған мәтіндерді қайталамайды, керісінше, оны толықтырып, қосымша мәлімет береді, материалдың сапалы болуына біршама үлесін қосады. Егер оған қарсы-қайшы келсе, мәтінді қайталайтын болса, онда оның қажетсіздігі білініп, бірден беттен түсіп те қалар еді. Бақытымызға орай, фотосуреттерге деген сұраныс одан әрі артпаса, әсте кеміген жоқ.

Фотохабар XIX ғасырдың 20-шы жылдарында-ақ белгілі болды. Солай дегенмен, ол мерзімдік баспасөз беттерінде отызыншы жылдардың соңы мен қырқыншы жылдардың алғашқы жылдарынан бастап кеңінен пайдаланыла бастады. Өйткені, осы кезеңнен бастап еліміздің көптеген ірі қалаларындағы бұрынғы ескі баспаханалардың орнына заман талабына сай полиграфиялық базасы біршама бай техникалар орнатылды. Бұл жай әрине мерзімдік баспасөздің сапасын арттырып қана қоймай, фотосуреттердің де жиі басылуына зор септігін тигізді.

Қазіргі кезде фотохабар үш түрге бөлінеді. Олар түсіндірмесіз, түсіндірмелі және кең көлемді фотохабар деп аталады. Оқушы газет-журнал беттерінен қоғамдық мәні бар жаңалықты фотосуреттерді жиі көреді. Оның астына жазылған мәтіні қысқа әрі телеграфтық байланысқа жақын болып келеді. Мысалы, Алматыдағы “Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде қазақтың ұл-қыздарымен бірге Монғолия, Түркия, Қытай, Македония, Якутия, Татарстан, Башқұртстан, тағы басқа бірқатар шетелдердің студенттері оқиды” деп олардың аты-жөндерін атайды. Онда автордың тарапынан ешқандай түсінік, баға берілмеген. Өмірдің кішкентай бір бөлшегін ғана көрсеткен. Одан әрі оқушы өзінің ой-өрісіне орай әртүрлі тұжырым жасайды. Мұндай фотохабарды түсіндірмесіз фотохабар дейді. Олар көбінесе “Номерге - фото”, “Фотофакті”, “Жаңалықтар эстафетасы” т.б. айдарлармен беріледі.

Сонымен қатар мерзімдік баспасөз беттерінде мынадай да фотохабарларды кездестіруге болады. Онда автор жеке

бір фактіні хабарлаумен бірге, оның басқа да фактілердің ішінде алатын орнын, айта отырып, оған өзінің көзқарасын да, берер бағасын да қосып жеткізеді. Ондай хабар түсіндірмелі фотохабарға жатады.

Енді үшінші – кең көлемді фотохабарға назар аударайық. Ол кейінгі кезде тек орталық басылымдарда ғана емес, облыстық, аудандық газеттерде де бой көрсетіп жүр. Мысалы, Б.Хасеновтың “Известия” газетінде 1989 ж. 10 наурызда “Ликино: соңғы моделді автобус” фотохабарын талдап көрсетті. Автор: “Жаңа автобусты бүкіл еліміз күтуде. Жаңа үлгідегі алғашқы машиналар қаланың көшелерін кезе бастады. Сынақ қорытындысы көрсеткендей, “Ли АЗ-5256” автобусының сенімділігі бірнеше есе өсті, жағармай шығыны 10-15 пайызға кеміді. Мамандардың пікірі бойынша, бұл автобустың сенімділігі атақты “Икарустан” әсте кем түспейді, ал жағармайды үнемдеп жұмсауы жағынан тіпті шетелдік автобустардың өзін артқа қалдырады.

“ЛиАЗ-5256” автобусын көптеп шығару техникалық жағынан заводтың дамуы үшін үлкен серпіліс туғызбақ. Ликин автобус зауытын атаулы машинаны келер жылдан бастап жаппай шығаруды көздеп отыр. Жолың болсын “Ли-АЗ-5256”.

Бұл жерде автордың назарын жаңа автобусты жасап шығару мен оны сынақтан өткізу аударып отыр. Фотожурналист бұл жаңалықты оқушыларға қысқаша түрде жеткізуіне де болар еді. Алайда ол бұл фактіге оқушылардың ыстық ықылас білдіретінін ескере отырып, мәліметті кеңінен келтіріп отыр. Машинаның жалпы көрінісін және жүргізушілік кабинасының ішін бейнелеген қос фотосуреті мәтінде келтірілген деректерді одан әрі толықтырып, бірқатар маңызды мәселелерді әдейі қозғап отыр.

Барлық газеттік және журналдық иллюстрациялар екі топқа бөлінеді. Біріншісі – түпнұсқасы фотоаппарат арқылы алынатын фотоиллюстрациялар да, екіншісі – қылқалам шеберінің қолынан туатын суреттер мен сызбалар арқылы пайда болатын суретті иллюстрациялар.

## 5.1 Фотоиллюстрациялар

**Фоторепортаж** – бір мағыналы ұғым емес. Қазіргі заманғы тәжірибеде бұл термин сурет түсірудің тәсілін де, репортаждық әдіспен түсірілген жекелеген ақпараттың суретті де және қандай да бір оқиғаның даму процесін көрсететін фотосуреттер топтамасын да фоторепортаж деп атайды.

Жеке фотосуретпен шындықтың бірнеше сәтін көрсету мүмкін емес, оқиғаны бір суретпен толық қамтуға болмайды, тек оның бір бөлігінің үзіндісін ғана көрсете аласың, ал оқиғаны, қимыл, іс-әрекетті толық жеткізу үшін ең кемінде үш-төрт фотосурет қажет.

Фоторепортаждың б а с қ а иллюстрацияларға қарағанда өзіне тән сипаты мен ерекшеліктері бар. Ол қолма-қол түсіріледі, негізгі бір фактіні, кеше немесе бүгін болған құбылысты деректі суретпен көрсетеді. Мұндай репортажға



өзек болған суреттің тақырыптары барлық саланы қамтиды.

Ол негізінен екі түрге бөлінеді:

1. *Оқиғалы фоторепортаж* (адамның ғарышқа ұшу сәті, жаңа ескерткіштің ашылу салтанаты, т.б.).

2. *Оперативті фоторепортаж* (күнделікті оқиғалар, фермерлердің, дихандардың науқандық еңбектері, т.б.).

Фоторепортажды түсіру әдістері бар:

1. *Іріктеп түсіру*. Мұны фоторепортер кадрдың композициясын өз бетімен құра алмайтын, суретке түсетін адамдарды өз қалағанынша ұйымдастырып, ретімен қоя алмайтын сәттерде қолданады. Әдетте, мұндай жағдай

стихиялы ереуілдері, митингілерді, жиналыстарды, концерттерді, спорт жарыстарын түсіргенде кездеседі. Ішінара іріктеп түсіргенде фототілшінің байқампаздық қабілетін нақты аңғаруға болады.

2. *Ұйымдастырып түсіру*. Фототілші уақытты өзі таңдап, объектіні өзіне қолайлы етіп орналастырып, жарықты қажетінше пайдаланып, асқан шығармашылықпен түсірілетін әдіс.

Қолдан салынған репортажды суреттер де болады. Әсіресе ол сот залдарынан жиі салынады және өзінің маңызы мен мазмұны жағынан фотоаппаратпен түсірілген фоторепортажға жақын келеді. Иллюстрацияның бұл екі түрі шын мәнісінде бір міндетті орындайды. Екеуі де шындықты көрсетуге тырысады. Бірақ, оны түрлі тәсілдермен береді. Қолмен салынған суреттің фотографиядан айырмашылығы образ жасау үшін қолданылатын құралдарының өте қарапайымдылығында. Суретші фототілшіге қарағанда әртүрлі сыртқы жағдайлардан – жарықтың түсуінен, ауа-райынан, тағы басқа кедергілерден тәуелсіз болады. Дегенмен, барлығы суреткердің шеберлігіне байланысты екенін ұмытпағанымыз жөн.

Фоторепортаждың қалыптасуы тікелей мерзімдік баспасөзге байланысты. Ол өзінің алғашқы қадамын журнал беттерінен бастады. Фоторепортаждың сипаттамалық белгісі “Огонек” журналында (1924 ж. N4) біршама қамтылған. “қара теңіздегі бұрын-соңды болмаған дауыл” деп аталған жарияланымда алты фотосурет басылды. Онда фоторепортер алай-дүлей дауылдың Новоросийск портындағы қалдырған “ізін” көрсеткен. қираған үйлер мен талқандалған жүзу жабдықтарының жағалаудағы үйіндісі дауылдың күші қаншалықты дәрежеде болғандығын аңғартады. Автор өз “туындысында” дауылдың салдарын ғана қамтыған. Ал “қатысушы тұлға” кадрлардан сырт қалған. Оқушы оны, мәтінді оқу арқылы ұғады. Бұл жерде жетіспей тұрған жалғыз нәрсе – оқиғаның дамуы ғана. Соған қарамастан, ол фоторепортаждың қалыптасуына жасалған алғашқы қадамдардың қатарына жатады.

Отызыншы жылдары фоторепортаж жанрының қалыптасуы бір адым болса да алға басты. “СССР на стройке” журналы (1930. N4) өзінің жарты номерін Днепро ГЭС-ке арнады.

Жоғарыда көрсетілген жайлардан фоторепортаж жанрының негізгі көтеретін жүгін көре алмаймыз. Сонда фоторепортер объектісін бейнелеуде не көрінуі керек? Оның бейнелеуші-көрсетуші мүмкіндігін ашу үшін алда біршама уақыт ізденіс қажет болды.

“СССР на стройке” журналының сол нөмірінде Түркісіб темір-жолынан фоторепортаж басылды. Ол да сюжет жағынан фоторепортаждың міндетін толық ашып көрсете алмады, алайда, жекелеген фотосуретте адамның еңбек үстіндегі бейнесін, іс-қимылын көрсетуге деген талпыныс байқалмай қалған жоқ.

Түркісібті бейнелеу барысында А.Шайхет (“Огонек” 1930. N14) өзіндік жол тапты. Автор магистралдың барлығын түгел көрсетуді мақсат еткен жоқ, тек оның белгілі бір бөлігін ғана яғни солтүстік учаске мен оңтүстік учаске құрылысшыларының кездесу, теміржолдың соңғы рельсінің қосылу, бір-бірімен жалғану сәтін бейнеледі. Осылай фотожурналист фоторепортаж жанрының мән-мағынасының, оқиғаның ауқымын, оның әлеуметтік маңызын ашып, көрсетіп берді. Автор өзінің ойын жүзеге асыру барысында бар назарын “тілсіз” техникада емес, оны “ауыздықтаған” еңбек адамдарының іс-қимылына аударды. Дәл осындай көріністі біздің жерлесіміз, қазЦИК-тің қазақ АССР орталық атқару комитетінің фотографы дәлірек айтқанда, қазақ фотожурналистикасының іргетасын қалаушы Евсей Ефимович Блехман да сәтті пайдалана білді. Оның объективіне Түркісіб темір жолының салынып бітуімен қатар, онымен жүріп өткен алғашқы поездың сол кездегі қазақстанның жаңа астанасы Алматыға келуін баяндайтын суреттер сериясы (топтамасы) фоторепортаждың тағы бір мүмкіндігін көрсете білді десек артық айтқандық емес.

Бұл суреттердің біріншісінде ол құлағдүрді қақ жарып, қою

түтінін будақтата шашып, ара-кідік ашы үнімен айнала төңіректің апшысын қуыра жүйткіп келе жатқан атарбаның (поезды сол кезде қазақтар осылай атаған) соңынан тайлы-тұяғын міне қызықтап жарысқан ауыл адамдарының тұрпатын өте сәтті көрсетеді. Екінші суретте паровоздың іргесіндегі темір көпірден өтіп бара жатқан көрінісін бейнелейді. үшінші суретте оны қала қақпасының (вокзалдың) алдында қолдарына ұран көтерген аттылы-түйелі кісілердің қарсы алып тұрған кезін объективіне нысана етіп алады. Ал одан кейінгі суреттерде осы оқиғаға байланысты. Алматы стансасында ұйымдастырылған салтанатты жиналыстың барысын сипаттайды.

Еліміздің өміріне түбегейлі өзгеріс әкелген, экономикаамыздың өрге басуына соны серпіліс тудырған осынау шойын жолдың өте маңызды құрылыс объектісі болғандығын баяндайтын бұл суреттердің өзі де бүгінде тарих шежіресіне айналғаны қашан. Сонымен бірге бұл суреттердің тағы бір артықшылығы сол, ол қазақ мерзімді баспасөзінің беттерінде жаңадан бой көрсетіп, енді-енді ғана кеңінен көрініс тауып, қалыптасып келе жатқан фотохабарларының арасынан фоторепортаж жанрының да бөлініп, жеке өз алдына отау тігіп шығуына, оның мерзімдік баспасөзде өз орнын ойып алуына алғышарт жасауымен де құнды, қымбат екендігі сөзсіз.

Газетте немесе журналда жұмыс істеу фотожурналистерден суреттер түсіру барысында ұдайы ізденуді, шындықты жаңа формалармен беруді қажет етеді. Оның үстіне фотожурналистердің жазатын әріптестерінен әсте қалыспауды талап етеді. Соған байланысты фоторепортаждың оперативтілігі, оны газет бетіне жариялау үшін жедел жеткізілуі туындайды. Сондықтан да фотожурналистердің мерзімдік баспасөздің талаптарын тез әрі қысқа мерзімде орындауды да ойламай қоймайды. Бұл жағынан алғанда А.Устиновтың “Правда” газетінде (1943 жылғы 6 августа) басылған “Азат етілген Орел қаласында” деп аталған фоторепортажы көпшілік фототілшілерге үлгі бола

алады. Автор жауды қуып шыққаннан кейінгі азат етілген қаланың тыныс-тіршілігін бес сурет арқылы бере білген. А.Устинов редакцияның тапсырмасын бар болғаны бірнеше сағаттың ішінде орындап шыққан. Мұны суреттердің астына жазылған мәтіндері дәлелдей түседі. “Бұл суреттер 5 августа түсірілді. Оны ұшқыш-кіші лейтенант А.Чистяков жеткізді...”, – деп бір жағынан фоторепортаждың оперативтілігін көрсетсе, екінші жағынан оқушысының тезірек оқып-танысып шығуына итермелейді. Кейде газет түсірілген фотосуреттердің күнін ғана емес, сонымен бірге түсірілген сағатын да көрсетіп отыруды дәстүрге айналдырған. Бұлай түсініктеме беру тегін емес, ол фоторепортаждың уақыт аралығын анықтауды, оның әсерлілігін одан әрі арттыра түсері сөзсіз.

Қазіргі заманғы фоторепортаж мерзімдік баспасөзді безендіру функциясын орынлаумен шектеліп қалмай өзінің даму жолын да айқындап алды. Фоторепортаждың құрылымдық жүйесінде көп өзгерістер енгізілді. Фотожурналистер оқиғаны көрсетудің хаттамалық әдіс-тәсілінен осылай бастартып, шығармашылық ізденіспен еңбек етуге, оқиғаны көрсету барысында өзінің көзқарасын білдіруге ұмтылды. Бұл, әрине, өз кезегінде фотожарияланымның сапасының артуына, мазмұнының баюына септігін тигізді.

Фоторепортаждың ең басты белгісі – бізді қоршаған ортада болып жатқан оқиғаларды қозғалыс үстінде түсіру. Ол фоторепортаждың көп кадрлардан түзілуін талап етеді. Фоторепортаждың тақырыптық ауқымы өте кең. Фотожанрдың бұл түрімен диқанның немесе жұмысшының еңбектегі табысын, су электр станциясын салу барысында өзен арнасын бұруды, теміржолдың жаңа учаскесінің ашылуын, космос кораблінің ұшырылуын, т.б. көрсетуге болады. қысқасы адам қызметінің барлық салаларында еңбекте, оқуда, демалыста болып жатқан өзгерістер үшін бұл жанрға “есік ашық”.

Ақпараттық жанрлар түріне қатысты сипаттамалардың

бәрі фоторепортажға да тиісті. Фотохабар кім? не? қай жерде? қашан? Деген сұрақтарға жауап берсе, фоторепортаж да сондай сұрақтарға жауап берсе, фоторепортаж да сондай сұрақтарды қамтиды. Бұған қоса ол қашан? Деген сұрақтан әсте аттап кете алмайды. Түсіндірмелік мәтінмен бірге берілген бейнелік суреттер арқылы оқиғаның қалай өрбігені туралы оқушылардың фотожурналист көзімен көруіне мүмкіндік береді.

Фоторепортаж хроникалық фоторепортаж болып екі түрге бөлінеді. Хроникалық фоторепортаждың басты мақсаты – қоғамда болып жатқан маңызды оқиғаны жедел де толық жеткізу. Ал түсіндірмелік фоторепортажда автор болған оқиғаны көрсетумен қатар, оған өзіндік баға береді, көзқарасын білдіреді. Рас соңғы кезде газеттерде екі бетке немесе бірнеше бетке топтап беретін фоторепортаждар да жиі-жиі көрінуде. Ол әр бетке шашып беретін фотоочерк емес. Фоторепортажды бұлай беру тек газет беттерін безендіруге бағытталғандықтан, оған көркемдік құрал ретінде қарағанның салдары. Әйтпесе фотожурналистикада шашыранды (сквозной) фоторепортаж деген жанр жоқ. Ол секретариаттағы бетті макеттейтін қызметкерлердің ойлап тапқан амалы.

**Фотосуреттеме.** Мерзімді баспасөз беттерінде «Фотосуреттеме» деп аталатын жанрлық анықтамасы бар фотосуреттер де кездеседі. Фотожурналистиканың жанрлары жүйесіндегі фотосуреттеменің ерешеклігі мен орны түсіну үшін оның қайнар көзін білген маңызды. Мына бір мысалды алып көрейік. Мәтіндегі сөздердің құнын түсіріп алмау үшін орысша текстісін сол күйінде беруді жөн деп таптық. “Советская культура” газеті 1986 жылғы 6-қыркүйектегі нөмірінде Ю.Фроловтың төмендегі мәтін мен екі фотосуретін жариялады: “Право же, не насмотреться на эту красоту. Вроде бы просто: пришел к роднику добрый человек, срубил над ним сказочный теремок с “петушком” на остром шпиле. Еще поставил рядом деревянные скамейки и стол: садись, отдохай после долгой дороги. А

ведь все вокруг другим стало... Не пройдешь, не пройдешь мимо, вот и я зачерпнул ковшиком чистой водицы, выпил. Посидел немного как-то спокойно стало на душе. Если вам доведется быть на купморской земле, что границе татарии, не спешите уезжать. Загляните к этому чудо – роднику скажите спасибо мастеру”. Міне, бар болғаны осы ғана. Автор не туралы жырлайды? Татарстанның Купмор ауданында ауызсу көзін бағалай, қадірлеу білетіндігі жөнінде жыр етеді. Суреттердің оқушы бұлақ басындағы ағаш үйшіктің қандай шеберлікпен жасалғанын, одан ауыл балараның шөлін қандыра ішіп, әңгіме-дүкен құрып тұрғанын көреді. Егер автор үлгі аларлық осы факітінің тек жай сөзбен жеткізе, онда біздің көз алдымызда фотохабар ғана тұрар еді. Қуанышымызға орай, атаулы басалым автордың жан-дүниесінің, көңіл-күйін қозғайды. Оны әсерлі сезім арқылы жеткізеді. Фотосуреттер шындықты тек тіркеп қана қоймайды, сонымен қатар, оны поэзияландыра түседі. Бұл жерде оқушы да жай ақпарат алумен шектелмейді, одан әлдеқайда мол әсер алады. Өкінішке қарай, осындай тамаша фотосуреттемелер қазақ фотожурналистикасында кездесе бермейді.

Фотосуреттеме жанрының алғышарты революциядан бұрын көріне бастады. Ол әлеуметтік фотографиямен тығыз байланысты болды. Демократиялық пиғылдағы көптеген фотографтарды павильон, ателье қанағаттандырғаны мәлім. Оларды өмірдің өзі әртүрлі әлеуметтік қайшылықтар мен қарама-қарсылықтар толы дүние қызықтырды. Осындай фотографтардың бірі әрі бірегейі Нижний Новгородта жұмыс істеген М.Дмитриев еді. Ол бурлақтер мен жалаң аяқтылардың өмірінен, тұрмысынан жүздеген фотосуреттер түсірді. Бірақ, олардың басым көпшілігін патшалық Ресейдің цензурасы мерзімді баспасөзге басқызбады. Волга жағалауында кемені арқанмен тартқан бурлақтардың ауыр өмірін көрсететін бұл суреттер фотосуреттеменің нағыз өзі болатын.

Фотосуреттеменің фотохабарға жақын екені рас. Мазмұны

жағынан ол өмірдің бір үзінгі ғана көрсетеді. Алайда оның фотохабардан өзгешелігі де жоқ емес, оған ең алдымен факітіні жеткізуде ешқандай шек қойылмайды. Автор оны қалай жеткіземін десе де өзі біледі.

Фотосуреттеменің тағы бір ерекшелігі – түсіру формасы мен әдісі жағынан фотоочеркке жақын келеді. Фотосуреттеме фотожурналистің бір емес бірнеше тақырыпта қатар алып түсіргенінде анық байқалады. Фотосуреттемені фотоочеркпен жақындастырадтын басты белгі – екеуінің де шындықты поэзия тілімен жеткізетіндігі, сезімге әсер ететіндігі. Ол фотосуреттемеде әсіресе суретке қоса берілген мәтінде айқын аңғарылады. Фотоочерктің негізгі міндеті кейіпкердің образын жасау болса, ол міндет фотосуреттемеде шектеулі. Өйткені бұл жанрдың көтерер жүгі публистикаға емес, ақпараттық мәлімет беруге ғана құрылған. Сонымен қатар фотосуреттемедегі суреттер өзінің жаңалығымен де құнды болуы тиіс.

Ал енді атаулы жанрдың негізгі сипаттамаларына тоқталып көрелік. Фотосуреттеме қазіргі заманның бір немесе бірнеше үзік бөліктік сырын ашып көрсетудің формасы. Бұл заттың өзіне қарап жобасын жасау, яғни, бір сөзбен айтқанда, оны аяқталуына қарай алатын болсақ, ол суреттің өзі емес, оған жасалған алғашқы қадамның штрихы ғана. Сондықтан да фотосуреттемені осы өнерге жақын адамдардың аяқталмаған картина деп атауы, бағалауы тегін болмаса керек.

Атаулы жанрлық басылымдарға тән нәрсе – адамның жан дүниесіне үнілуге ұмтылу, сол үшін де ол баяндауға көңіл-күйлік екпін береді. Егер қазіргі заманның шындығының белгісі фотосуреттеменің негізі болса, онда сезім әсерлілігі оның жемісі саналады. Фотожурналист фотосуреттеме түсіргенде шындықты қалай көрсе, оқушыдан да солай қабылдауды талап етеді. Сезімділікті сәтті жеткізудің ең жақсы құралы сөздік бейнелеу болып табылады, сондықтан да ол фотосуреттемеге тән нәрсе. Алайда бұл жанрдағы сөздік бейнелеу метафоралық, эпитеттік, метонимикалық



тағы басқа да теңеулердің деңгейінен асып кете алмайды. Әдетте олар толық тұтас бейне жасауда жеткілікті деңгейде материал бола алмайды.

Фотосуреттеме жанры бейнелеуді қысқа да ықшам қатырумен ерекшеленеді. Ал қысқа нұсқамен көрсету қазіргі заман белгілерін бейнелеудің шығармашылық мақсатын анықтайды немесе жанрлық бағдарлама міндеттерін орындауға бағындырылады.

Фотосуреттеме ақпараттық-танымдық және лирикалық болып екі түрге бөлінеді. Оның біріншісінде негізгі екпін ақпараттық-танымдық жайларға бағытталады. Онда автордың үні әлсіз көрініс табады. Ал екіншісінде, керісінше, автрдың ойы, сезімі, көзқарасы анық білінеді. Тілі көркем, поэтикалық сарын айқын сезіледі, лирикалық құрылымдарға құрылады.

**Фотокорреспонденция.** Фотожурналистика жанрларының ішінде “фотокорреспонденция” соңғы отызқырық жылдың көлемінде ғана қалыптасты. Соған қарамастан, оның тарихы сонау Қазан революциясынан соң іле-шала басталуы десе де болады. Өйткені оған революциябасшылары аса зор мән берді. Жақсы түсірілген бірнеше сурет оқушыларға көлдей материалдан анағұрлым нақты мәлімет береді және шындықтың көлеңкелік жағы – кемшіліктерін де көрсетеді деп бағалады. Ал фотографияның құжаттық (документальность) табиғаты фотокорреспонденция жанрының өмірден өз орнын алуына мүмкіндік туғызады. Алайда, фотожурналистер оның мақсаты мен міндетін көпке дейін түсінбей келді, тіпті қайсыбіреулері фотокорреспонденцияны фоторепоражбен де шатастырды. Шындығында фотокорреспонденцияның көтерер жүгі көп. Атқарар рөлі бұдан әлдеқайда мол еді. Фотокорреспонденцияның фоторепортаждан өзгешілігі ол қандай бір оқиғаның дамуын көрсетпейді, қалыптасқан жағдайға ой жіберіп қарауға итермелейді. Ал, оның кеңейтілген фотохабардан айырмашылығы – фотокорреспонденция жекелеген фактіні көрсетумен шектеліп

қалмайды, керісінше, бірнеше факторлардың өзара байланысын ашып көрсетеді. Фотокорреспонденция жасауға ұмтылысты мерзімді баспасөз беттерінен соғыстан бұрын және одан кейін де кездестіруге болады. Бірақ, ол ұмтылыстар тек талпыныс күйінде ғана қалып қойды. Ол туралы «Советское фото» журналы фотожурналистердің кәсіптік шеберлігін арттыру жөніндегі қамқорлықты өз міндетіне ала отырып, былай деп атап көрсетті «... заводтар мен фабрикаларға, ауылдарға жиі-жиі барындар, жоғары еңбек өнімділікті жұмыстардың мысалын іздендер, жұмысты ұйымдастырудағы кемшіліктерді бейнелеп беріңдер». Сөйтіп журнал фотожурналистерге жол көрсетіп қана қоймай, олардың фотообъективтерін қай алаңға қарай бұру керек екендігін, мерзімді баспасөз журналистермен қалйа жақындасу қажет екендігін және олармен бірлесе отырып, алға қойған мақсат-міндеттерін қалай шешуге болатындығын көрсетіп берді.

Жоғарыда аталған міндеттерді шешуге фотожурналистер құлшына кірісті. Алайда, алғашқы кезде олардың көпшілік еңбектеінде фактілерді объективтік тіркеу басымырақ орын алды. «Тек идеяны көрсетіп қана қоймай, оны сенімді түрде дәлелдей де білу керек екендігі» кемшін соғып жатты.

Дегенмен, фотожурналистердің ізденісі босқа кеткен жоқ, көп ұзамастан, ол өз жемісін де бере бастады. Олар фототеоретиктердің айтқан ақыл-кеңестерінен қорытынды шығарып, фотокорреспонденцияның міндеті үлгі аларлық фактілерді оқушыларға суреттеп жеткізу емес, олардың бір-бірімен байланысын талдап көрсету екендігін ұқты. Тәжірибе адам қызметінің нәтижесі мен жүзеге асатындығына көздерін жеткізді.

Мерзімді баспасөз беттерінен ашық талдаусыз және фактілерге авторлық баға берусіз фотокорреспонденциялар да кездесіп қалады. Бұндай басылымдар фоторепортаж белгісімен орындалып, ақпараттық суреттеу түрімен беріледі. Бұл оның ақпараттық жанрлармен сырттай ғана ұқсастығын көрсетеді. Ал тереңірек үңіліп қарасақ, ол фактілерді тізіп

қана бейнелеумен шектелмейтіндігін, одан әлдеқайда терең екендігін аңғаруға болады. Атаулы фотокорреспонденция әлеуметтік тәжірибені ашып көрсетеді. Мұнда фактілерді іріктеу тақырыпты ашуға, автордың айтар ойын жеткізуге көмектеседі. Бір сөзбен айтқанда талдау ықшамдалып берілген.



**Фотопортрет** – (франц. бейнелеу) – өмірдегі немесе өмірде болған белгілі бір адамды, яки адамдар тобын суретке түсіру. Ол фото өнерінің басты жанрының бірі болып табылады. Нақты адамның түр-сипатын б е й н е л е у фотопортреттің негізгі

белгісіне саналады. Дегенмен бұл фото жанры адамның сыртқы тұрпатын пішіндеумен ғана шектелмей, оның рухани ішкі әлемін айқара ашумен қатар тарихи дәуірдің, ұлттың, әлеуметтік органның қайталанбас дара өкілі екендігін шынайылықпен бейнелеуі шарт. Бейнеленген адамдар санына байланысты фотопортреттер жеке, жұп, топтама фотопортрет деп атала береді. Автофотопортрет те портреттің арнайы бір түріне жатады. Фотопортрет үлкен туындылардың элементі де бола алады.

Портрет – өте кең тараған иллюстрациялық жанрлардың бірі. Ол мерзімді басылымдарда фото және сурет түрінде кездеседі. Портретші өз нысанына алып отырған кейіпкердің

шынайы әрі табиғи болмысын фотоға түсіріп алады немесе қылқаламмен салады.

Портреттің көпшілікке таныс бірнеше түрлері бар:

Жеке бір адамның болмысын бейнелейтін *дара портрет*.

Бірнеше адамның қатар түсіп, жинақтаушы образын құрайтын *жинақы портрет*. Кейде бір мамандықтың өкілін бейнелеу арқылы жинақталған портрет түсіру тәжірибесі де кездеседі. Мысалы, бір ұлт өкілін түсіру арқылы оның бойынан сол ұлттың болмысына тән қасиеттерді танытатын портреттер болады.

Портрет түсірудің әдіс-тәсілдері бар:

*Анфас*. Алдынан тіке немесе басын аз ғана бұрып түсіру.

*Топтасқан портрет*. Әрбір адамды ыңғайлы орынға тұрғызу арқылы синкретті түсіру.


*Өндірістік портрет*. Адамды жұмыс үстінде, яғни өзіне тән өндірістік жағдайда көрсету мақсатын көздеп түсіріледі. Өндірістік портреттің фоторепортаждан айырмашылығы, фотосуретте еңбек етіп жатқан жалғыз адамның ғана көрсетілетіні. Ал, фоторепортажда оқиғаның тұтас картинасы беріледі.

**Пейзаж** – табиғаттың тамаша сәттерін оқырманға жеткізуді мақсат ететін жанр. Негізгі нысандары – табиғат аясы, қала көріністері, өзен арналары, тау сілемдері, т.б. Фотопейзаж – (франц. – орын) – негізінен табиғат көрінісіне түсірілген фото өнерінің жеке бір жанры. Фотопейзаж нақты бір жердің көрінісінен түсіріледі. Көбіне рельефтің,



кейде басқа жанрлардың фоны ретінде қызмет атқарады. Фотопейзажда құбылыс пен табиғат көрінісін, жарық пен әуені, кеңістікті суретке түсіру – адамның табиғатқа қатынасы мен дүние танымының, ойы мен сезімінің сәтті көрініс беруіне тығыз байланысты.

**Фотоплакат** – (нем. франц. – хабарландыру, жарнама) – үгіт-насихат, хабарландыру немесе көрнекі оқу құралы мақсатында түсірілетін мәтіні қысқа, нақты әрі ұтымды сурет. Қазіргі плакаттар фотосуретші түсірген нұсқаны полиграфиялық әдіс арқылы көбейту тәсілімен жасалады. Плакатқа ішінара суретші салған суреттер де қолданыла береді.



**Фотоэтиюд** – (франц. дәлме-дәл – оқып үйрену, жаттығу) фотоәуесқойдың бір затты жете түсіріп меңгеру мақсатымен натурадан орындалатын фотосурет. Фотоэтиюд қоғамның, табиғаттың немесе адамдар арасындағы қарым-қатынастың өзіне тән құбылыстарын көзге түсетін образдар арқылы білдіретін суретті шығарма. Түсіру нысаны, сондай-ақ, оқырмандардың сезіміне тигізетін әсері жағынан фотоэтиюд пейзажға жақын келеді. Негізгі нысандары – табиғат пен тіршіліктің жекелеген көріністері.

**Натюрморт** – “өлі табиғат” деген мағынаны білдіреді, яғни, ол жансыз заттар бейнесі. Мұнда әдетте гүлдер, жемістер, жайылған дастархан, тұрмыста қолданылатын түрлі заттар бейнеленеді. Заттарды жарнамалайтын қазіргі жарнамалар осы натюрморттың элементтерін жиі пайдаланады.

**Интерьер** – бір үйдің не автомобильдің ішкі көрінісін түсірген бейнесі. Фотоға түсірілген немесе салынған суреттің бұл түрлері газет-журнал беттерінде жиі жарияланады. Бұл жанрдың негізгі мақсаты – қала ғимараттарының архитектуралық сұлулығымен оқырмандарды таныстыру. Қазір бұл жанр жарнамада жиі қолданылады.



**Экстерьер** – ғимараттың жалпы сыртқа көрінісі. Жанрдың негізгі мақсаты – жаңадан бой көтерген зәулім үйлер мен мәдениет сарайларын, қаланың өзге де архитектуралық жетістіктерін оқырманға танытып отыру. Экстерьер де интерьер сияқты жарнамада жиі қолданылады.



**Иллюстративтік очерк** әртүрлі жанрда түсірілген суреттер арқылы жасалады. Мұнда көбінесе бір адамның өмірі баяндалады немесе мекеменің жалпы жұмыстары көрсетіледі.



Әрбір суреттің астына мәтін беріледі. Бірнеше фотосуреттер беру арқылы мәтіннің маңызын ашып, мәнін тереңдете түсуге болады.



**Фотоайыптау.** Қандай да бір кемшіліктің ағаттығын нақты көрсету үшін түсірілетін сурет. Фотоайыптау түсірілген сурет пен оның астына жазылған мәтіннен құралады. Мұндай иллюстрациялар кейде мақаламен қоса беріледі.



**Фотомонтаж** белгілі бір сюжетке қатысы бар бірнеше фотографияны немесе салынған суретті монтаждап қырқып, біріктіріп беретін жанр. Мұнда барлық элементтердің біртұтас

етіліп көрсетілуі маңызды. Ол бір оқиғаны көрсету үшін бірнеше суреттерді құрастыру арқылы жасалады.

Фотомонтаж плакаттар, жарнамалар, фотошарждар дайындауда кеңінен қолданылады. Кейде фотомонтажда графикалық материалдар да пайдаланылады. Фотомонтаж механикалық және проекциялық тәсілдермен жасалынады. Бірінші жағдайда фотосуреттерден керекті бейнелерді (немесе




Фотоколлаж

бөліктерді) ойып, қырқып алып, оларды қалың қағаздың бетіне желімдейді; араларына ретушь жасап, фотоға қайта түсіреді. Екінші тәсіл бойынша, фотоқағаздың бетіне фотоұлкейткіштің көмегімен негативтен қажетті бейнелердің проекциясын ретімен түсіріп алу арқылы жасалынады.

**Фотоколлаж** – монтаж сынды жанр. Мұнда да бірнеше суреттер біріктіріліп, белгілі бір мақсатты айқындау үшін жұмсалады. Фотоколлаж ешқандай түсініктемесі қажет етпейді, өйткені онда барлығы да айқын көрініп тұрады. Фотомонтаждан ерекшелігі – суретте саяси астардың басым болатыны.

## 5.2 Суретті иллюстрациялар

**Карикатура** – белгілі бір қоғамдық-саяси құбылыстарға, тұрмыстағы жағдайларға, нақты адамға немесе болған оқиғаларға сын көзімен баға беріп, сықақтайтын не әжуалайтын сурет. Ол көбіне суретшінің саяси көзқарасынан туындайды. Карикатура бір күнде салынғанымен, оның шешімі мен формасы ұзақ ойдан туады.



70-жылдары Қазақстанда Николай Казанцев, Шәміл Ахметбеков, Безелюк, Воеводин сияқты карикатура шеберлері болған. Қазіргі карикатураның еркін Нұразханның шоқтығы биік тұр.

**Шарж.** Есімі елге белгілі кісілердің келбетін ішінара бет әлпетін өзгерту арқылы қағазға әзілдеп көркем образбен бейнелеу өнерін шарж деп атайды. Шарж көбіне сатиралық журналдарда кездеседі. Публицистикада шарж тәсілде фельетонда, памфлетте, эпиграммада қолданылады. К

журналистикасында С.Мекебаевтың шарждары кеңінен тараған.



Достық әзіл. Бұл жанр негізінен карикатураға ұқсас келеді. Мұнда да әсірелеу, сықақтау элементтері кездеседі. Алайда, карикатура достық әзілге сырттай ғана ұқсас болғанымен, достық әзіл ұнамды қаһармандардың ең жақсы қасиеттерін көрсетіп, жеңіл әзіл түрінде бейнелейді. Мұнда әзілдің нысаны бір саланың елге белгілі азаматтары болады. Ал, карикатурада жалпы қоғамға сың айтылады.




Диаграмма – шамалар арасындағы бір-біріне байланысты фактілер мен ұғымдарды графикалық түрде бейнелеп көрсету тәсілдерінің бірі. Мәселен, диаграмма ел экономикасы-ның даму динамикасын газет оқырмандарының көз алдына нақты келтіруіне мүмкіндік береді.



Карталар – саяси, физикалық, климаттық, саяси-әкімшіліктік, т.б. карталардың газеттік фотонұсқасы. Ол көбіне ғылыми-теориялық мақалалармен бірге жарияланады.

Күлдіргі суреттер. Соңғы жылдары газет-журналдарда күлдіргі суреттер анекдоттармен қатар жиі жарияланып жүр. Бұл оқырманның белгілі бір ойды айтпай-ақ тұспалдап түсінуіне, езу тартып, көңіл көтеруіне мүмкіндік беретін жанр.



### Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

Фоторепортаждың басқа иллюстрацияларға қарағанда өзіне тән сипаты. Фоторепортаждың түрлері. Фоторепортажды түсіру әдістері. Фоторепортаждың жанрлық белгілері. Бейнелік суреттер. Фотосуреттеме жанрының алғышарты. Фотосуреттеменің фотоочеркпен жақындастығы. Фотосуреттемедегі суреттер. Бейнелеудегі қысқалық пен ықшамдық. Фотосуреттеме түрлері. Фотосуреттің құжаттық табиғаты. Фотокорреспонденцияның көтерер жүгі. Фотожурналистердің кәсіптік шеберлігі. Фотокорреспонденциядағы ақпараттық суреттеу. Фотокорреспонденцияның өзге ақпараттық жанрлармен ұқсастығы. Портрет – фото өнерінің басты жанры. Адамның түр-сипатын бейнелеу фотопортреттің негізгі белгісі. Дара портрет. Топтасқан портрет. Өндірістік портрет. Фотопейзаждағы құбылыс пен табиғат көрінісі. Фотоплакаттың үгіт-насихатшылық және хабарландырушылық сипаты. Натурадан орындалатын фотосурет. Интерьер және экстерьер. Қазақ карикатуралары. Шарж және достық әзіл. Фотомонтаж және фотоколлаж. Газет сызбалары.

## СӨЖ тапсырмалары

1. Берілген тапсырмаға орай шәкірттердің теориялық дайындықтарын тексеру.

2. Ақпарат жазу қабілеттерін байқау мақсатында жазба жұмысын алу

3. Репортаж жазуға машықтану.

4. Жазбаша репортаж және диктофонға жазылған репортаж үлгілері арқылы жанрдың өзіндік белгілерін байқау

5. Студенттерге белгілі бір рөл белгіленіп беріліп, олардың сұхбат алушы – сұхбат беруші ретінде көрінуіне жағдай жасау.

6. Диктофонмен жұмыс істеу, қойын дәптерді пайдалану әдістерін иегру.

7. Кеңес үкіметі тұсында жазылған есептер мен қазіргі жиындардан жазылған есептер үлгілері таратылып беріліп, олардың айырмашылықтары, нысаналары туралы студенттер ой-пікірлерін тыңдау

8. Газет-журналдардағы корреспонденциялар.

9. Берілген тапсырма бойынша студенттердің өздері газет-журналдардан корреспонденциялардың үлгілерін тауып алып келеді. Семинар пікіржарыс формасында өтеді, әркім өз мысалдарының неге корреспонденция санатына жататынын теориялық тиянақтармен дәлелдейді

10. Мақала жазудың әдістері мен формалары.

11. Семинар диалог формасында өтеді. Берілген сұрақтарға студенттер оқыған теориялық әдебиеттерінен жауаптар келтіреді. Мақала жанрын анықтаудағы теоретиктер пайымдауларындағы өзгешеліктерге тоқталады. Мысалдар келтіреді

12. Көркем шығармаларға, ғылыми және саяси әдебиетке рецензия.

13. Студенттерге көрген спектакльдеріне, оқыған көркем шығармаларына, телевизия хабарларына рецензия жазу тапсырылады. Шағын әрі нақты болуы, тілі көркем де ажарлы болғаны көзделеді.

14. «Түркістан», «Заман-Қазақстан», «Жас Алаш» газеттерінің шолулары. Аталған газеттердегі жеке шолулардың қолтаңбасы, алған тақырыптары, олардың көкейтестілігі туралы сөз қозғауға, жарияланған шолуларға талдау жасатуға ұмтылады. Студенттердің белгілі бір проблема төңірегінде өзіндік ой айтуына ықпал ету

15. Түсіндірме, құбылыс, факт. Студенттер аудиториясына сүйекті факт немесе оқиға ұсынылады. Соған түсіндірме жасау тапсырылады. Ол ауызша немесе жазбаша жүргізіледі

16. Хат – қоғамдық құбылыс. Студенттердің бір бөлігі теориялық дайындықтарын байқатса, екінші бөлігі хат жанры үлгілерін жазбаша меңгереді. Редакцияның хат бөлімі және хаттар категориясы. Жеке бір редакцияның қызметкері шақырылады. Ол хаттарды сұрыптау, оларды бөлімдерге тарату мәселелерін әңгіме етеді.

17. Курстасымның портреті. Шәкірттерге жазбаша өз куртасы туралы портрет жасау тапсырылады. Фонтазия мен қиялға ерік беріледі.

18. Суреттеме мен очеркке барар жол. Студенттер берілген теориялық әдебиеттер бойынша өздерінің ұққандарын, ойға түйгендерін айтады.

19. Эссе туралы түсінік. Шәкірттер қазіргі баспасөзден эссе үлгілерін іздейді, оларды неге эссе санатына жатқызуға болатынын дәлелдейді.

20. Фельетон және фельетонистер. Теориялық дайындықты тексеру

21. Қазақ памфлеті. Теориялық дайындықты тексеру

## ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1 Баспасөз жанры

- а) әңгіме
- б) пьеса
- в) рецензия
- г) баллада
- д) драма

2 Хабарлама жанры

- а) мақала
- б) корреспонденция
- в) фельетон
- г) есеп
- д) очерк

3 Хабарлама жанрына тән негізгі талаптардың бірі

- а) талдамалылық
- б) мазмұндылық
- в) принциптілік
- г) көркемділік
- д) оперативтілік

4 Өмір шындығының нақты фактілері, құбылыстары туралы дәлме-дәл тұжырымды хабарлайтын шағын әрі ыңғайлы жанр

- а) корреспонденция
- б) заметка
- в) есеп
- г) мақала
- д) шолу

5 Дербес тақырып қойылмай, бір айдармен (атаумен) топталып берілетін хабарлама жанрының бір түрі

- а) рецензия
- б) көсемсөз
- в) тектес заметка
- г) дербес заметка
- д) мақала

6 Мәжілістер мен жиындардан жазылатын жанр

- а) сұхбат
- б) мақала
- в) шолу
- г) заметка
- д) есеп

7 Белгілі бір уақыттың ішінде болған оқиғаны ғана қамтып жазатын хабарлама жанр түрі

- а) бас мақала
- б) дербес заметка
- в) тіке есеп
- г) оперативті репортаж
- д) жолсапар очеркі

8 Телеграфтық стильде бірнеше жол түрінде жазылатын есеп жанрының түрі

- а) тіке есеп
- б) кеңейтілген есеп

в) есептің заметка түрі

- г) сот залынан жазылған есеп
- д) спорт есебі

9 Репортаж жазушы адам

- а) журналист
- б) комментатор
- в) тілші
- г) редактор
- д) репортер

10 Газет жанрларын зерттеуші Т.Амандосовтың пікірінше: “заманымыздың елеулі істерінің сипатын көрсететін уақыт шежіресі”

- а) газет
- б) хабарлы жанрлар
- в) бас мақала
- г) журналист
- д) талдамалы жанрлар

11 Теориялық жайларды қозғайтын жанр

- а) рецензия
- б) көсемсөз
- в) эпистолярлық жанрлар
- г) мақала
- д) публицистика

12 Газет жанрларын зерттеуші Т.Қожакеевтің пікірінше: “хабарлы жанрдың жүрегі”

- а) факт
- б) цифр

в) адам

- г) оқиға
- д) объект

13 Мерзімді баспасөздің жалпы жұмысын көрсететін жанр

- а) мақала
- б) рецензия
- в) корреспонденция
- г) заметка
- д) баспасөзге шолу

14 Сұхбат жанрын өнер саласына жатқызған қаламгер

- а) Тауман Амандосов
- б) Назым Хікмет
- в) Темірбек Қожакеев
- г) Шыңғыс Айтматов
- д) Виктория Ученова

15 Коммерциялық мақсатты көздейтін басылымдар

- а) салалық басылымдар
- б) аудандық басылымдар
- в) еларалық басылымдар
- г) “сары басылымдар”
- д) қос тілді басылымдар

16 Жаңалықты ғана хабарлап қоятын жанр

- а) публицистика
- б) рецензия
- в) заметка

- г) мақала
- д) корреспонденция

17 Таяу күндерде болатын мәдени-көпшілік іс-шаралар туралы хабрлап қана қоятын заметка түрі

- а) жарнама
- б) анонс
- в) афиша
- г) хабарландыру
- д) аннотация

18 Баспадан жарық көрген кітап туралы құлақтандыруды мақсат ететін заметка түрі

- а) анонс
- б) жарнама
- в) баспасөз-релиз
- г) аннотация
- д) шағын рецензия

19 Әлдебір оқылған жаңа кітаптан, көрілген жаңа фильмнен, театр премьерасынан алған әсерін қысқа жаңалық түрінде жариялайтын заметка түрі

- а) шағын рецензия
- б) афиша
- в) аннотация
- г) анонс
- д) қысқа есеп

20 Әлдебір белгілі тұлға туралы оқырманға қысқа хабар беруді мақсат ететін заметка түрі

- а) дербес заметка
- б) шарж
- в) карикатура
- г) достық әзіл
- д) блиц-портрет

21 Тағам әзірлеуге, дәрілік өсімдіктерге, үй шаруаларын жүргізуге қатысты түрлі кеңестерді жинақтап басатын заметка түрі

- а) шағын кеңес
- б) дайджест
- в) анонс
- г) тектес заметка
- д) аннотация

22 Заметканың құрылымы болып табылатын сұрақтар тізбегі

- а) Қашан? Не? Қайда?
- б) Не? Қашан? Қайда?
- в) Не? Қайда? Қашан? Неге? Қалай?
- г) Не? Қайда? Қашан? Қалай? Неге?
- д) Не? Қашан? Неге?

23 “Оперативтілік, көкейтестілік, нақтылық, қысқалық, шынайылық”. Бұл талаптар қай жанрға тән?

- а) репортаж
- б) очерк
- в) есеп
- г) заметка
- д) мақала

24 Мәні жағынан бір-біріне ұқсас жанрдар тізбегін табыңыз

- а) заметка – очерк
- б) хабарлы корреспонденция – репортаж
- в) есеп – хат
- г) фельетон – мысал
- д) рецензия – драма

25 Хабарлы сұхбаттың мәнін ашатын сұрақтар тізбегін табыңыз

- а) Кім? Не істеді? Не болды?
- б) Не? Қайда? Қашан?
- в) Неге? Қалай? Мұның мәні неде?
- г) Не үшін? Неге? Не себепті?
- д) Кім? Не? Неге?

26 Талдамалы сұхбаттың мәнін ашатын сұрақтар тізбегін табыңыз

- а) Неге? Қалай? Мұның мәні неде?
- б) Кім? Не істеді? Не болды?

в) Кім? Не? Неге?

г) Не үшін? Неге? Не себепті?

д) Не? Қайда? Қашан?

27 Журналистің бір мәселе туралы бірнеше адамның пікірін тез арада білу мақсатында пайдаланатын хабарлы жанр түрі

- а) әңгімелесу
- б) баспасөз мәслихаты
- в) анкета
- г) блиц-сұрақ
- д) дөңгелек үстел басындағы басқосу

28 Оқырман мен газетті тікелей байланыстыратын хабарлы жанр түрі

- а) тікелей эфир
- б) сұрақ-жауап
- в) сұхбат
- г) анекдот
- д) баспасөз мәслихаты

29 Әдепкі кезде сот мәжілістерінің, парламент дебаттарының, түрлі жиналыстардың барысы туралы оқырманды хабардар етіп отыруды мақсат еткен жанр түрі

- а) есеп
- б) шолу
- в) коментарий



- г) репортаж  
д) очерк
- 30 “Есеп” жанрының алғашқы атауы  
а) “репортаж”  
б) “жолсапар жазбалары”  
в) “жолсапар заметкалары”  
г) “мақала”  
д) “очерктер”
- 31 XIX ғ соңы мен XX ғ басында “репортерлер королі” атанған орыс репортері  
а) В.Шкловский  
б) В.Гиляровский  
в) Е.Прохоров  
г) Т.Беневоленская  
д) С.Гуревич
- 32 Қаза тапқан адамның қысқа өмірбаянымен таныстырып, жарқын бейнесін еске сақтауды мұрат тұтатын хабарлама жанрының түрі  
а) еске алу  
б) көңіл айту  
в) некролог (азанама)  
г) асқа шақыру  
д) мемуар
- 33 Заметка, есеп, сұхбат, репортаж жанрларының жалпы атауы  
а) талдамалы жанрлар  
б) хабарлама жанрлар  
в) көркем-публицистикалық жанрлар  
г) сатиралық жанрлар  
д) эпистолярлық жанрлар
- 34 Парламент мәжілістерінен ізі суымаған оқиғаны жазатын жанр  
а) жолжазба очерк  
б) хат  
в) кеңейтілген есеп  
г) тіке есеп  
д) шолу
- 35 Қазақ диаспорасы проблемаларын көбірек қозғайтын еларалық апталық газет  
а) “Ана тілі”  
б) “Қазақ әдебиеті”  
в) “Қазақстан-Заман”  
г) “Қазақ елі”  
д) “Дала мен қала”
- 36 Корреспонденция, мақала, шолу, рецензия жанрларының жалпы атауы  
а) көркем-публицистикалық жанрлар  
б) хабарлама жанрлары
- в) эпистолярлық жанрлар  
г) сатиралық жанрлар  
д) талдамалы жанрлар
- 37 Баспасөздің идеялық-саяси деңгейін аңғартатын жетекші жанр  
а) мақала  
б) корреспонденция  
в) баспасөзге шолу  
г) публицистика  
д) хат
- 38 Баспасөз жанрларының теориясын зерттеуші ғалым Т.Қожакеевтің пікірінше “жаунгер жанр” болып табылатын газет жанры  
а) памфлет  
б) фельетон  
в) заметка  
г) бас мақала  
д) публицистика
- 39 “Жас Алаш” газетінің заметкаларды топтап жариялайтын айдары  
а) “Ақпараттар ағыны”  
б) “Мезгіл”  
в) “Ақпарат айнасы”  
г) “Елден хабар”  
д) “Алаш-ақпарат”
- 40 Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының мерзімді үні  
а) “Ана тілі”  
б) “Қазақстан-Заман”  
в) “Қазақ елі”  
г) “Шалқар”  
д) “Атамекен”
- 41 Қазақстан Жазушылар одағының үні  
а) “Абай”  
б) “Жалын”  
в) “Ана тілі”  
г) “Қазақ әдебиеті”  
д) “Атамекен”
- 42 “Ана тілі” апталығы шыға бастаған мезгіл  
а) 1921 жылғы наурыздың 22-і  
б) 1991 жылғы наурыздың 22-і  
в) 1990 жылғы наурыздың 22-і  
г) 1993 жылғы мамырдың 10-ы  
д) 1992 жылғы сәуірдің 10-ы
- 43 “Зерде” журналының сипаты  
а) ғылыми-көпшілік  
б) қоғамдық-саяси  
в) көркем-әдеби  
г) сатиралық  
д) ұлттық

- 44 “Қазақская правда” газетінің сипаты және редакторы  
а) қоғамдық-саяси, Нұртөре Жүсіп  
б) тәуелсіз, Алдан Айымбетов  
в) ұлттық, Мұрат Әуезов  
г) саяси, Әуесхан Қодар  
д) ғылыми-көпшілік, Ермұрат Бапи
- 45 “Парасат” журналының бұрынғы атауы  
а) “Қазақстан коммунисті”  
б) “Білім және еңбек”  
в) “Қазақстан пионері”  
г) “Халық кеңесі”  
д) “Мәдениет және тұрмыс”
- 46 “Халық кеңесі” газеті шыққан жылдар  
а) 1992 – 1997  
б) 1994 – 1996  
в) 1993 – 1998  
г) 1990 – 1997  
д) 1991 – әлі шығуда
- 47 “Қазақ елі” газетінің төте жазумен жарық көретін қосымшасы  
а) “Мың бір мезет”  
б) “Атамекен”  
в) “Шалқар”  
г) “Дала мен қала”  
д) “Қазақ тарихы”
- 48 “Ақиқат” журналының бұрынғы атауы  
а) “Халық кеңесі”  
б) “Білім және еңбек”  
в) “Мәдениет және тұрмыс”  
г) “Үгітші”  
д) “Қазақстан коммунисті”
- 49 Қазақстан Мұсылман әйелдері одағының үні  
а) “Ақ босаға”  
б) “Қазақстан әйелдері”  
в) “Ақ желкен”  
г) “Қыз Жібек”  
д) “Адам Ата-Хауа Ана”
- 50 Бас мақаланың түрі  
а) ағымдық  
б) проблемалық  
в) публицистік  
г) талдамалық  
д) оқиғалық
- 51 Газет рецензиясының жазылу формасы  
а) насихаттық  
б) жалпы саясаттық  
в) ғылыми  
г) публицистік  
д) библиографиялық
- 52 Түрлі жанрда құлпыртып жазуға болатын жанр түрі  
а) очерк  
б) репортаж  
в) заметка  
г) баспасөзге шолу  
д) рецензия
- 53 “Кез-келген фактіні сықаққа айналдыруға болады” деген пікірдің авторы  
а) Т.Қожакеев  
б) Ү.Уайдин  
в) М.Әуезов  
г) В.Маяковский  
д) М.Горький
- 54 Жалынды үндеу түрінде жазылатын жанр  
а) фельетон  
б) очерк  
в) памфлет  
г) хат  
д) шолу
- 55 “Зерттеу мен әңгіме арасында жатқан жанр” (М.Горький)  
а) мақала  
б) корреспонденция  
в) репортаж  
г) очерк  
д) фельетон
- 56 Очерктің басты жанрлық белгісі  
а) суреттілік  
б) документтілік  
в) оқиғалылық  
г) оперативтілік  
д) тақырыптылық
- 57 Нақты фактілер жанры  
а) корреспонденция  
б) мақала  
в) шолу  
г) очерк  
д) сұхбат
- 58 Мазмұны “жалқыдан – жалпыға” қарай дамитын талдамалы жанр  
а) сұхбат  
б) корреспонденция  
в) рецензия  
г) мақала  
д) баспасөзге шолу
- 59 Заметканың негізіне жататын форма  
а) бірнеше оқиға, бірнеше құбылыс, бірнеше нысан  
б) бір оқиға, бір құбылыс, бір нысан  
в) оқиға міндетті емес, тек нысан болса болғаны  
г) нысан міндетті емес, тек оқиға болса болғаны  
д) жауаптардың барлығы дұрыс емес
- 60 Жиналыс туралы тұжырымды мағлұмат беретін газет есебінің түрі  
а) тіке есеп  
б) кеңейтілген есеп  
в) суреттеме есеп

- г) спорт есебі
- д) қысқа есеп

61 Мәжілісте қаралған мәселе түгел көрсетіліп, баяндамашы да, сөйлеушілер де тұтастай қамтылатын есеп жанрының түрі

- а) кеңейтілген есеп
- б) тіке есеп
- в) суреттеме есеп
- г) спорт есебі
- д) сот мәжілісінен жазылған есеп

62 XVIII ғасырдың соңында репортаж жазудың шебері атанған орыс жазушысы

- а) И.Крылов
- б) М.Горький
- в) Д.Бедный
- г) Л.Толстой
- д) А.Чехов

63 Корреспонденцияларын репортаж стилінде жазған орыс жазушысы

- а) В.Маяковский
- б) М.Горький
- в) Н.Гоголь
- г) Н.Некрасов
- д) А.Фадеев

64 XVIII ғ соңы мен XX ғ басында “репортаждың да, репортердің де абыройын жұрдай ғып” (Т.Амандосов), оның қоғамдық-әлеуметтік мәнін мүлдем жойып жіберген баспасөздегі ағым

- а) беллетристикалық
- б) символистік
- в) бульварлық
- г) реалистік
- д) романтизм

65 1925 жылы Мәскеудегі баспасөз үйінде баспасөз жанрларының бірі жөнінде екі кешке созылған айтыс өткен. Ол қай жанр?

- а) бас мақала
- б) очерк
- в) памфлет
- г) фельетон
- д) репортаж

66 Белгілі бір нысанды аралау сапарынан туатын репортаж түрі

- а) проблемалық репортаж
- б) оқиғалы репортаж
- в) жол-жөнекей репортаж
- г) оперативті репортаж
- д) суреттеме репортаж

67 Оқиға болған жерде міндетті түрде қатысу арқылы туатын жанр

- а) заметка
- б) корреспонденция
- в) мақала
- г) сұхбат
- д) репортаж

68 “өзгеге онша ұнай қоймаған репортер деген атты мен жарты ғасырдай құрметпен алып жүрдім” деген пікірдің авторы

- а) М.Иманжанов
- б) Б.Бұлқышев
- в) В.Гиляровский
- г) М.Кольцов
- д) К.Смайылов

69 Шығармашылық қызметін алдымен репортерліктен бастаған әйгілі американ жазушысы

- а) Э.Хеменгуей
- б) Ч.Диккенс
- в) Д.Лондон
- г) М.Твен
- д) Б.Шоу

70 Газеттің тапсырмасы бойынша сапарға шығып, кездейсоқ Африканы ашқан репортер

- а) Магеллан
- б) Колумб

- в) Стенли
- г) Кук
- д) Янушкевич

71 Ауызба-ауыз сөйлескен әңгімені бұлжытпай жазып алудан туатын жанр

- а) анекдот
- б) эссе
- в) мысал
- г) сұхбат
- д) репортаж

72 Журналист өзінің кездесуге келген адамымен қандай жағдайда сұхбаттасқанын тәтпіштеп жазатын сұхбат түрі

- а) сұхбат-анкета
- б) сұхбат-әңгіме
- в) сұхбат-суреттеме
- г) сауалнама
- д) сұхбаттың сұрақ-жауап түрі

73 Өмір фактілерін жинақтап, оны жан-жақты талдап зерттеудің және қорытудың нәтижесінде туатын жанр

- а) мақала
- б) очерк
- в) фельетон
- г) корреспонденция
- д) заметка

74 “Корреспонденция – фотосурет емес, көркем сурет” деген пікірдің авторы

- а) М.Горький
- б) М.Әуезов
- в) Б.Бұлқышев
- г) М.Калинин
- д) М.Барманкүлов

75 Фактіні талдап, байыптап, қорытынды шығаратын оперативті жанр

- а) мақала
- б) корреспонденция
- в) заметка
- г) рецензия
- д) шолу

76 Корреспонденция жанрын “хабарлама, суреттеме, талдамалы, сын және мәселе қоятын корреспонденциялар” деп 5 түрге бөлген зерттеуші

- а) Т.Амандосов
- б) Т.Қожакеев
- в) М.Кольцов
- г) В.Бекасов
- д) В.Пельт

77 Суреттеме жанрын корреспонденцияға жатқызған ғалым

- а) В.Ворошилов
- б) В.Пельт
- в) Т.Амандосов

- г) В.Бекасов
- д) Т.Қожакеев

78 Корреспонденцияны түрлерге бөлуге қарсы ғалым

- а) Т.Қожакеев
- б) С.Александров
- в) Т.Амандосов
- г) В.Бекасов
- д) В.Ученова

79 Корреспонденцияның очеркке ұқсас түрі

- а) суреттеме корреспонденция
- б) оперативті корреспонденция
- в) проблемалық корреспонденция
- г) талдамалы корреспонденция
- д) сын корреспонденция

80 Бүгінгі күннің күрделі әлеуметтік мәселелерін, дәуірдің негізгі міндеттерін көтеріңкі үнмен, көркем тілмен жарқын баяндайтын мақала жанрының түрі

- а) насияттық мақала
- б) публицистік мақала
- в) проблемалық мақала
- г) жалпы мақала
- д) ағымдық мақала

81 Ұлы Отан соғысы жылдарында публицистік мақалаларымен жауға қарсы “тас шоқпардай тиген” (Ғ.Мүсірепов) қазақ публицисі

- а) Б.Момышұлы
- б) М.Иманжанов
- в) Қ.Қайсенов
- г) Ә.Шәріпов
- д) Б.Бұлқышев

82 Заман ағымымен баспасөз беттерінен түсіп қалған газет жанры

- а) мысал
- б) мақала
- в) очерк
- г) бас мақала
- д) фельетон

83 Библиография формасында жазылатын баспасөз жанры

- а) заметка
- б) рецензия
- в) мақала
- г) памфлет
- д) очерк

84 Рецензия жазудың формасы болып табылатын “библиографияның” грек тілінен аударғандағы қазақша мағынасы

- а) реттеу
- б) баяндау

- в) тізу
- г) кітап жазу
- д) жинақтау

85 Жарыққа шыққан жаңа кітапты жұртшылыққа таныстыруды мақсат ететін рецензия түрі

- а) мақала-рецензия
- б) әдеби рецензия
- в) шағын рецензия
- г) театр рецензиясы
- д) кеңейтілген рецензия

86 Баспасөз жұмысына көмектесуді көздейтін жанр

- а) фельетон
- б) заметка
- в) рецензия
- г) шолу
- д) репортаж

87 Белгілі бір газет-журнал материалдарының, радио, телевизия хабарларының көріну, өмір сүру формасы

- а) баспасөз
- б) эфир
- в) жанр
- г) баспа
- д) кітап

88 Талдамалы жанрлардың басты белгісі

- а) баяндау
- б) хабарлау

- в) суреттеу
- г) реттеу
- д) талдау

89 Кеңейтілген есептің салтанатты қабылдаулардан жазылатын түрі

- а) қысқа есеп
- б) төте есеп
- в) спорт есебі
- г) есептің заметка түрі
- д) кеңейтілген есеп

90 Зерттеуші Т.Қожакеевтің жіктеуінше “Баспасөз мәслихаты” жататын жанр түрі

- а) заметка
- б) шолу
- в) репортаж
- г) сұхбат
- д) есеп

91 Жанр...

- а) ...газет материалдарының тілдік-стильдік жағынан түрленуі
- б) ...өнер шығармаларының тарихи қалыптасқан түрі
- в) ...шығарманың композициялық құрылымы
- г) ...нақтылы бір мақаланың шағын сипаттамасы
- д) ...белгілі бір сюжетке құрылған шығарма

92 Түрлі көркемдік компоненттердің бір-біріне кірігіп, түрліше құрамда қолданылуы барысында пайда болған баспасөз шығармасының тарихи қалыптасқан түрі

- а) мақала
- б) сюжет
- в) жанр
- г) өқиға
- д) құбылыс

93 Бірінші орыс сыншысы

- а) В.Белинский
- б) Н.Карамзин
- в) Б.Егоров
- г) М.Бахтин
- д) Ю.Тынянов

94 Орыс сыншысы В.Г.Белинскийдің сүйікті жанры

- а) корреспонденция
- б) мысал
- в) пародия
- г) шолу
- д) эссе

95 Әдебиет жайлы жазылған көлемді ғылыми еңбек

- а) роман
- б) резюме
- в) монография
- г) аннотация
- д) автоферат

96 Хабар жанрының басты шарты...

- а) көлемді әрі мазмұнды болуы
- б) тілінің қарабайыр болуы
- в) бір сөйлемнен аспай қысқа жазылуы
- г) көркем тілмен жазылуы
- д) көлемінің шағын болуы

97 Аннотацияның объектісі...

- а) нашар жазылған шығарма
- б) бір ғана шығарма, кітап
- в) бірнеше шығарма, кітап
- г) жаңа қойылым, спектакль
- д) адам

98 Кітап туралы қысқаша сипаттама

- а) алғы сөз
- б) соңғы сөз
- в) аннотация
- г) рецензия
- д) кіріспе

99 Зерттеуші

Т.Амандосовтың пайымдауынша: “рецензияның ең шағын да қысқа түрі”

- а) шолу
- б) театр рецензиясы
- в) әдеби сын
- г) аннотация
- д) шығармашылық портрет

3-тарауды пысықтауға арналған тест тапсырмалары

100 “Еңбекте халық ауыз әдебиеті, оның жанрлық түрлері талданады. Ғашықтық жырлар, батырлар жыры, ертегілер, ауыз әдебиетінің поэзиялық үлгілері жайлы сөз болады”. Келтірілген мысал қай жанр түріне жатады?

- а) заметка
- б) мақала
- в) корреспонденция
- г) шолу
- д) аннотация

101 Жаңа шығып жатқан кітаптармен оқырманын ұдайы таныстырып отыруды мақсат ететін газет-журнал жанры

- а) заметка
- б) қысқа есеп
- в) аннотация
- г) анонс
- д) сұхбат

102 “Сөзіңіздің жоқ жалғаны, есегі, Дауымыз жоқ барлығы да өседі. Сөз өскенмен, айтпақ ойың өспейді,

Мұныңызды оқырман да кешпейді” (“Егемен Қазақстан”, 2-сәуір, 1992).

Келтірілген мысал қай жанр түріне жатады?

- а) шарж
- б) достық әзіл
- в) пародия
- г) мысал
- д) сықақ өлең

103 Хабарлаушылық, ұсынушылық қызметтерімен аннотацияға жақын жанр

- а) пародия
- б) рецензия
- в) заметка
- г) корреспонденция
- д) есеп

104 “Қапа жамылып, қайғы жұтып тұрған кезде жазған ғой. Кейбір уәзіндері бірден бір қысқа, ойнақы емес, оқушының арбасы сөзбен жүргендей ауырланып шығарлық” (“Айқап”, N17, 1913).

Келтірілген мысал қай жанр түріне жатады?

- а) заметка
- б) корреспонденция
- в) мақала
- г) шолу
- д) рецензия

105 Жаңа шыққан кітапты жақсы болса, үгіттеу, насихаттау, нашар болса, оқырмандарды сақтандыру мақсатын көздейтін жанр түрі

- а) баспасөзге шолу
- б) мақала
- в) фельетон
- г) мысал
- д) рецензия

106 Публицистикалық сипат алып, үгітшілік қызметі алдыңғы орынға шыққан төмендегі мысал қай жанрда жазылған туындыдан алынды?:

“Жол, өнеге көрсетпек түгіл, бұл кітап һәм өзге адамға да жарамды емес” (“Дала уалаятының газеті”, №40, 1894)

- а) пародия
- б) рецензия
- в) шарж
- г) памфлет
- д) фельетон

107 Әдетте жаңа кітап туралы хабардан, оны талдаудан, бағалаудан, ең соңында ұсынысқа ұласатын негізгі тұжырымнан тұратын талдамалы жанр түрі

- а) баспасөзге шолу
- б) мақала

- в) рецензия
- г) хат
- д) эссе

108 Сипаты жағынан бір-біріне ұқсас жанрлар тізбегін көрсетіңіз

- а) рецензия – мақала
- б) сұхбат – хат
- в) заметка – мақала
- г) шарж – корреспонденция
- д) баспасөзге шолу – пародия

109 Қоғамдық-әлеуметтік құбылыстар мен оқиғаларды зерттеп, талдау және оларды жинақтау негізінде нақты идея мен ой-пікірді насихаттайтын немес оларды оларды жүзеге асыруға үн тастайтын талдамалы жанр түрі

- а) корреспонденция
- б) есеп
- в) рецензия
- г) мақала
- д) шолу

110 Мақала...

- а) ...тілші мен кейіпкердің әңгімелесуі негізінде жазылады
- б) ...әлеуметтік ой-пікірдің негізінде жазылады
- в) ...жаңа шыққан кітапқа баға беру негізінде жазылады

г) ...болған оқиғаны оқырманға дер кезінде жеткізу мақсатында жазылады

д) ...оқиға мен құбыдысты оперативті жеткізу мақсатында жазылады

111 Үлкен теориялық қағидаларға, жалпы бағыт-бағдарға байланысты жазылатын жанр

- а) памфлет
- б) шолу
- в) мақала
- г) корреспонденция
- д) публицистік полемика

112 Мақала жанрына тән белгілердің бірін көрсетіңіз

- а) қысқалық, нақтылық, оперативтілік
- б) библиографиялық стильде жазылуы
- в) телеграфтық стильде жазылуы
- г) авторлық пікірдің, түйіннің, ұсыныстың бірінші қатарда тұруы
- д) тілші мен кейіпкер арасындағы әңгіменің барысында жазылуы

113 Корреспонденцияның талдау болмайтын жанрлық тобы

- а) талдама корреспонденциялар
- б) жағымды корреспонденциялар
- в) хабарлама корреспонденциялар
- г) сын корреспонденциялар
- д) оперативті корреспонденциялар

114 Ойды жалпыдан жалқыға қарай өрбітетін жанр

- а) мақала
- б) корреспонденция
- в) сұхбат
- г) шолу
- д) рецензия

115 Ойды жалқыдан жалпыға қарай өрбітетін жанр

- а) сұхбат
- б) мақала
- в) есеп
- г) корреспонденция
- д) заметка

116 Нысаны, тақырыбы, фактісі күні бұрын белгілі бола қоймайтын жанр

- а) саяси портрет
- б) кеңейтілген хабар
- в) сұхбат

- г) шолу
- д) фельетон

117 Публицистиканың пафосын, көркем әдебиеттің бейнелі тілін, сатира мен юмордың күлкі-уытын бірдей талап ететін жанр

- а) очерк
- б) рецензия
- в) суреттеме
- г) саяси портрет
- д) фельетон

118 Сатиралық жанрлардың ішінде әртүрлі жанрда құбылтып жазуға икемді жанр түрі

- а) шарж
- б) фельетон
- в) мысал
- г) пародия
- д) достық әзіл

119 Поэзия түрінде де, проза түрінде де, драма түрінде де жазуға болатын жанр

- а) пародия
- б) рецензия
- в) саяси портрет
- г) эссе
- д) фельетон

120 Алғашқы кезде “үшпа листок” түрінде тараған жанр

- а) афиша
- б) анонс
- в) аннотация
- г) памфлет
- д) хат

121 Бүтін бір қоғамдық құрылысты, идеологиялық жүйені негізге алып жазатын жанр

